

**ЕУРОПА ЖӘНЕ АМЕРИКА ЕЛДЕРІНІҢ
ЖАҢА ЖӘНЕ ҚАЗІРГІ ЗАМАН ТАРИХЫ
1640-2019 ЖЖ.
(Дәрістер курсы)**

**1-дәріс. Еуропа және Америка елдерінің жаңа және қазіргі
заман тарихы курсына кіріспе**

1. Пәннің мақсаты мен міндеттері
2. Жаңа заман тарихының Еуропа тарихында алатын орны мен маңызы
3. Еуропа және Америка елдерінің жаңа тарихының хронологиялық шеңбері мен кезеңдері

Еуропа және Америка елдерінің жаңа және қазіргі заман тарихы пәнінің *мақсаты* - тарих мамандығы бойынша оқитын студенттерге капиталистік қатынастар пайда болуынан бастап - ХХІ ғасырдың басындағы Еуропа және Америка елдерінде орын алған елеулі өзгерістер және тарихи оқиғалар туралы сипаттама беруге және танып-білуге мүмкіндік береді. Студенттер дүние жүзіндегі жетекші елдердің ішкі және сыртқы саясаттарында орын алған принциптік өзгерістер, экономика мен халықаралық қатынастардағы, жалпы қоғам өміріндегі жаңа құбылыстар мен тенденциялар туралы мағлұмат алады. Бұл курсты оқу барысында студенттер жаңа және қазіргі замандағы орын алған елеулі оқиғалар, жекелеген елдердің қоғамдық, саяси өміріндегі өзгерістер мен саяси-экономикалық даму тенденциялары, дамыған капиталистік державалардың біріншілік үшін ұмтылысы, дүниені қайта бөлісу үшін болған І-ші және ІІ- дүниежүзілік соғыстар, дүниежүзілік халықаралық қатынастардың басты мәселелері туралы мағлұматтар алады.

Дәріс курсының *методологиялық негізі* - Еуропа және Америка елдерінің жаңа және қазіргі заман тарихын оқыту мен тарихқа жүйелі көзқарас қалыптастыру болып табылады, бұл зерттелетін проблематиканы ХV ғасырдан бастап индустриалдық және постиндустриялық қоғамның қалыптасу тарихы, эволюциясы, халықаралық қатынастардың Вестфаль жүйесінің қалыптасуынан – «қырғи-қабақ соғыс» аяқталғаннан кейінгі халықаралық қатынастардың жаңа жүйесінің пайда болуына дейін қарастыруға мүмкіндік береді.

Дәріс курсының *міндеті* - тарихи үрдістің заңдылықтарын анықтау, жаңа және қазіргі заманның хронологиялық кезеңіне сәйкес Ұлы жағрафиялық ашуларынан бастап - ХХІ ғасырдың басына дейінгі кезеңді қамтитын Еуропа және Америка елдеріне ортақ мәселелер мен үрдістерді талдау болып табылады. Жаңа және қазіргі заман тарихының кез-келген кезеңіндегі тарихи

процестің біртұтастылығы мен оның заңдылықтарын, негізгі елдер мен аймақтардың даму ерекшеліктері туралы көзқарас қалыптастыру.

Дәрісті дайындау барысында XX ғасырдың басында қуатты елдер қатарында болған Германия, Франция, Ұлыбритания, Америка Құрама Штаттары, Италия және Ресей сияқты елдердің ішкі саяси дамуын, экономикалық жағдайын, әлеуметтік саладағы жетістіктері мен кемшіліктерін, сыртқы саясаттағы бағыт-бағдарын, осы елдердің өзара қарым-қатынастарында жалпыға бірдей болған үрдістер мен мәселелерді айқындауда көптеген тарихи зерттеулер мен құжаттарға, ғылыми әдебиеттерге сүйендік. Дәріс қорысында Еуропа және Америка елдерінің қазіргі заман тарихы кезеңіне, яғни 1945–2019 жылдардағы Еуропаның жетекші елдеріндегі және АҚШ мемлекетіндегі аса маңызды саяси және әлеуметтік-экономикалық мәселелерге жан-жақты сараптама жасау мақсаты қойылған.

Сонымен қатар курс барысында студенттер, Еуропа және Америка елдерінің жаңа және қазіргі заман тарихына қатысты негізгі тірек сөздері мен терминдермен таныстырылады.

Жаңа заман тарихының Еуропа тарихында алатын орны мен маңызы. Еуропа үшін жаңа заман (XV - XIX ғасырлар) қоғам дамуындағы маңызды тарихи кезең болып саналады. Бұл дәуірдің әр ғасыры тарихи оқиғаларға, мәдени төңкерістерге толы. Жаңа заман - өнеркәсіптік өркениеттің қарыштап алға басып, қоғамның барлық салаларында түбегейлі өзгерістердің белең алғандарға байланысты жаңа сипатқа, жаңа мазмұнға ие болды. Ғылымның дамуына еркіндіктің берілуі қоғамдық сананы жаңа сатыға көтерді. Қоғамдық өмірдің барлық салаларында жетекші орынға ие бола бастаған ғылым - адамдардың нәсіліне, ұлтына, табына қарамастан халықтың рухани дүниесін байытуда айтарлықтай рөл атқарды. Мемлекет тарапынан жасалынған үлкен қамқорлықтың арқасында XVII ғасыр ғылыми революцияның даму қарқыны өте жоғары болды. Ғылыми революция математика және механика саласында басталды да, басқа ғылым салаларындағы ғылыми жаңалықтармен жалғасты. XVII ғасыр ғылыми революция — адамзат баласының өзін қоршаған дүниені танып-білуге деген құлшынысының жемісі болды. Ғылымның қарышты қадаммен алға басуы және оның қоғамдық өмірдің барлық саласына біртіндеп кіре бастауы рационализмнің қалыптасу процесін аяқтауға мүмкіндік берді. Рационализм жаңа заман адамының өмірі мен бет-бейнесін жан-жақты айқындай отырып, халық санасынан еркін орын алды. Рационализм қоғамдағы орын алған тарихи жағдайларды ескере отырып, христиан дінінің католиктік тармағымен, оның дүниені құдайдың жаратқандығы туралы ілімімен де санасып отырды.

Олай болса, жаңа еуропалық сана мен буржуазиялық мәдениет таза атеистік сипатта болмағандығын аңғарамыз. Христиан діні мен шіркеулер Реформацияға (XVI ғасыр) дейін де, Реформациядан кейін де өз беделін жойған жоқ, қайта олардың қоғамдық, саяси және рухани өмірдегі рөлі бұрынғыдан артпаса, мүлде кеміген жоқ, қайта христиан діні өз өрісін бұрынғыдан да кеңейтіп азаматтық, мемлекеттік өмір салаларына кеңінен

араласты. XVII ғасырда Еуропа — жаңа өмір жолына түскен жас Еуропа болатын. Бұл жол — өткен ғасырлардың бай тәжірибесін ой елегінен өткізіп сарапқа салу жолы болды. Бұл тарихи жолда орта ғасырлар кезеңіндегі мәдени құндылықтарды ғана емес, жалпы адамзат баласының сонау көне заманнан бергі жинақтаған рухани байлығын игерумен қатар, сол бір баға жетпес мәдени дәстүрлерді жаңа заман талабына сай қайта жаңғырту сияқты игі мақсаттар жүзеге асырылды. Көне заман мен жаңа заманның арасында қаншама уақыт өтсе де олардың өзара сабақтастығы өмірлік сипат алды. Ойымыз дәлелді болу үшін, ғылым саласындағы әр заман өкілдерінің бізді қоршаған дүние жайындағы ой-толғамдарын қарастырып көрейікші. Шындығында да, жаңа заманның философы, әрі математигі Лейбниц (1646-1710) пен көне дәуірдің философы, әрі математигі Пифагордың (б.з.б. VI ғасырлар) дүниеге қатысты ғылыми көзқарастарының бірдей болып шығуын қалай түсіндіруге болады? Екі ғұлама да әлемді өзара тығыз байланыстағы біртұтас организм деп қарастырады. Лейбництің философиясында «айқындалған үндестік» теориясы басты орын алады. Бұл теория — діни-теологиялық, гуманистік және эстетикалық мазмұнға бай жан-жақты теория болып саналды. «Айқындалған үндестік» теориясын - замана талабы, қоғамдық сана-сезім және халықтық түсінік тұрғысынан қарастыратын болсақ; бұл-құдайтағаланың даналығына шексіз сенім болса, ал рухани тұрғыдан қарастырсақ, бұл — өнер атаулыны (мысалы, Бахтың музыкасын немесе классицизм стиліндегі өнер туындыларын және т.б.) бүкіл жан-дүниенімен қабылдау болып табылады.

Жаңа заманда еуропалықтардың күш-жігері табиғатты меңгеруге жұмсалды, сондықтан да болар XVII ғасырда ғалымдарының басты назары табиғат құбылыстарын ғылыми тұрғыдан зерттеуге бағытталды. Сонымен қатар XVI—XVII ғасырлар қалыптасқан ұлттық, мемлекеттік, экономикалық және саяси қарым-қатынастардың негізінде философиялық, әлеуметтік және саяси-құқықтық теориялар өмірге келді. Олардың авторлары ғасыр ойшылдары: Гоббс, Локк, Спиноза, Гроций және т.б. болды.

Жоғарыда атап өткеніміздей, бұл дәуірде әлем техникаландырыла бастады, табыс пен байлыққа ұмтылыс бұрын-сонды болмаған қарқынға ие болды, капитал күшіне енді. Ең бастысы - ғасырлар бойғы қалыптасқан өмір салтының бұзылуы адамдардың санасын өзгертіп, жалпы мәдениеттің дамуына өз ықпалын тигізді. Сондықтан да болар, қоғамда қандай терең өзгерістер жүзеге асырылса да, жаңа заман мәдениеті өзінің тар шеңберінен толық шыға алмады. Оның үстіне Еуропалық өркениеттің алға басуы дүние жүзінің басқа да халықтарын, соның ішінде көне мәдениеттің ошағы болған ұлы халықтарды (Үндістан, Қытай, Мексика және т.б.) ашықтан-ашық тонау есебімен жүзеге асырылды. Өркөкірек еуропалықтар өздерінің өркениетті-мәдениетті елдерге айналуына тікелей әсер еткен бұл мемлекеттердің мәдени ықпалын тез арада ұмытып кетті. Еуропалықтар «ұлы географиялық ашулар заманын» басынан кешірді, жаңа жерлерді игерді, талай мемлекеттерді экономикалық тәуелділікте ұстады. Бірақ, өкінішке орай, олар жаңа жерлерді

игергенмен, халықтардың рухани байлығын игеруді қажет деп санамады. Демек, жаңа еуропалық мәдениетті бір жақты қарастыруға болмайды. Оның шоқтығы биік мәдениет екендігін мойындай отырып, оның қарама-қайшылықтарын, ақтаңдақтарын да шындық тұрғысынан көрсете білуіміз қажет.

Еуропа және Америка елдерінің жаңа және қазіргі заман тарихының негізгі мәселелерін қарастырғанда негізгі методологиялық мәселе болатын - Еуропа және Америка елдерінің жаңа және қазіргі заман тарихының кезеңделуі. Ұсынылып отырған дәрісімізде біз мынадай кезеңдеуге негізделдік:

1. XV ғ. - 1870 жж. қамтитын *Еуропа және Америка елдерінің жаңа тарихының бірінші кезеңі*. Бұл кезеңнің негізгі оқиғалары: халықаралық қатынастардың Вестфальдік жүйесінің құрылуы, XVII – XVIII ғғ. алғашқы буржуазиялық революциялар: Ағылшын буржуазиялық революциясы, өнеркәсіп төңкерісі, солтүстікамерикандық революция және Америка Құрама Штаттарының (АҚШ-ның) құрылуы, Ұлы француз буржуазиялық революциясы, Франциядағы Консулдық пен Бірінші империя, наполеондық соғыстар, 1815 ж. Вена конгресі және Еуропаның саяси картасының қайта құрылуы, халықаралық қатынастардың Веналық жүйесінің құрылуы, АҚШ-ғы Азаматтық соғыс, Италия мен Германияның бірігуі, халықаралық жұмысшы қозғалысының пайда болуы, марксизм ілімінің қалыптасуы және Халықаралық Жұмысшылар Серіктігінің – I Интернационалдың пайда болуы.

2. 1870 жж.- 1914 жж. қамтитын *Еуропа және Америка елдерінің жаңа тарихының екінші кезеңі*. Бұл кезеңнің негізгі оқиғалары: Франция - Пруссия соғысы және Германияның бірігуінің аяқталып Герман империясының құрылуы, 1870-1890 жж. жетекші еуропалық және Америка мемлекеттерінің әлеуметтік-экономикалық және саяси дамуының ерекшеліктері, капитализмнің өзінің жоғарғы сатысы -империализмге аяқ басуы және оның белгілерінің жекелеген елдердің әлеуметтік-экономикалық және саяси дамуында көрініс табуы, социалистік қозғалыстың пайда болуы және дамуы, империализм дәуіріндегі мемлекеттердің бөлінген әлемді қайта бөліске салу үшін күресі және 1914-1918 жж. Бірінші дүниежүзілік соғыстың туындауы.

Еуропа мен Америка елдерінің саяси-экономикалық дамуының қазіргі заман тарихындағы бірінші бөлігінің өзін саяси және әлеуметтік-экономикалық жағдайларға байланысты төрт кезең шеңберінде қарастырамыз. Бірінші кезең барысында (1918–1920 жылдардың аяғы) халықаралық қатынастардың Версаль-Вашингтондық жүйесі құрылды, мандаттық жүйе қалыптасты.

1924-1929 жж. қамтитын екінші кезеңде, капитализмнің салыстырмалы тұрақты даму кезеңінде, Еуропа және Америка елдері Бірінші дүниежүзілік соғыстан кейінгі қирап қалған экономикаларын қалпына келтірді, капиталистік елдер мен тарихтағы алғашқы социалистік мемлекет- КСРО арасында бейбіт өмір сүру дәуірі басталды, пацифисттік идеялар таралды.

1929-1933 жж., әлемдік экономикалық дағдарысы жылдарын қамтитын үшінші кезеңде, барлық мемлекеттер бұл дағдарыстан шығу жолдарын іздестіре бастады, фашизм туындады, жекелеген елдерде авторитарлық, тоталитарлық режимдер орнады.

1933-1939 жж. қамтитын төртінші кезеңде Еуропа мен Азияда соғыс ошақтары пайда болды, Италия, Германия, Жапонияда билік басына келген фашисттік режимдер дүниені қайта бөлісу үшін соғысқа дайындық жүргізе бастады, соның нәтижесінде 1939-1945 жж. Екінші дүниежүзілік соғыстың алғышарттары қалыптаса бастады.

Еуропа мен Америка елдерінің саяси-экономикалық дамуының қазіргі заман тарихындағы екінші бөлігінің өзін саяси және әлеуметтік-экономикалық жағдайларға байланысты төрт кезең шеңберінде қарастырамыз.

Бірінші кезең барысында (1945–1950 жылдардың аяғы) ғылыми-техникалық революцияның алғашқы қадамдарын, капиталистік елдердегі мемлекеттік реттеу жүйесінің қалыптасуы, Орталық және Оңтүстік-Шығыс Еуропадағы халықтық-демократиялық революциялар және Кеңестер Одағының басшылығымен әлемдік социалистік жүйенің қалыптасуы, отарлық жүйенің ыдырауының басталуы және ірі екі держава АҚШ пен КСРО арасындағы «қырғи-қабақ соғысының» тұтануы жаңа халықаралық қатынастар жүйесінде «қосполярлы әлемді» құрды.

Екінші кезеңінде (50-жылдардың аяғы – 70-жылдардың ортасы) капиталистік елдерде индустриалды қоғамның қалыптасуы, интеграциялық үрдістердің өрістеуі, отарлық жүйенің күйреуі және әлемдік саясатқа бұрынғы отарлық «шет аймақтардағы» жас тәуелсіз мемлекеттердің араласа бастауы көрініс тапты.

Үшінші кезең (70-жылдардың ортасы – 80-жылдардың аяғы) әлемдік капиталистік шаруашылықтың құрылымдық дағдарысымен сипатталса, социалистік елдер үшін ҒТР-дің жаңа кезеңіне бейімделе алмағандықтан, бұл кезең тоқырау мен дағдарыс үрдісінің шиеленісуіне әкелді, ақыр аяғында Еуропадағы, оның ішінде КСРО-дағы социалистік жүйе құлады, бұл «қырғиқабақ» соғысының аяқталуына және халықаралық қатынастардағы «қосполярлы әлемнің» жойылуына әкелді.

Төртінші кезең (XX ғасырдың 90-жылдары) ақпараттық және технологиялық революция ретінде ҒТР-дің одан әрі дамуымен сипатталады, жетекші капиталистік елдерде ақпараттық қоғамның қалыптасуымен, ал Орталық және Шығыс Еуропаның бұрынғы социалистік елдері мен КСРО аумағында пайда болған жаңа тәуелсіз елдер үшін нарықтық экономикаға, демократиялық тәртіпке өтуімен сипатталады.

Әлем елдерінің қазіргі заман тарихының екінші бөлігін оқып білу XX ғасырдың ортасынан бүгінгі күнге дейін Жер шарында қандай ұлы өзгерістердің болғанын түсінуге, саяси жүйелердің ауыспалы екендігін ұғынуға мүмкіндік туғызады.

Еуропа және Америка елдерінің қазіргі заман тарихы кезеңін қарастыру барысында адамзаттың тарихи даму заңдылығы бір орында тұрмайтындығына, жаңа өзгерістерге толы екендігіне көз жеткіземіз.

Қазіргі заман тарихы кезеңіндегі жаңа еуропалық өркениетке *мынадай белгілер тән болды:*

- плюрализм, төзімділік және жеке тұлғаның басымдықтарын, оның бостандықтарын; меншік пен кәсіпкерліктің құқықтарын, мүдделерін жалпыға бірдей тану;
- тап күресін, қоғамның капиталисттерге (өндіріс құралдары мен меншік иелеріне) мен жалдамалы жұмысшыларға бөлінуін мойындау;
- мемлекеттілігі мен өнеркәсіптік өндірісі бар сыныптар мен сословиялардың симбиозы ретінде ұлттардың пайда болуын қабылдау;
- адамдардың табиғатқа қатысты басымдылығы оның ресурстарын барынша пайдалану болды, бұл антропогендік және техногенді бұзылудың бастауы болды;
- ғылымның дамуы қоғам дамуының органикалық бөлігіне айналды (ҒТР - ғылыми-техникалық революция);
- әлсіз халықтардың бағынуы және олардың табиғи байлықтары мен адами ресурстарын пайдалану, бұл бірте-бірте отаршылдық пен империализм идеологиясында орнығуы.

Тақырып бойынша бақылау сұрақтары:

1. Еуропа және Америка елдерінің жаңа және қазіргі заман тарихы пәнінің мақсатын атаңыз?
2. Еуропа және Америка елдерінің жаңа және қазіргі заман тарихы пәнінің міндеті не?
3. Жаңа заман тарихының Еуропа тарихында алатын орны мен маңызын қалай түсінесіз?
4. Еуропа және Америка елдерінің жаңа және қазіргі заман тарихы қай уақыт аралығын қамтиды?
5. Еуропа және Америка елдерінің жаңа және қазіргі заман тарихы қандай кезеңдерге бөлінеді?
6. Қазіргі заман тарихы кезеңіндегі жаңа еуропалық өркениетке қандай белгілер тән болды?
7. Буржуазиялық революциялар сипаты қандай?

2-дәріс. XVII ғ. Ағылшын буржуазиялық революциясы.

1. XVII ғасырдағы ағылшын буржуазиялық революциясының себептері
2. Революцияның барысы мен нәтижелері
3. XVIII ғ. Англиядағы конституциялық монархия

VII – XVIII ғғ. алғашқы буржуазиялық революциялардың себептері мен сипаты. Феодалдық жүйенің ірі халықаралық орталығы римдік католик шіркеуі болған еді. Ішкі қайшылықтар мен соғыстарға қарамастан, ол бүкіл Батыс Еуропаны саяси жағынан біртұтас етіп біріктіріп отырды. Шіркеу феодалдық құрылысты құдайдың тәртібі деп қасиеттеп қорғаштады. Өйткені шіркеу барлық католиктік елдерде ірі феодалдар қатарына жатты. Оның қоғамдығы рөлі де күшті болды. Ғылым мен білім, мәдениет пен салт-дәстүр діни идеология арасындағы рух қоршауында еді. Сондықтан XVII – XVIII ғасырлардағы буржуазиялық революциялар діни бүлік сипатында болды.

Абсолютизмге және шіркеуге қарсы ұрандарды Батыс Еуропада университеттер мен саудагер – кәсіпкерлер көтерді. Буржуазия барлық жерде қолөнершілер мен жұмысшыларды күреске бастады.

Қандай да болсын буржуазиялық революцияның табысты болуы сол кездегі халықтың басым көпшілігі - шаруалардың қатысуына байланысты. Шаруалар не үшін және неге қарсы күресті? Олардың күресі діни, саяси емес, әлеуметтік сипат алып, жер үшін жүргізілді. Шаруалар басыбайлықтың қандай да болсын түріне қарсы көтерілді, олар жер иелену құқығы үшін, феодалдық міндеткерліктер мен шіркеудің ондық салығын жою үшін күресті. Күрес барысында шаруалар мырзалар зорлықпен тартып алған қоғамдық жерлерді: шабындық пен жайылымдарды, ормандар мен т.б. жерлерді қайтарып алуға тырысты. Түптеп келгенде шаруалар буржуазиялық революция арқылы дворяндар мен дін басылардың сословиелік өктемдігін жоюға ұмтылды. Яғни, негізгі мәселе азаматтық теңдік орнату еді.

Буржуазия мұндай көсемдікке қалай ие болды? Мәселе мынада еді. Буржуазиялық революциялар дәуірінде феодалдар мен буржуазия қарама – қайшылықтарымен қатар ол кездегі қоғамда қанаушы мен қаналушылар, бай арамтамақтар мен кедей еңбеккерлер арасындағы шиеленіс ерекше көзге түсетін еді.

Сонымен, қорыта айтқанда, буржуазиялық революцияда қозғаушы күш қала қолөнершілері мен еңбеккерлері, ал олардың басты одақтасы және жауынгер армиясы шаруалар болды.

XVII-XVIII ғасырлардағы революциялар ақиқат мазмұны бойынша буржуазиялық болды және сол жүзжылдықтардағы қызу әрекеттердің барлығы негізінен қоғамның феодализмнен буржуазиялық қатынастарға көшуіне байланысты.

XVII ғ. басына таман Англиядағы корольдік билік заманы кеткен феодалдық-абсолюттік биліктің тірегі болса, экономикалық және әлеуметтік тұрғыдан күшейіп алған буржуазия және жаңа дворяндар өз өз мүдделеріне сай үкіметтік саясатты бағыттап отырғысы келді. Ағылшын парламентінің төменгі палатасы – қауымдар палатасы олардың өз мақсатына жетуіне дайын саяси құралға айналды.

I Елизавета Тюдор билеген кезде басталған әулет пен парламент арасындағы күрес, I Карл Стюарт билеу кезінде 1629 жылы парламенттің

таратылуына, ал 1640 жылы ол «Ұлы бүлік» деп аталған буржуазиялық революцияға әкелді.

Ағылшын буржуазиялық революциясының тарихын төрт кезеңге бөледі:

- конституциялық кезең (1640-1642 жж.);
- бірінші азамат соғысы кезеңі (1642-1646 жж.);
- революцияның демократиялық мазмұнын тереңдету үшін күрес және екінші азамат соғысы кезеңі (1646-1649 жж.);
- индипенденттік республика кезеңі (1649-1653 жж.).

Оппозицияның абсолютизмге қарсы күресінде идеологиялық қаруы болған - кең қоғамдық діни-саяси қозғалыс – пуританизм болды. Пуритандық қозғалыстың әлеуметтік-саяси құрамы мен діни көзқарастарының күрделілігі, революцияның қарсаңы мен оның барысында, бұл шептің ішінде үш басты саяси ағымның қалыптасуына әкелді:

- *пресвитериандардың*, олардың қатарында ірі буржуазия және жер аристократиясы болды. Олардың талабы болған -корольдің еркіндіктерін шектеу және корольдің күшті билігі бар конституциялық монархияны орнату;
- негізіннен орта және ұсақ дворяндар мен қала буржуазиясының орта топтарының мүдделерін қорғайтын *индипенденттердің*. Олар шектеулі конституциялық монархияны орнатуға, бодандардың ажырамас құқықтары мен бостандықтарын мойындауға және жариялауға қол жеткізгісі келді;
- индипенденттік қозғалыстан бөлініп шыққан және шаруалар мен көлөнершілердің қолдауына ие болған *левеллерлерден*. Левеллерлер халық егемендігі, жаппай теңдік идеясын жариялады, олар республиканы жариялады, ерлерге жаппай сайлау құқын беруді, қоршап алынған жерлерді қауымдарға қайтадан қайтарып беруді, жалпы құқық жүйесін реформалауды талап етті.

Революцияның басталуына серпіліс берген Англияның 1639 жылғы ағылшын-шотландық соғысындағы жеңілісі. Тоқтамай болып жатқан шаруалар және қала көтерілістері, қаржының болмауы, тек бұқара халық емес, финансисттер мен көпестер арасындағы наразылықтың өсуі, монархияның жағдайын қатты нашарлатып, I Карлды жаңа парламентті шақыруға мәжбүрледі. 1640 жылдың 3 қарашасынан - 1653 жылдың 20 сәуіріне дейін қызмет атқарған, тарихқа «Ұзақ парламент» атағымен кірген, осы парламенттің шақырылуынан бастап, 1640-1642 жылдарды қамтыған, революцияның конституциялық кезеңі басталады.

Ұзақ парламент үш негізгі актті қабылдады:

- корольдің еркіне қарамастан әрбір үш жыл сайын Парламент шақы – руды көздейтін «үш жылдық акт»;
- оның рұқсатысыз Парламентті таратуға болмайтыны туралы билль;
- буржуазия мен жаңа дворяндардың мүддесін қорғаған, 204 баптан тұратын әулеттің елге жасаған қиянаттарының тізімі жарияланған «Ұлы Ремонстрация» атты құжат. Оның негізін құрған - жерге жеке меншік құқығын қамтамасыз ету және жылжымалы мүлікке әулеттің қолын сұғудан қорғау, кәсіпкерлік қызмет пен сауданың еркіндігін жариялау, діни қудалау мен әулет

тарапынан болатын финанстық озбырлықтан сақтау, барлық лауазымды адамдардың парламент алдында есепті болу сияқты мәселелер; сонымен қатар онда шіркеуді реформалау талабы да болды.

Ұзақ парламент абсолютизмнің негізгі құралдарын жойды:

- «Жұлдызды палата» және «Жоғарғы комиссия» сияқты төтенше корольдік соттарды;
- барлық монопольдік патенттер және артықшылықтарды, ал олардың иелерін парламенттен аластатты;
- корольдің ең жақын кеңесшілерін сотқа тартып, өлім жазасына кесті.

Ұзақ парламент қабылдаған құжаттар корольдік билікті шектеп, конституциялық монархияның орнауына септігін тигізді. Бірақта парламентте үстемдікке ие болған пресвитериандар (лендлордтар және ірі буржуазия), революцияның тереңдеуінен сескенді, сондықтан 1642 жылдың күзіне таман саяси жанжал әскери қақтығысқа сайыды.

1642 жылдың жазының аяғына таман король парламентке соғыс жариялады. Сөйтіп, корольді жақтаған роялисттер («кавалерлер») мен парламентті жақтаған «домалақ бастылар» арасында бірінші азамат соғысы басталды. Екі жақ та тұрақты армияларды құрды.

Пресвитериандардың жүргізген шешімсіз саясаты, бірінші шайқастың өзінде-ақ парламенттік армияның жеңілуіне әкелді. Осы оқиғадан кейін парламенттегі әскери басшылық Оливер Кромвель басқарған индипенденттердің қолына көшті.

1645 жылдың қысында парламент қабылдаған «Жаңа үлгідегі ордонансқа» сәйкес жаңа парламенттік армия құрылды және оны үкімет қаржылайтын болды. Әскердің қатардағы құрамы еркін шаруалар және қолөнершілерден жасақталатын болды. Офицерлік лауазымдар шығу тегіне қарамастан қабылеттері бойынша ауыстырылды. 1645 жылдың жазында қайта құрылған парламенттік әскер корольдік әскерлерді талқандады. 1646 жылдың аяғына таман бірінші азамат соғысы парламенттің жеңісімен аяқталды.

Пресвитериандық парламент үшін революция аяқталған еді. Оларға, корольмен бірігіп елді басқаратын, парламенттің үстемдігі орнаған конституциялық монархия үлгісіндегі саяси жүйе қолайлы еді. Джентри және буржуазия корольдік әскерлерді талқандағаннан кейін революция негізіннен аяқталды деп есептеді. Олар өзінің негізгі мақсаттарына қол жеткізді.

-1646 жылдың 24 ақпанында жарияланған Ордонанс бойынша, рыцарлық ұстау жойылды және одан туындайтын әулетке қатысты міндеттіліктерде жойылды;

- монопольдік құқықтар жойылғаннан кейін, сауда мен өнеркәсіпте ішінара еркін бәсекелестік принципі жүзеге аса бастады;

-жерді қоршауға қарсы бағытталған заңдардың қолдануы тоқтатылды.

Индипенденттер және олардан бөлініп шыққан левеллерлер («теңестірушілер») бұдан да радикалдық реформаларды жүргізуге ұмтылды.

Пресвитериандар мен индипенденттер арасындағы күрес, 1648 жылы король мен пресвитериандық парламент бастаған екінші азамат соғысына

әкелді. Левеллерлердің қолдау индипенденттік армияны жеңіске әкелді. 1648 жылдың аяғында армия қайтадан Лондонды басып алып, Ұзақ парламентті пресвитериандық көпшіліктен тазалауға қол жеткізді.

1649 жылы корольдің басын алғаннан кейін, Англия республика болып жарияланды. Лордтар палатасы жойылып, жоғарғы билік бір палаталық парламентке берілді. Билеудің республикалық формасы конституциялық түрде 1649 жылы 19 мамырда қабылданған актімен бекітілді.

Атқару биліктің жоғарғы органы болып, парламент алдында есепті, Мемлекеттік Кеңес жарияланды.

Оның алдында тұрған мақсаттар мынадай еді:

1. монархияның қайтадан қалпына келуіне тойтарыс беру;
2. елдің қарулы күштерін басқару;
3. салықтарды орнату;
4. елдің саудасы мен сыртқы саясатын басқару.

Түкке тұрмайтын бағаға король, епископтар және «кавалерлерден» тәркілеген жерлерді сатып жіберіп, индипенденттік олигархияға айналған жаңа республика, ағылшын буржуазиясы мен жаңа дворяндарды байытты.

Республика жарияланғаннан кейін әлеуметтік күрес әлсіреген жоқ, себебі ол левеллерлер үшін қайта құруларды тереңдету үшін күрестің тек бастама кезеңі еді.

Бұндай жағдайда индипенденттердің көшбасшылары армияның, басшыларына сүйеніп, тарихқа Кромвельдің протектораты деген атақпен кірген Англияда әскери диктатураны орнатты (1653-1658 жж.). Левеллерлердің көсемдері түрмеге жабылды, ал армиядағы левеллерлердің көтерілістері жаншылды.

Диктатура режимы О.Кромвель қайтыс болғаннан кейін күйреді. 1659 жылы Англияда формальдік түрде республика қайтадан қалпына келтірілді, бірақта демократиялық қозғалыстың өсуінен қорыққан буржуазия және джентри «дәстүрлі монархияны» орнатуды армандай бастады.

1660 жылы қайтадан тақ басына келтірілген Стюарттар әулеті буржуазияның революция барысында қол жеткізген экономикалық жаулаларын бекітті.

«Салтанатты революция» деп аталған 1688-1689 жж. мемлекеттік төңкеріс, буржуазияны мемлекеттік билікке жіберген буржуазия мен жер аристократия арасындағы ымыраға келуді рәсімдеді.

Англиядағы конституциялық монархия парламент қабылдаған «Хабеас корпус акт» («Бодандардың еркіндігін жақсы қамтамасыз ету туралы және теңіздің арғы жағына айдаудың алдын алу туралы Актімен») бекітілді. 1679 жылы қабылданған Хабеас корпус акт («Бодандардың еркіндігін жақсы қамтамасыз ету туралы және теңіздің арғы жағына айдаудың алдын алу туралы Акті») Англияның ең негізгі конституциялық құжатына айналды.

«Хабеас корпус акт» айыпталушының қамауға алу мен сотқа тарту қағидаларын белгілейді, соттарға азаматтардың ұсталуды мен қамауға алуының заңдылығын бақылауға құқық береді, кінәсіздік презумпциясы, ұстау

барысындағы заңдылықты сақтау, іс-әрекет жасау орны бойынша жасалатын жедел соттың шешімін шығару сияқты, демократиялық сот төрелігінің бірқатар принциптерін жариялайды. Бұл заңның «Хабеас корпус акт» деп аталуы, тұтқындалған адамды жеткізу туралы сот бұйрығының латын бастапқы жолынан шыққан.

1689 жылғы «Құқықтар туралы билль» тәж прерогативаларын қатты шектеді және парламенттің құқықтарына кепілдік берді. Ол парламенттегі сөз мен жарыссөз еркіндігін, парламентке сайлау еркіндігін орнатты, бодандардың корольге петиция ұсыну құқығын жариялады.

Парламенттің өкілеттік мерзімі 3 жылға созылатын болды, кейінірек оны 7 жылға созды.

Қаржылық саясат пен заң шығару саласында парламенттің үстемдігі орнатылды.

Парламенттің келісімісіз король:

- заңдардың жүзеге асырылуы мен орындалуын тоқтата алмайтын болды;

- тәж пайдасына салықтар мен жиындарды жинай алмайтын болды;

- бейбіт кезеңде тұрақты армияны жинақтап, жасақтау құқығынан айрылды.

Король баяғыша заң шығарушылық қызметке араласа алатын болды және оған абсолюттік вето құқығы берілді.

1701 жылы қабылданған «Орналастыру туралы Акт» немесе «Тақ мұрагері туралы Заң» тақ мұрагерлігі туралы тәртіпті орнатты және заң шығару және атқару биліктің құзыреттіліктерін одан әрі нақтылады. Англияның конституциялық құрылысын дамыту үшін осы құжаттың келесі ережелері маңызды болды:

а) контрасигнатура принципінің орнатылуы, ол бойынша барлық король қабылдаған заңдар бұл саланы басқаратын министрдің қолы қойылған уақытта ғана заңды болып есептелетін болды; судьяларды алмастыру қағидатын белгілеу – оларды қызметтен тек парламенттік шешімімен ғана алып тастауға болатын еді. Бұл ереже сот билігінің атқару биліктен бөлінгенін бейнеледі.

Ағылшын конституциясының маңызды бөлігін жазылмаған ережелер құрайды, олардың орнатылуы ағылшын конституциясының одан әрі дамуын белгілейді. Бұл ережелер XVIII ғ. бекітіліп, конституциялық прецеденттер деген атаққа ие болды.

Олардың қатарына мыналар жатады:

- король министрлер кабинетінің мәжілістеріне қатыспайды;
- үкімет сайлауда жеңіске жеткен партияның мүшелерінен құрылады;
- министрлер кабинетінің ұжымдық міндеттілігі;
- корольдің вето құқығынан бас тартуы.

«Салтанатты революциядан» кейін Англияның парламенті қайтадан екіпалатылық болды: лордтар палатасы - мұрагерлік құқық бойынша орынға ие адамдар мен қызмет бабы немесе король тағайындауы бойыншы

мүшелерден тұратын – жоғарғы палата; қауымдар палатасы - сайлау құқы негізінде сайланған адамдардан тұратын төменгі палата.

XVIII ғ. қызмет еткен сайлау заңы бойынша, өзінің әлеуметтік құрамы бойынша төменгі палатаның жоғарғы палатадан ешқандай айырмашылығы болмады, ал ол парламенттегі аристократияның үстемдігінің негізі болды.

XVIII ғ. басында Англияда атқару биліктің жаңа органы - премьер-министр басқаратын министрлер кабинеті құрылды.

XVIII ғ. ортасына таман министрлер кабинеті корольден бөлінген мемлекеттік істерді басқарудың жоғарғы органына айналды. Ол парламентте көпшілікке ие болған партияның өкілдерінен тұрды және қауымдар палатасы алдында ұжымдық жауапкершілігінде болды.

Министрлер кабинетінің дербестігі корольдің министрлер кабинеті – нің мәжілістеріне қатыспауы туралы жазылмаған ережемен (конституциялық прецедентпен) қамтамасыз етіліп отырды.

Министрлер кабинетінің мүшелерінің парламент алдындағы жауапкершілігі, оның саясаты қауымдар палатасының қолдауына ие болмағанда, кабинет мүшесінің отставкаға кетуінде көрінетін болды.

Тақырып бойынша бақылау сұрақтары:

1. XVII ғ. Ағылшын буржуазиялық революциясының діни жалауы болған ілім?
2. XVII ғ. Англияда қанша революция болды?
3. 1628 жылғы «Құқықтар туралы Петициясының» мазмұнын ашыңыз.
4. Ағылшын революциясы кезіндегі негізгі оқиғалар мен заң саласындағы жаңашылдықтарды атаңыз.
5. Ағылшын буржуазиялық революциясы кезінде қызмет еткен «саяси партияларға» сипаттама беріңіз.
6. Конституциялық монархияның орнауы қандай заңдармен бекітілді?
7. Конституция дегенде ағылшындар не туралы айтады?
8. Англияда министрлер кабинеті мен екі партиялық жүйе қалай пайда болды?
9. XVII - XVIII ғғ. өткен алғашқы буржуазиялық революциялардың тарихи маңызы неде болды?
10. Англияда өнеркісіп төңкерісі қай жылдары болды?
11. Өнеркісіп төңкерісінің әлеуметтік нәтижелері қандай?

3-дәріс. Солтүстік американдық революция және Америка Құрама Штаттарының (АҚШ) құрылуы.

1. Солтүстік Америкадағы ағылшын отарлары, олардың жағдайы
2. 1774-1776 жылдардағы континентальды конгрестер, олардың негізгі шешімдері

3. Тәуелсіздік соғысы, оның нәтижесі.
4. 1787 жылғы АҚШ Конституциясы. 1791 жылғы Құқықтар туралы билль.

Алғашқы ағылшын тұрақты қоныстары қазіргі заманғы Вирджиния штатының территориясында 1607 жылы пайда болды, ал XVIII ғ. ортасына таман Солтүстік Америкада 13 ағылшын отарлары болды.

Солтүстік американдық отарлардың әлеуметтік-экономикалық дамуының маңызды ерекшелігі болған - онда құлдықтың болуы еді. Құлдық еңбектің бұл отарларда кеңінен пайдалануының негізгі себебі болған – колонистердің жерді иемденуге жеңіл алуына байланысты болды.

«Ақ» құл күшінің көздері иммигранттар, саяси себептер бойынша сотталған адамдар, қылмыстық қылмыскерлер, дәрменсіз борышкерлер болды. Біртіндеп «ақ құлдықты» одан арзанырақ «қара құлдық» ысырып шықты. Бірақта бұл отарлардың әлеуметтік-экономикалық құрылысында феодализм элементтері аз болды, сондықтан капиталистік құрылыстың элементтері тез пайда бола бастады.

Қант қамысы, мақта, темекі өсіретін отарлардың оңтүстік тобында экономика құлдыққа негізделді. Фермерлік шаруашылықтар және мануфактуралар дами бастаған отарлардың солтүстік тобында, экономика өте тез капиталистік сипатқа ие бола бастады. Отарлардағы ортақ базардың қалыптасуы және олардың арасындағы экономикалық қатынастардың күшеюі, капитализмнің дамуы солтүстікамерикандық ұлттық қалыптасуына әкелді.

Отарлардың экономикалық дамуына қарай метрополия мен олар арасында қайшылықтар арта түсті. Ағылшын үкіметі отарларды шикізат көзі және ағылшын өнеркәсібінің тауарларын сататын базар деп есептеді және олардың өнеркәсіптік дамуын тежеу саясатын жүргізді. Отарлар өз кезегінде, оларға метрополияның Ұлы еркіндіктер хартиясы, Құқықтар туралы билль, жалпы құқық ережелері, әділеттік құқық сияқты құжаттары таралатын өздерін ағылшын тәжінің еркін бодандары деп есептеді. Метрополияға қарсы жаппай қозғалыстың туындауына нақты себеп болған, XVIII ғ. 60-шы жылдары ағылшын үкіметінің қабылдаған мынадай шаралары: Аллеган тауларынан әрі жерлерге колонистердің қоныс аударуына тыйым салу, герб салығы туралы заңның қабылдануы, барлық американдық көпестердің мүдделеріне нұқсан келтірген, контрабандалық саудамен күрестің күшеюі. 1765 отарларда конгресс шақырылды, ол ағылшын парламентінде өкілдері болмаған отарларға метрополияның салықтар салу құқығы жоқтығын жариялады.

Американ революциясы басында ұлт-азаттық қозғалыс ретінде басталып, кейінірек тәуелсіздік үшін соғысқа айналды. Бұл революцияның ерекшелігі - ол бір мезгілде ұлттық-азаттық, ұлттық-біріктіруші және антифеодалдық қозғалыс болды.

1774 ж. Филадельфия қаласында отарлар өкілдерінің Бірінші континенталдық конгресі өтті, ол ағылшын тауарларын бойкоттауға шақырды, бірақта

сонымен қатар, олар метрополиямен ымыраға келуге тырысты, сол үшін корольге қысымдарды тоқтатуды және тәжбен байланысты үзуге сылтау бермеуді талап еткен петицияны құрастырды. Бұған жауап ретінде ағылшын үкіметі бүлікшілерге қарсы әскери қимылдарды бастады.

1775 ж. мамыр айында Екінші континенталдық конгресс ашылды. Ол барлық отарларға баяғы отарлық биліктің орнына жаңа үкіметтерді құруды ұсынды, отарлардың Англиямен соғыс жағдайында екенін мәлімдеді және тұрақты әскери күштерді құру туралы шешім қабылдады. Американ армиясының әскери қолбасшысы болып Джордж Вашингтон тағайындалды. Әрбір отар өзін тәуелсіз республика – штат деп жариялады.

1776 жылдың 4 шілдесінде Үшінші континенталдық конгресс революциялық сипаттағы Тәуелсіздік Декларациясын қабылдады. Декларация метрополиядан мемлекеттік тәуелділіктің түпкілікті тоқтатылған туралы және тәуелсіз Америка Құрама Штаттарының құрылғанын жариялады. Отарлардың метрополиядан бөлінуі - ағылшын үкіметінің американдықтардың құқықтарын бұзуымен түсіндірілді. Декларацияда былай делінген еді: «Барлық адамдар тең болып жаратылған және Құдай тағалла туысынан оларға ажырамас құқықтар берген, олардың қатарына – өмір, еркіндік, бақытқа ұмтылуы жатады. Бұл құқықтарды қамтамасыз ету үшін басқарушылардың келісімімен өзінің әділ билігін алған үкіметтер құрылған. Егер Үкіметтің осы нысаны негізгі құқықтарды қамтамасыз етпесе, онда халық оны өзгертуге немесе жоюға және жаңа үкімет құруға құқылы»

Бұл тарихтағы бірінші, формальді түрде халық егемендігі принципін және халықтың революцияға шығу құқын мойындаған мемлекеттік-құқықтық құжат.

Тәуелсіздік соғыс барысында штаттардың бірігу қажеттігі туындады, сондықтан штаттар өкілдерінен тұратын конгресс 1781 жылы «Конфедерация туралы баптарды» бекітті.

Оған сәйкес штаттар, Америка Құрама Штаттары деп аталған конфедерацияға мүшелікке кірді. Конфедерация органдарына берілген құқықтардан басқа, әрбір штат өзінің тәуелсіздігі мен құқықтарын сақтап қалды. Әр штат бөтен штаттарға көмектесуге және бір-бірінің ішкі істеріне арласпауға міндеттеме алды. Олардың азаматтарына барлық штаттарда бірдей дәрежеде сауда және өнеркәсіптік артықшылықтар мен жеңілдіктер, еркін шығу және келу құқығы берілді.

Құрама Штаттардың ортақ істерін жүргізу үшін Конгресс құрылды. Ол әрбір штаттан жыл сайын сайланатын саны 2-7 аспайтын делегаттардан тұрды. Конгреске халықаралық келісімдерді жасау, соғыс және бейбітшілік мәселелерін шешу, әскери қажеттіліктер үшін штаттардан жиналған қаржыны пайдалану, армияның басшылық құрамын тағайындау сияқты құқықтар берілді. Жоғарыда аталған мәселелер бойынша Конгрестің көптеген шешімдері, барлық штаттардың тоғызы бекіткенде ғана заңды күшке ие болатын еді. Конгрестегі мәселені шешу барысында әр штат бір дауысқа ие

болды. Конгрестегі сөз және жарыссөздер бостандығы, сондай-ақ депутаттарға қол сұғылмаушылығы қарастырылды.

Конфедерацияның құрылуы тәуелсіз соғысы барысындағы ел күшінің біртүтілуіне септігін тигізді және оның жеңісіне әкелді. Ұлыбритания АҚШ-ның толық тәуелсіздігін 1783 жылы жасалған Версаль бейбіт бітімі бойынша мойындады.

1787 жылғы АҚШ Конституциясы. 1791 жылғы Құқықтар туралы билль. 1787 жылы қабылданған АҚШ Конституциясы, оған енгізілген 27 түзетулермен, елде осы уақытқа дейін өмір сүреді.

Оны қабылдау мынадай экономикалық, саяси, әлеуметтік және идеологиялық жағдайларға байланысты болды: соғыстан кейінгі кезеңнің экономикалық қиындықтары, жаңа азамат соғысының қауіпі, штаттарды біріктіру қажеттілігі және билікті орталықтандыру – осының барлығы біртұтас мемлекетті құруды талап етті.

Конституцияны, 1787 жылы Филадельфия қаласында шақырылған, оған штаттар 55 делегат жіберген, Конституциялық конвент қабылдады. Бұл делегаттардың барлығының мемлекеттік-құқықтық және кәсіпкерлік қызмет тәжірибелері бар еді. Олардың ішінде көрнекті рөл ойнаған А.Гамильтон, Дж. Вашингтон, Д. Мэдисон, Э. Рандольф, Д. Уилсон.

Конституция билікті заң шығару, атқару және сот билігіне бөлшектеу принципін негізделген. Ол өте қысқа, оның көптеген баптары жалпы сипатқа ие; осыдан АҚШ Жоғарғы сотының прерогативі болып табылатын оны түсіндірудің ерекше маңыздылығы.

Америка Құрама Штаттарындағы заң шығару билігі парламент - Конгрестің қолында, ол екі палатадан тұрады: жоғарғысы – сенат, оның мүшелері 6 жылға сайланады және әр екі жылда оның құрамы 1/3 жаңартылып тұрады. Бұл палатаның төрағасы елдің вице-президенті болып саналады. Қазіргі кезде сенатқа сайлау тікелей түрде өтеді, алғашқы кезде оның мүшелерін штаттардың заң шығару жиналыстары – легислатуралар сайлайтын еді;

Өкілдер палатасының мүшелері екі жылға сайланады. Бұл палатаның төрағасы спикер деп аталады.

Екі палатының өкілеттіктері тең болып саналады, бірақта тек сенат ғана халықаралық келісімдерді ратификациялайды және президентті қызметке тағайындай алады. Заң шығару бастамасы екі палата мүшелеріне тиесілі.

Конгрестің негізгі функцияларына мыналар жатады:

- біріншісі – заңдарды қабылдау мен бюджетті бекіту;
- штаттараралық және шетел мемлекеттерімен сауданы реттеу;
- сыртқы және ішкі саясатты жүргізу: конгресс соғыс жариялау, қару-жарақ туралы шарттар жасасу, армия мен флотты жинақтап оны қаржылау құқығына ие.

Америка Құрама Штаттарындағы атқару билік президенттің қолында, ол мемлекет және үкімет басшысы болып есептеледі.

Бастапқыда президент жанама жолмен сайланды - оны штаттардың тұрғындары сайлайтын таңдаушылар алқасы сайлайтын еді. Қазіргі кезде президенттік сайлау жанамадан тікелей сайлауға айналды.

Мемлекет және үкімет басшысы ретіндегі американ президентінің өкілеттіктері:

- парламент қабылдаған заң жобаларына қатысты кейінге қалдыруға құқылы, оны президенттік вето деп атайды;
- заңнамалық бағдарламасы бар жолдауларды Конгреске ұсынады;
- бюджеттің жобасын жасайды;
- елдің қарулы күштерінің жоғарғы қолбасшысы;
- халықаралық шарттар мен атқарушы келісімдер жасасады (олар Парламенттің келісімінсіз және мақұлдаусыз жаслатын келісім-шарттар);
- нақты әскери қимылдарды бастау туралы шешім қабылдайды;
- өзіне бағынышты мемлекеттік аппаратқа сүйене отыра, елді басқарды, әкімшілік өкімдер жариялайды; не
- жоғары лауазымдарға тағайындайды;
- үкімдерді кешірім жасауға және орындауды кейінге қалдыруға құқығы бар.

Америка Құрама Штаттарындағы сот билігі Жоғарғы соттың қолында. Сот билігі қатарына федералдық соттар, штаттар соттары және жергілікті соттар жатады. Жоғарғы сот басқаратын федералдық соттар жүйесін, аудандық және аймақтық (апелляциялық) соттар құрады. Федералдық соттардың барлық судьяларын Сенат келісімімен және мақұлдауымен Президент тағайындайды. Ең маңызды істер бойынша алқабилер соты енгізіледі.

Жоғарғы сот кейбір маңызды мәселелерді шешуде жоғарғы инстанция болып есептеледі, ол одан төмен тұрған соттардың қызметін бақылайды, сондай-ақ конституциялық қадағалау функцияларын орындайды.

АҚШ-да «Құқықтар туралы билль» деп 1787 жылғы Конституцияға енізілген алғашқы 10 түзетуді атайды:

- жеке тұлғаның бостандығы, діни сенім, сөз және баспасөз бостандығы, халықтың бейбіт жиналу және Үкіметке петициялармен жүгіну құқығы туралы - бірінші түзету;
- халықтың қаруды сақтау және алып жүру құқығы туралы - екінші түзету;
- бейбіт уақытта сарбаздарды мәжбүрлеп орналастыруға тыйым салу туралы - үшінші түзету;
- жеке адамға, тұрғын үйге, қағаздар мен мүлікке қол сұғылмаушылық туралы - төртінші түзету;
- алқа билер соты және іс жүргізу кепілдіктері туралы, жеке меншікті өтеусіз алып қоюға тыйым салу туралы - бесінші түзету;
- алтыншы, жетінші, сегізінші түзетулер процессуалдық принциптер және кепілдіктерге арналған, онда алқабилер сотының қатысуымен қарастырылатын қылмыстық және азаматтық істер шеңбері белгіленеді. Бұл

түзетулер шамадан тыс салықтар мен айыппұлдарды енгізуге, сондай-ақ, қатыгез және ерекше жазаларды қолдануға тыйым салады;

-тоғызыншы түзету Конституцияда тікелей көрсетілмеген азаматтар – құқықтарын шектеуге жол бермеу принципін белгіледі.

Оныншы түзету азаматтық құқықтарға қатысты емес.

1787 жылғы Конституцияның мәтінінде азаматтық құқықтар және еркіндіктерге арналған жеке тарау болмағандығы, халықтың демократиялық бағыттағы тобының наразылығын тудырды. Сондықтан Д.Мэдисонның ұсынысы бойынша, 1789 жылдың маусым айында 1787 жылғы Конституцияға тарихта «Құқықтар туралы билль» атауымен белгілі 10 түзету енгізілді. 1791 жылдың желтоқсан айында бұл түзетулер бекітіліп, күшіне енді.

Тақырып бойынша бақылау сұрақтары:

1. Солтүстік Америкадағы ағылшын отарларының экономикалық дамуы туралы не білесіз?

2. Англияның солтүстік американдық отарларында тәуелсіздік соғысы алдында пайда болған отарлардың үш түрін сипаттаңыз.

3. Американдық колонистерінің тәуелсіздік соғысының себептері?

4. АҚШ мемлекеттігінің негізінде жатқан үш құжатты атаңыз?

5. Тәуелсіздік соғысының маңызы?

4-дәріс. 1789 – 1799 жж. Ұлы француз буржуазиялық революциясы

1. Ұлы француз буржуазиялық революциясының себептері, негізгі кезеңдері және барысы.

2. 1791 ж. Конституция бойынша Францияның мемлекеттік құрылысы.

3. Жирондисттік республика (Бірінші республика).

4. Якобиндік республика.

5. Консулдық және Бірінші империя кезіндегі Франция.

Франциядағы феодалдық-абсолютисттік тәртіпке негізгі соққы берген 1789-1794 жж. Француз революциясы. Ол елдегі конституциялық тәртіп және мемлекеттік билікті жаңа демократиялық принциптерде орнату үрдісінде маңызды рөл ойнады. XVIII ғ. француз революциясы барлық әлемдегі әлеуметтік прогреске серпіліс берді, әлемдік өркениет тарихында жаңа саты, өз заманы үшін алдыңғы қатарлы болған қоғамдық-саяси тәртіп – капитализмнің дамуына жол ашты.

1789-1794 жж. революция Францияның одан әрі дамуына кедергі болған абсолюттық монархияның ұзақ және үдеме дамуда болған дағдарысының заңды нәтижесі болды. явилась закономерным результатом длительного и прогрессирующего кризиса изжившей себя и ставшей главной помехой на

пути дальнейшего развития Франции абсолютной монархии. Революцияның туындауы мынадай себептерге байланысты еді, себебі, абсолютизм:

- Жалпы ұлттық мүдделерді қорғауды қойды;
- ортағасырлық сословиелік артықшылықтарды қорғады;
- жерге деген дворяндардың ерекше құқықтарын қорғады;
- цехтік тәртіпті қолдап отырды: мауда және бөтен де монополияларды

орнатты.

XVIII ғ. 70-ші жылдарының аяғында сауда-өнеркәсіп дағдарысы және астықтың шықпай қалуына байланысты туындаған ашаршылық, жұмыссыздықтың өсуі мен шараулар мен қала тұрғындарының төменгі топтарының қайыршылануына әкелді. Бұндай жағдайда монархия кейін шегінуге мәжбүр болды, сондықтан монархия, 1614 жылдан бері шақырылмаған Бас штаттарын шақыруға келісті. Оның мәжілістері 1789 жылдың 5 мамырында басталды.

1789 жылдың 17 маусымында үшінші сословие депутаттарының жиналысы өзін Ұлттық жиналыс, ал 9 шілдеде Құрылтай жиналысы деп жариялады. Король сарайының Құрылтай жиналысын таратып жіберуге жасалған әрекеттер, і 1789 жылдың 13-14 шілдесінде Париждегі көтеріліске әкелді.

178-1794 жж. Француз революциясының барысы шартты түрде мынадай кезеңдерге бөлінеді:

- бірінші кезең - конституциялық монархияның құрылуы (1789 ж. 14 шілдесі - 1792 ж. 10 тамызы);
- екінші кезең - Жирондисттік республиканың орнауы (10 тамыз 1792 ж. - 2 маусым 1793 ж.);
- үшінші кезең – Якобиншілер республикасының орнауы (2 маусым 1793 ж. - 27 шілде 1794 ж.);
- төртінші кезең – Директорияның билеуі (27 шілде 1794 ж. – 18 брюмер 1799 ж.);

Революцияның бірінші кезеңінің бастамасы болып - 1789 ж. 14 шілдесіндегі, көтеріліске шыққан халықтың, абсолютизмнің символы болған корольдік қамал - Бастилияны штурммен алуы есептеледі. Әскердің көпшілігі көтерілісшілер жағына көшті, сондықтан барлық Париж олардың қолында болды. Одан кейінгі апталарда революция барлық елге таралды.

Халық корольдік әкімшілікті ауыстырды және оның орнына, оның құрамына үшінші сословиенің ең беделді өкілдері кірген, жаңа сайланатын органдарды – муниципалитеттерді қойды.

Париж және провинциалдық қалаларда буржуазия өзінің әскери күштері – Ұлттық гвардияны, территориялық жасақтарды құра бастады. Әр ұлттық гвардеец өзінің қаржысына қару-жарағы мен киім-кешегін алу керек еді, ал бұл жағдай ұлттық гвардияға қаржысы жоқ адамның кіруіне кедергі болды.

Революцияның бірінші кезеңі - ірі буржуазияның үстемдігі кезеңі болды. Бұл кезеңде билік, көне тәртіпті толық жоюға тырыспаған, әулетті буржуазия

мен либералық дворяндардың мүддесін қорғаған саяси топтың қолында болды.

Олардың идеалы болған - конституциялық монархия, сондықтан Құрылтай жиналысында олар конституционалисттер деген атаққа ие болды. Олардың саяси қызметінің негізінде, бірі-біріне жеңілдіктер жасау арқылы, дворяндармен ымыраға келу әрекеті жатты.

1789 ж. 26 тамызында Құрылтай жиналысы революцияның бағдарламалық құжаты - Адам және азамат құқықтарының Декларациясын қабылдады. Декларация демократиялық және мемлекеттік-құқықтық тәртіптің принциптерін – халық егемендігін адамдардың табиғи және ажырамас құқықтарын, биліктің салаларға бөлуін және бұл принциптердің өзара байланыстығын жариялады

Декларацияның 1-ші бабы «Адамдар тең болып туады және олар құқықтары тең және еркін болып қала береді» деп жариялады.

2-бабқа табиғи және ажырамас құқықтар ретінде: еркіндік; меншікке ие болу; қауіпсіздік; қанауға қарсылық көрсету жатқызылды.

4 баб бойынша, еркіндік, бөтен адамға кесірі тимейтіннің бәрін жасауға болатын мүмкіндік ретінде белгіленді.

Декларацияның 7,9,10 және 11 бабтары жеке тұлғаның бостандығын, діни сенім, сөз және баспасөз бостандығын бекітті.

9 баб кінәсіздік презумпциясы принципін жариялады: айыпталушылар, және оның қатарында ұсталғандар да бар, олардың кінәсі заңды түрде дәлелденбегенше айыпты болып есептелмейді.

Егемендік идеясы Декларацияның 3-ші бабында бекітілді. Ол халық өкілдігі принципінің негізі болды. 6 баб, азаматтардың өздерінің немесе олардың өкілдері арқылы, адамдардың ортақ ерігінің көрінісі болатын заңдарды шығару ісіне қатысу құқын жариялады.

13 және соңғы 14 бабтар салықтардың мөлшері мен оларды жинау тәртібін және оларды жинау мерзімін белгіледі.

15-бап азаматтардың өзіне сеніп тапсырылған басқару бөлігі бойынша әр лауазымды тұлғадан есеп талап ету құқығын жариялады.

Декларацияның 17 соңғы бабы қол сұғылмайтын және қасиетті меншік құқығын жариялады.

Декларацияны құрастырумен қатар Құрылтай конституцияны жасауға кірісті.

Конституцияның соңғы мәтіні, сословиелерге бөлінуді жою, шіркеу реформасы, елдің көне әкімшілігін жою, цехтерді тарату сияқты, 1789-1791 жылдары қабылданған, конституциялық сипатқа ие көптеген декреттер мен шешімдердің негізінде жасалды.

Конституцияда заң шығарушы биліктің жоғарғы органының, корольдің, үкіметтің, соттың, сайлау жүйесінің статустарын бекітудің негізгі принциптері бекітілді.

Конституция билік бөлісі принципіне, монархияны шектеуге, ұлттық егемендік және өкілдік басқаруға негізделген мемлекеттік құрылыс орнатты.

Ол 1791 жылдың 3 қыркүйегінде бекітілді, ал бірнеше күннен кейін король Конституцияға адалдығына ант берді.

1791 ж. Конституция бойынша Францияның мемлекеттік құрылысы.

1791 ж. Конституцияға сәйкес заң шығарушы биліктің жоғарғы органы болған – бір палаталық Ұлттық жиналыс. Ол екі жылға сайланатын еді және король оны тарата алмайтын еді.

Депутаттар қол сұғылмаушылық құқығына ие болды; жалпы қылмыстық қылмыстары үшін оларды қудалау үшін Ұлттық жиналыстың келісімі талап етілді.

Корольдік veto тек шұғыл сипатқа ие болғанымен, Ұл король бекіту керек еді.

Ұлттық жиналыстың құзыреттілігіне мынадай мәселелер жатты:

- финанстар саласында – жыл сайын бюджетті жасау және бекіту, салықтарды бекіту, мемлекеттік қаржылардың пайдалануын бақылау;
- әкімшілік басқару саласында – мемлекеттік лауазымдарды ашу және жою;
- юстиция саласында – заңды бұзған министрлер және бөтен де лауазымды тұлғаларды Жоғарғы соттың алдында қылмыстық міндеттілікке тарту, мемлекеттің қауіпсіздігіне қауып төндіреді деген адамдарға қарсы қылмыстық істерді бастау;
- әскери істер саласында – қарулы күштердің саны мен құрамы туралы жыл сайын өкімдер басып отыру, оны қаржылау, соғысты жариялау;
- сыртқы қатынастар саласында – шетелдік мемлекеттермен келісім – дерді ратификациялау.

Атқару билікті король өзі тағайындаған министрлерімен бірігіп жасайтын болды, ол:

- елдің ішкі істері және сыртқы қатынастарды басқарды;
- жоғарғы шенеуніктерді тағайындады;
- әскердің жоғарғы басшылығының бір бөлігін тағайындап, елдің қарулы күштерін басқарды.

Король, тек Ұлттық жиналыс қабылдаған заңдар шеңберінде қызмет ете алды; оның бұйрықтары тек салалық министрлер қол қойған жағдайда ғана заңды күшіне енетін болды.

Жергілікті басқару сайланатын органдарға берілді, олардың қызметін король тағайындаған салалық министрлер бақылап отырды. Егерде жергілікті билеушілердің шешімдері үкіметтің заңдары мен өкімдеріне қарсы болса, король оларды жоя алды, ал олар бағынбаған жағдайда – Ұлттық жиналысты хабардар етіп, шенеунікті қызметтен босата алды.

1789 ж. Конституция бойынша Францияның сот жүйесі:

- мемлекеттің қауіпсіздігіне қауіп төндіретін қылмыстар мен министрлердің заң бұзушылығын қарастыратын Жоғарғы соттан;
- қылмыстық істерді қарайтын алқабилер сотынан;
- сотты жүргізу тәртібін бұзып, заңды бұзушылықпен қарастырылған

төменгі соттың үкімін, істі қарастырмай-ақ жоя алатын, кассациялық соттан тұрды. Кассациялық сот шешімдерді дұрыс шығармаған соттарға шағымдарды және де сот ісіне қатысты бөтен де өтініштерді қабылдады.

Судьялар белгілі мерзімге сайланатын еді және оларды тек қылмыс жасаған жағдайда ғана және белгілі тәртіп бойынша жұмыстан босатылатын болды.

Жирондисттік республика (Бірінші республика). 1791 ж. француз Конституциясын қабылдауы елдегі саяси күресті тоқтатқан жоқ. Мемлекеттік органдардың жаңа жүйесі тек күштердің ара қатынасының уақытша тепе-теңдігін бейнеледі. 1791 ж. жазына таман үшінші сословие жіктелді кейін олар.

Бұл уақытқа таман еуропалық монархиялардың революциялық Францияға қарсы интервенцияға дайындалуы ашық түрде жүріп жатты.

1792 ж. Францияға қарсы соғысқа Австрия, Пруссия және Сардиния кірді, 1793 ж. – Ұлыбритания, Нидерланды, Испания және т.б. Француз армиясының көптеген генералдарының опасыздығы интервенттерге Францияның территориясына кіру және одан кейін Парижге шабуыл жасау ісін жеңілдетті, Интервенттердің құпия одақтастары - король және дворяндар өзінің келешекке деген үмітін шетелдік интервенциямен байланыстырды.

Корольдің қастандығы туралы лақаптар халықты 1792 жылғы 10 тамыздағы көтеріліске итермеледі. Қуатты көтеріліс монархияны күйретті және билік басында тұрған – ірі буржуазияның партиясы – фельяндарды биліктен ысырды.

Франциядағы үшінші сословиенің жіктелуінің нәтижесінде мынадай негізгі үш саяси топ пайда болды:

- фельяндар (фейяндар) – консерваторлар, либералдық дворяндар және ірі конституциялық-монархиялық бағыттағы буржуазияның өкілдері;
- жирондисттер – центристтер, радикалдық сауда-өнеркәсіптік орта буржуазияның өкілдері;
- якобиншілер – ұсақ, орта буржуазияның, қолөнершілер мен шаруа – лардың мүддесін қорғайтын радикалдар.

1792 жылдың 10 тамызынан - 1793 жылдың 2 маусымына дейін болған революцияның екінші кезеңінде, билік Заң шығарушы жиналысында ең ықпалды саяси күш болған жирондисттердің қолында болды. Олардың өкілдерінен Уақытша атқару кеңесі құрылды.

Заң шығарушы жиналысы арнайы декретпен мемлекеттік биліктің жаңа органы – Ұлттық Құрылтай конвентінің шақырылатыны туралы жариялады. Конвентке сайлау 1792 жылдың қыркүйегінде аяқталды. Оған 783 депутат сайланды, оның 200 астамы жирондисттер және 100 якобиншілер болды. Депутаттардың көпшілігі ешқандай саяси топтарға жатпай саяси орталықты құрды.

21 қыркүйегінде Конвент өзінің декретімен корольдік билік пен 1791 жылғы Конституцияның жойылатынын және өзі жаңа Конституцияны дайындайтынын жариялады.

1792 жылдың 25 қыркүйегінде Франция біртұтас және бөлінбейтін республика болып жарияланды.

Франциядағы бұдан кейінгі оқиғалар Конвенттегі жирондисттік үкімет пен якобиндік оппозиция арасындағы өткір күреспен белгіленді. Жирондисттік Конвенттің шешімсіздік центристтік саясаты республиканы құру шегіне әкелді. Елдің территориясының 1/3 бірі шетелдік әскерлер және контрреволюционерлердің қолында болды. Жирондисттердің, өздерінің позициялары күшті болған провинцияларды Парижге қарсы қою, сондай-ақ олардың ашық контрреволюциялық элементтермен жақындасу әрекеттері, 1793 жылдың мамырының аяғы – маусым айының басындағы халық көтерілісіне әкелді.

Жирондисттердің беделінің түсу себептері:

- билеуші партия ретінде фельяндары алмастырған, консервативтік позицияға көше бастаған жирондисттер, революцияны тоқтатуға тырыса бастады;

- Конституцияны жойғанымен, олар Францияға жаңа республикалық конституциялық құжатты бере алмады;

- ауылдардағы феодалдық қатынастарды түпкілікті және толық жою мәселесін шешпеді;

- соғысқа байланысты елдің экономикалық, әсіресе азық-түліктік жағдайы қатты нашарлап кетті.

Якобиндік республика. Қарулы азаматтар және ұлттық гвардияшылардың көтерілісі 1793 жылдың 2 маусымында Конвенттен жирондисттердің қууылуы және биліктің якобиншілерге көшуімен аяқталды. Якобиндік республиканың орналуымен анықталған революцияның үшінші кезеңі басталды. Ол 1793 жылдың 2 маусымынан – 1794 жылдың 27 шілдесіне дейінгі уақытты қамтиді.

1793 жылдың маусым-шілде айында, онда енді якобиншілердің көпшілігі болған Конвент, шаруаларға, қауымдық және контрреволюционерлерден тәркілеген жерлерді таратып берді (көбінесе тегін, кейде жеңілдетілген бағаға) және сонымен қатар қалған феодалдық құқықтар мен артықшылықтарды жойды.

Бұл қабылданған шешімдер лезде жүзеге ендіріле бастады. Бұнымен қатар мемлекеттік құрылыста да қайта құрулар жүргізіле бастады.

Жойылған 1791 жылғы ценздік Конституцияның орнына 1793 жылдың 24 маусымында «Республиканың бірінші жылының Конституциясы» деп аталған жаңа демократиялық Конституция қабылданды.

Ол бұған дейінгі Конституция сияқты, Адам және азамат құқықтарының Декларациясы мен Конституциялық акттен тұрды.

Адам және азамат құқықтарының жаңа Декларациясы қоғамның негізгі мақсаты – азаматтарға «жалпы бақытты» қамтамасыз ету және үкімет адамдардың табиғи және ажырамас құқықтарын жүзеге асыруын қамтамасыз етуге барлық жағдайлар жасау керек деп жариялады.

Бірінші Декларацияда табиғи және ажырамас құқықтарға: еркіндік; меншікке ие болу; қауіпсіздік; қанауға қарсылық көрсету жатқызылса, екінші Декларацияда оның қатарына теңдікті де жатқызылды (толық көлемдегі юридикалық теңдік).

Декларацияда бірізділікпен заңдылық принципі бекітілді. Заң халықтың ортақ ерігінің көрінісі деп жарияланды. Заңның жоғарылығы «ұлттың егемендігі» деген түсініктің орнына «халықтың егемендігі» деген ұғыммен тікелей байланыстырылды.

Декларацияның демократиялық принциптері, мемлекеттік құрылысты бекіткен, 1793 ж., Конституциялық актпен нақтыланды.

Конституциялық актпен салтанатты түрде республиканың құрылуы жарияланды. Жоғарғы билік егеменді халықтың қолына беріледі деп жарияланды. Сайлау құқығы ценздік емес, бәріне бірдей болып жарияланды, бірақта оған тек ер адамдар қатысатын болды. Сайлау құқығы, бір орында алты айдан астам уақытта тұрақты қоныстану орны болған барлық азаматтарға берілді. Азаматтық құқыққа ие әрбір фанцуз республиканың барлық кеңістігінде сайлана алатын болды.

Заң шығарушы биліктің органы болған – тұрақты қызмет ететін Заң шығарушы корпус (Ұлттық жиналыс). Ол бір палатадан тұрды және бір жылға сайланатын еді. Ұлттық жиналыс қабылдаған заң, департаменттерге таратылғаннан кейін, 40 күн ішінде оны жергілікті жиналыстардың 1/10 бекіткеннен кейін ғана, заңды күшке ие болатын болды. Ұлттық жиналыс кейбір мәселелер бойынша, толық заңды күшке ие болатын декреттерді қабылдау құқығына ие еді.

Республиканың жоғарғы атқарушы органы – Атқару комитеті болды. Оған барлық ведомстволар (министрліктердің) жұмысын басқару ісі тапсырылды. Оның мүшелерін, жергілікті және департаменттік жиналыстар ұсынған кандидаттар арасынан Ұлттық жиналыс сайлайтын болды. Атқару комитеті Ұлттық жиналысқа есепті болды.

Республиканың ауыр ішкі және халықаралық жағдайы, Конвентке елде конституциялық билеуді енгізуге мүмкіндік бермеді және оның орнын, ерекше өкілеттілікке ие билеу жүйесі - диктатура режимімен алмастыруға мәжбүрледі.

Якобиндік республиканың билеуші құрылымы:

- заңдарды қабылдап, оларға түсініктеме беретін Конвенттен;
- үкіметтің негізгі органына арналған - Қоғамдық құтқару комитетінен;
- Қоғамдық қауіпсіздік комитетінен тұрды.

Жергілікті жерлерде жоғарыда аталған орталық органдар, барлық елде құрылған революциялық комитеттер және «халық қоғамдарына» сүйеніп жұмыс жүргізді.

Қоғамдық құтқару комитетіне есеп беріп отыратын Конвент комиссарлары, төтенше өкілеттіліктерге ие болды.

Жазалаудың бір-ақ түрі - өлім жазасына кесуді қолданатын Революциялық трибунал елдегі сот ісін жүргізетін болды.

Бір жылдың ішінде якобин диктатурасы, бұның алдындағы төрт жылда шешілмеген революцияның негізгі мәселелерін шешті.

1793 жылдың қазан айына таман якобиндік үкімет әскери қимылдарда бетбұрысқа жетті, ал 1794 жылдың жазында революциялық армияның жеңісінің нәтижесінде, елге төніп тұрған әскери қауіп сейіліп, жаңа республикандық тәртіп саяси нақтылыққа айналып, өзінің өміршілдігін көрсетті.

Республиканың бекуі бірліктің жойылуы мен якобиндік блок арасындағы ішкі қарама-қайшылықтардың өсуіне әкелді. Демократияның идеалдарын жүзеге асыру, контрреволюциямен күресу үшін құрылған режим, авторитарлық тәртіпке айнала бастады.

Ол бойынша революцияның жаулары болып саналған адамдардың меншігін тәркілеп, оларды патриоттарға таратып беруді жариялаған 1794 жылдың ақпан-науырыз айында қабылданған вантоздық декреттер, якобин диктатурасының аппаратындағы іріменшіктік элементтердің қарсылығына байланысты жүзеге асырылған жоқ.

Бірқатар әлеуметтік талаптары орындалмағандықтан, якобиншілдерді қолдауды ауыл кедейлері және плебейлік элементтер тоқтатты.

Ауқатты шаруалар, олармен бірге орта қолды шаруалар және буржуазия реквизиция және якобин диктатурасы жариялаған шектеулер саясатымен санасқысы келмеді.

М.Робеспьер басқарған үкіметке қарсы 1794 жылдың 27 шілдесінде жасалған төңкеріс якобиндік республиканы құлатты. Францияда Директория тәртібі орнады.

Консулдық және Бірінші империя кезіндегі Франция. 1799 ж. 9 қарашасында Францияда әскери мемлекеттік төңкеріс болды. Әскерге сүйене отыра, генерал Наполеон Бонапарт заң шығыру билігінің жоғарғы органы - Заң шығару корпусын және атқару биліктің жоғарғы органы - Директорияны таратып жіберді.

Атқару билігі үш консулдан тұратын Атқару комиссиясына берілді. Нақты билік бірінші консулдың қолында топтасты, ал ол постқа Бонапарт өзін тағайындады.

Заң шығару корпусының орнын екі заң шығарушы комиссиясы басты, олардың негізгі мақсаты – жаңа конституцияны дайындау еді. Демократиялық күштер жаңа диктатураға қарсылық көрсете алмады. Жаңа режимге шаруалар қолдау көрсетті, себебі жаңа режим шаруаларға басында жерге жеке меншігін сақтауға уәде берген еді және кейін олар өзінің уәдесін орындап, шаруалардың жерге деген меншігінің қауіпсіздігін қамтамасыз етті.

Бұл мемлекеттік төңкерістің ерекшелігі мынада еді: ол тек саяси «басшылықтың» бүлігі нәтижесінде ғана емес, саяси тұрақсыздық және конституциялық органдарының дәрменсіздігі жағдайында, мемлекеттік биліктің тіреуі болған армияның тікелей қолдауымен өтті.

Консулдық биліктің орнауы заңды түрде 1799 ж. қабылданған Конституциямен бекітілді. Бұл құрылған мемлекеттік құрылыстың негізгі белгісі болған – үкіметтің басшылығы және плебисцит бойынша өкілеттілік. Консулдықтың үкіметі, 10 жылға сайланатын үш консулдан тұрды. 1799 ж. қабылданған Конституция бірінші консул етіп Наполеон Бонапартты тағайындады. Бірінші консул ретінде оған мынадай ерекше өкілеттіктер берілді:

- ол атқару билікті атқарды;
- ол министрлерді, Мемлекеттік кеңестің мүшелерін, елшілерді, генералдарды, жергілікті биліктің жоғарғы шенеуніктерін, судьяларды тағайындау және орнынан алу құқына ие болды;

- заң жобаларын ұсыну құқығына ие болды.

Екінші және үшінші консулдар тек бірінші консулға кеңес беру өкілеттігіне ие болды.

1799 ж. Конституция бойынша, Консулдық тәртіптің заң шығарушы билігі органдары болған:

- заң жобаларының редакциясын жүргізетін Мемлекеттік кеңес;
- бұл заң жобаларын талқылайтын Трибунат;
- бұл заң жобаларын толықтай қабылдайтын немесе жарыссөздерсіз оларды қабылдамайтын Заң шығарушы корпус;
- бұл заң жобаларын бекітетін Қорғаушылық сенат.

Заң жобаларын ұсынатын тек үкімет еді, яғни бірінші консул. Сондықтан, бұл органдар тәуелсіздік сипатқа ие болмады, олар тек бірінші консулдың дара билігінің бүркемесі болды.

Әкімшілік-территориялық басқару елді департаменттер, дистрикттер, коммуналарға бөлу арқылы жүргізілді. Департаменттерді басқарған үкімет тағайындаған префект, ал дистрикттерді басқарған – супрефект;

Мэрлерді, коммунналар және қалалар кеңесінің мүшелерін үкімет тағайындап отырды. Барлық лауазымды тұлғалардың бірінші консулға қатаң иерархиялық бағыныштылығы бекітілді.

1802 жылы жүргізілген плебисцит нәтижесі бойынша, Наполеон Бонапарт, өзінің мұрагерін тағайындай алатын құқыққа ие, мәңгілік консул болып жарияланды, ал бұл шын мәнінде алғанда, монархияның жаңғыруы еді.

1804 ж. қолына барлық атқару және заң шығару билігін алған Бонапарт француздардың императоры болып жарияланды.

Бірінші империя кезінде «наполеондық кодекстер» деген атаққа ие болған Францияның Азаматтық, Коммерциялық және Қылмыстық кодекстері қабылданды. Олар Франциядағы капиталистік тәртіппен азаматтық қоғамның бекіуне зор ықпалын тигізді.

Францияның империяға өтуіне байланысты, дамып келе жатқан капиталистік қатынастарға негізделген азаматтық қоғам тұрақтылық және тәртіпке ие болды, бірақта революцияның негізгі демократиялық жаулауларынан айрылды.

Бірінші империя уақытында еркін ойлаудың барлық көріністері жаншылып отырды: манифестациялар мен көпшілік жиналыстарға тиым салынды, баспасөзге қатаң цензура енгізілді.

Тақырып бойынша бақылау сұрақтары:

1. XVIII ғ. Францияда болған буржуазиялық революцияның себептері?
2. Неліктен XVIII ғ. аяғында Францияда болған буржуазиялық революцияны ұлы революция деп атаймыз?
3. Ұлы француз буржуазиялық революциясының төрт кезеңін атап, оларға сипаттама беріңіз?
4. Француз буржуазиялық революциясының қай кезеңінде 4 жыл бойы шешілмеген мәселелер шешілді?
5. Якобиндық диктатураның көсемдерін атаңыз.
6. Якобиншілер диктатурасының атақты аграрлық декреттеріне сипаттама беріңіз.
7. Якобиншілер жариялаған «қызыл революциялық террордың» мәні неде?
8. Якобиншілер диктатурасының құлау себептері?
9. Термидориандықтар деген кімдер?
10. Директорияның құлау себептері?
11. Францияда 18 брюмер 1799 жылы болған мемлекеттік төңкерісі барысында кім мемлекет басына келді?
12. Бонапартизмнің таптық мәніне сипаттама беріңіз.

5-дәріс. 1815 жылғы Вена конгресі. Халықаралық қатынастардың Веналық жүйесінің құрылуы, дамуы және күйреуі

1. Наполеон армиясының талқандалуы және Еуропадағы бейбіт реттеу мәселелері.
2. Венадағы еуропалық мемлекеттердің конгресі.
3. Вена конгресіндегі дипломатиялық күрес және оның негізгі шешімдері.
4. Халықаралық қатынастардың Веналық жүйесінің құрылуы, дамуы және күйреуі.

Наполеон армиясының талқандалуы және Еуропадағы бейбіт реттеу мәселелері. Вена конгресі Наполеон Бонапарт империясымен тығыз байланысты оқиға. Себебі - ол Наполеон империясы талқандалғаннан кейін Еуропадағы бейбіт реттеу мәселелерін қарастырған жиылыс болды. Сондықтан біз Вена конгресінен бұрын Наполеон армиясының күйреуіне тоқтала кетуіміз керек.

Наполеонның сол кездегі француз буржуазиясының езгісіне бағындырмақ болған халықтардың, әсіресе Испания мен Ресей халықтарының, француз әскерлеріне көрсеткен тегеуріні Наполеон империясына аса күшті соққы болып тиді.

Француз жаулап алушыларының басып кіруіне қарсы халық қозғалыстары. XV-XVI ғасырлардағы күшті Испания XIX ғасырдың басында Англия мен Франциядан едәуір артта қалған еді. Испания абсолюттік монархия болды. Елді король мен оған жаққан бір топ сарай маңындағы қызметкерлер басқарды. Дін басыларының ықпалы аса күшті болды, халықты күйзелту есебінен бұлардың байлығы арта берді. Елде инквизиция қаһарын төгіп тұрды.

1808 жылы Наполеон әскерлері Испанияға баса-көктеп кірді. Француз әскерлері Испания жеріне кірген күннен-ақ, онда халық соғысы - герилья басталды. Испандықтар партизан отрядтарын ұйымдастырып, шетел басқыншыларына қарсы күресті. 180 мың әскерді бастап, Наполеонның өзі Испанияға басып кірді, қылышын жарқылдатып, жолындағының бәрін қырып-жоя отырып, Мадридке кірді. Бірақ партизан соғысының өрті бүкіл Испанияда қаулай түсті.

Көтеріліс жасаған Сарагосаны 1808 жылы француз әскерлері қоршап алды. Олар сегіз ай бойы Сарагосаны ала алмады. Қаланың тұрғын халқы подвалдарға тығылды, қала түгел дерлік өртеніп кетті, ал артиллерия снарядтары түскен үйлердің қабырғаларынан табанды жауынгерлер мылтығын кезеп атты. Әйелдер жауға қарсы әкелерімен, ағаларымен, ерлерімен бірге шайқасты.

Сонымен бірге шаруалардың көтерілістерінен зәресі ұшқан помещиктер интервент француздарды жақтады.

Испан халқының шетел жаулап алушыларына көрсеткен қарсылығы революцияға ұласты. Революциялық жолмен жиналған кортестер (парламент) 1812 жылы Испанияда конституция қабылдады. Король өкіметі сақталып қалды, бірақ ол заңдарды кортестердің келісімі бойынша шығара алатын болды.

Испан революциясы туралы хабар теңіздің ар жағындағы отарларға да жетті, бұл Орталық және Оңтүстік Америкадағы испан отарларының көтеріліс жасауына себеп болды.

1812 жылы Ресейге жасалған жорық. Наполеонның Ресейге жорық жасаған жасаған жолы, толық апатқа ұшырады. Француз буржуазиясы дүние жүзіне үстемдік етуге тырысып бақты. Ол қуатты Ресейден қауіптенді, сөйтіп Ресейдің күшін Англияға қарсы күреске пайдалану үшін, оны жеңіп алмақ болды. 640 мың адамы бар армияны қаруландырып, Наполеон Ресей жеріне баса-көктеп кірді. Ресейге қарсы соғысуға зорлап жиналған бұл армияда француздардан басқа, неміс, итальян, поляк солдаттары болды.

Соғыстың алғашқы кезінде Ресейдің батыс шекарасында орыс әскерлері аз болды, оның үстіне олар бүкіл шекараның бойына бытырап орналасып жатты. Сондықтан шегінуге тура келді. Можайскіге жақын Бородино

селосының түбінде орыс армиясы Наполеонның негізгі күшімен шайқасқа шықты. 1812 жылдың 7 қыркүйегінде болған Бородино шайқасы ұзаққа созылған, табан тірескен, шайқастардың бірі болды, бұл Наполеонның басты шайқастарының ішінде тұңғыш рет жеңіліске ұшырағаны еді. Бірақ орыс әскерлерінің резервтері болмады. Сондай-ақ Наполеон бір гвардияны ұрысқа қоспай сақтады және әскерін қосымша күшпен нығайтып отырды, Кутузовка, Москваны жауға қалдырып, шегінуге тура келді. Француз әскерлері Москваны басып алған күннің ертеңінде қалада үлкен өрт басталды. Азық-түлік іздеп, Москвадан сыртқа шықпақ болған француздарға орыс әскерлері бас көтертпей, соққы берді. Француз әскерлерінің Москвадан шегінуіне тура келді.

Наполеон Ресейдің Оңтүстігіндегі азық түлігі мол облыстарға карай Калуга жолымен шегінбек болды. Бірақ орыс әскерлері Малоярославец түбінде Наполеон әскерлерінің алдынан шығып, жолын бөгеді. Малоярославец сегіз рет қолдан-қолға көшті, ең ақырында Наполеон Калуга жолын Кутузов бастаған 80 мың солдаты бар орыс армиясы бітеп тастағанын білді. Наполеонға Смоленскіге карай француз әскерлері тып-типыл етіп, түк қалдырмай тонап кеткен жол бойымен шегінуге тура келді. Француздардың соңына түсе отырып, орыс армиясы мен партизандар оларға өлтіре соққы берді. Қыс түсіп, аяздың қысуы Наполеонның армиясының қалғанының қырылуын тездетті.

Наполеон соғыстан ұтылғанын көріп, қырылып жатқан армиясының қалғанын тастады да, күймемен Германияны басып өтіп, 12 күнде Парижге жетті. «Армия қайда?»-деп сұрады одан жұрт. «Армия жоқ», - деп жауап берді ол, Наполеонның зор армиясын орыс халқы, ұлы колбасшы, тамаша патриот М.И. Кутузов бастаған қаһарман армия түгелімен құртып жіберді.

Француз әскерлерінің Ресейде жеңілуі француз империясының күш-қуатын талқандауда зор роль атқарды. 1812 жылғы шетел шапқыншылығына қарсы жүргізілген соғыс тарихқа әділетті, Отан соғысы болып енді. Шаруалар армия қатарында ерлікпен күресті, партизан отрядтарына қосылды. Бірақ халық шетел жаулап алушыларынан отанды азат ету үшін құрбан болып жатқан кезде, патша мен помещиктер өз өкіметін аман сақтап қалып, оны күшейте беруге ұмтылды. Кутузов партизан қозғалысын қуаттаса, патша мен помещиктер оның өрістей түсуіне бөгет жасады.

Орыс әскерлерінің шетелдік жорығы. Өз өкіметін сақтап қалмақ болып, Наполеон жаңадан жиналған, үйретілмеген адамдардан жаңа армияны әзер дегенде құрды. Бұл кезде Германияны Наполеон езгісінен азат еткен орыс армиясы Берлинге кірді, бұларды халық құшақ жайып қарсы алды. Наполеонның Ресейде жеңілуімен және орыс армиясының Берлинге кіруімен байланысты, онда француз басқыншыларына қарсы ұлттық қозғалыс күшейе бастады. Француздардың асығыс жиналған жаңа армиясы 1813 жылы Лейпциг түбіндегі төрт күнге созылған «халықтар шайқасында» тағы жеңілді. Мұнда француз әскеріне қарсы Ресейдің, Пруссияның, Австрияның, Швецияның

әскерлері шайқасты. Шегінген француздар ұзамай-ақ қашуға айналды. Лейпциг түбінде 100 мыңнан астам адам өлді, оның 60 мыңы француздар еді.

1814 жылдың 1-ші қаңтарына қараған түні одақтастар армиясы Францияның шекарасынан өтті, сонан соң науырыз айының аяғында Парижге барып кірді.

Наполеонды еріксіз тағынан тайдырды. Ол Корсика мен Апеннин түбегінің аралығындағы 223 шаршы километрлік кішкентай Эльба аралына жер аударылды. Наполеонды Эльба аралының билеушісі етті, тіпті оған мың солдат қалдырды.

Францияда Бурбондардың өкіметін қайта орнату (Реставрация). Одақтастардың қаруының күші арқасында Францияда революциядан бұрын патшалық құрған Бурбондар әулетінің өкіметі қайта орнады. Өлтірілген король XVI Людовиктің інісі XVIII Людовик король болды. Одақтастардың талабы бойынша, Франция шамамен революциядан бұрынғы шекарасына қайтарылды. Помещиктер мен діни иелері жаппай террор жасады. Францияға оралғаннан кейін, дворяндар мен шіркеу қожалары Бурбондарға революция кезінде кәмпескеленген жерлерін қайтарып беру туралы сөз ете бастады. Бұған жаңа меншік иелері - шаруалар мен буржуазия - наразы болды.

Бурбондарға деген өшпенділіктің күштілігі соншалық, Наполеон өкімет билігін тағы да басып алды. Ол Францияның оңтүстігіне келіп түсіп, Парижге шұғыл бет алды. Қарсы жіберілген әскерлер Наполеон жағына өтіп жатты. XVIII Людовик жанұясымен Бельгия шекарасына қарай қаша жөнелді. 1815 жылы 20 мартта Наполеон Парижге келіп кірді.

Өкімет билігін екінші рет қолына алған Наполеон оны бар болғаны жүз-ақ күн ұстап тұра алды. Бұл оқиғаны тарихта «Наполенның жүз күні» немесе «Қыранның самғау» деп атайды. Наполеон империясының қайта орнауынан үрейленген одақтастар оған қарсы тағы да армия аттандырды. Брюссельге жақын жердегі Ватерлоо түбіндегі ең соңғы үлкен шайқаста, ағылшын-пруссия әскерлері 1815 жылы 18 маусымда Наполеон әскерлерін біржолата күйретті.

Буржуазияның кейбір саяси қайраткерлері Наполеонға халық бұқарасын жәрдемге шақыруды, шаруаларға «1793 жылғы яacobиншілдердің етігін кигізіп», революцияшыл, яcobин ұрандарымен күреске көтеруді ұсынды, бірақ Наполеон одан бас тартты. Наполеон тұтқын ретінде оңтүстіктегі алыс жатқан әулие Елена аралына жөнелтілді. Сонда ол 1821 жылы өлді.

Францияға тағы да өкімет басына Бурбондар әулетінің корольі келді.

Европада реакция дәуірі, дворяндар өкіметі мен олардың артықшылығының қайта орнау дәуірі, алдыңғы қатардағы қоғамдық қозғалыстар мен идеяларды тұншықтыру дәуірі орнады. Франциядағы 1815-1830 жж. бұл кезденді - Реставрация кезеңі деп атайды.

Наполеон армиясын талқандағаннан кейін одақтастар Франциямен қатынастарын реттеуге асықты. 1814 жылы 30 мамырда олар Людовик XVIII – мен бейбіт келісім жасады. Ол Францияның егемендігін және аумақтық тұтастығын қамтамасыз етті. Ол өзінің 1789 жылғы шекарасын сақтады.

Франциямен жасалған келісім Европадағы бейбіт реттеу мәселелерін толық шешпеді. Сондықтан 1814 жылы қыркүйектен - 1815 жылы маусым аралығында Венада еуропалық мемлекеттердің конгресі өтті. Ол Наполеон Империясы талқандалғаннан кейін Европадағы бейбіт реттеу мәселелерін қарастырды.

Венадағы Еуропалық мемлекеттердің конгресі. Наполеонды жеңгеннен кейін барлық еуропалық державалардың өкілдері (Түркиядан басқасы) Еуропада феодалдық тәртіпті және наполеондық соғыс барысында құлатылған бірқатар бұрынғы әулеттерді қайта қалпына келтіру мәселелеріне байланысты шешім қабылдау үшін, Австрия астанасында жиналды. Бұл конгресс қатысушыларын тағы да бір ортақ міндет біріктірген еді – ол революциялық және демократиялық қозғалыстармен күрес. Сонымен қатар конгресс Франциядағы бонапарттық тәртіптің қайта оралмауына және Еуропаны жаулап алу әрекетінің болмауына тұрақты кепілдікті қамтамасыз етуі, сонымен бірге жеңімпаз державалардың территориялық дәмеленулерін қанағаттандыруы қажет болды.

Конгреске Европа мемлекеттерінің барлығының да өкілдері шақырылды. Венаға келген патшалар мен елшілер үшін күн сайын балдар, спектакльдер, серуендер жасалды, аңға шықты. Ал конгресс жыл бойы дерлік «жұмыс істесе де» жұмыс жайындағы мәселелерді талқылау үшін бірде-бір рет бас қоспады. Сондықтан бұл конгрес тарихқа «билеп өткен конгрес» атағымен кірді.

Конгреске қатысушылардың бәрі тең құқықты болды. Алайда барлық мәселені жеңген төрт мемлекеттің - Англияның, Ресейдің, Австрияның, Пруссияның - өкілдерінен құралған «төрттің комитеті» шешті. Олардың атынан Ресей патшасы І Александр, британ сыртқы істер министрі лорд Каслри, Пруссия канцлері князь фон Гарденсбург, Австрия канцлері – князь фон Меттерних және т.б. сөйледі.

1814 ж. Венаға жиналған жеңімпаз мемлекет билеушілері алдарына үш негізгі мақсат қойды: 1) Франция тарапынан қайталануы мүмкін агрессияға қарсы кепілдеме құру; 2) өздерінің жеке территориялық мүдделерін қанағаттандыру; 3) XVIII ғ. француз буржуазиялық революциясының барлық салдарларын жою және ескі феодалдық-абсолюттік тәртіптерді барлық жерлерде қалпына келтіру.

Вена конгресінің маңызды міндеттері монархияларды қалпына келтіру, Наполеон басып алған аумақтарды азат ету, революциялық қозғалыстармен күресу, Францияда бонапартизмнің қайта өркендеуіне жол бермеу, жеңіске жеткендердің аумақтық және басқа да дәмелерін қанағаттандыру болды.

Бұл мәселелерді шешуде конгреске қатысушылар *легитизм* принципін басшылыққа алды. Алайда Еуропалық үкіметтердің көбі бұрынғы 1789 жылға дейінгіге қайта оралудың мүмкін еместігін түсінді және оған монархтардың өздері оралғысы келген жоқ. Сондықтан көптеген монархтар легитизм дегенді - бұл жалпы мойындалған халықаралық келісімдерге негізделген заңды тәртіп деп түсінді. Вена конгресі халықаралық келісімдердің беделін, маңызын

көтеруге тырысты. Ол жаңа Еуропалық тәртіптің негізіне алынуы тиіс еді. Бұл тәртіп ірі мемлекеттер арасындағы соғыстың қайталануы мүмкіндігін жоюға бағытталған еді. Легитизм принципі Наполеон соғыстары аяқталғаннан кейін құрылған Веналық деп аталған халықаралық тәртіптің негізіне алынды.

Вена конгресіндегі дипломатиялық күрес және оның негізгі шешімдері.

23 қыркүйекте, 1814 ж. 1 қазанына белгіленген конгресс ашылуына бір апта қалғанға дейін, Венаға басқа француздық дипломаттармен қатар XVIII Людовиктің сыртқы істер министрі князь Талейран – Перигор келді. Орыс патшасы I Александр Талейранды жақсы танытын еді. Оның патшадан бірнеше рет ақша сұрап алып, бермеген жағдайда ренжімейтіндігі бекер емес еді. Бірақ Талейранның барынша ақылдылығын, икемділігі, тапқырлығы, адамдарды тани білуі оны өте қауіпті қарсыласқа айналдырды. Талейран ұстанымының әлсіз жағы оның Вена конгресінде жеңілген жақтың өкілі болғандығында еді. Талейранның асқан зеректілік пен бұлтармалық қасиет көрсетуіне тура келді. Талейран Венаға келген сәтінде конгрестің басты назары қандай проблемаға ауатынын білген болатын, бұл басты польша – саксон мәселесі еді. Наполеон шегінгеннен кейін, әскері Варшава герцогтығын басып алған I Александр герцогтықты ешкімге де бермейтінін ашық айтты.

Бұл герцогтық, негізінен, Польшаның үш бөлінісінен кейін Пруссия жаулап алған жерлерден тұрған, кейін, 1807 ж. Наполеон тартып алғандықтан, Пруссия королі III Фридрих Вильгельм Пруссияға Саксония корольдігін біріктіру түрінде компенсация ретінде алуға үміттенді. Александр бұл шартпен келісті, оның үстіне Саксония королінің иеліктерін оның ұзақ уақыт бойы Наполеонның одақтасы болғандығы үшін жаза ретінде тартып алуды жоспарлады. Талейран дәл осы негізде күрес ашудың пайдалы болатындығын бірден байқай алды. Ал дипломатиялық күрес Талейранның негізгі мақсатына жету үшін барынша қажет еді: Шомон одағын күйрету, яғни, басқаша сөзбен айтқанда, Австрия, Англия, Ресей және Пруссия арасына жік салу.

1814 ж. сәуір-мамырында Ресей, орыс үкіметінің қарамағындағы әскери күші жағынан ойсыраған, әлсіреген, континенталды Еуропаның басқа мемлекеттерінің барлығынан мықты еді. Осыған байланысты Меттерних конгресті күзге қалдырып, Австрияның біршама есін жинауына мүмкіндік беру үшін жағдай жасады. Александр патша Меттернихті барынша жек көргеніне және оның, онымен бірге Ресейге жаугершілік көзқарастағы, бірақ патшаның көзінше жағымпазданатын лорд Каслри мен француз королі XVIII Людовиктің қаскүнемдігін біліп отырғанына қарамастан, конгресті кейін қалдыруға келісті. Олардың барлығын Александр патша Еуропаның жаңа билеушісінің рөлін орындағысы келуі мүмкін деген ой қатты алаңдатты. Олар алдын ала, соншалықты бірлікпен болмаса да, қарсылық көрсетуге даярланды. Меттерних кезіндегі хатшы және сенімді тұлға публицист Генц басы – қасында болған адам ретінде кейіннен былай деп жазды: «Венаға келген кезде император Александр Австрия, Англия және Франциямен алакөз қарым – қатынаста еді». Лорд Каслри Александрға, Меттернихке қарағанда, едәуір жағымсыз еді. Икемсіз, Англияда революцияның болуынан қорқатын, орыс

дипломатиясына сенімсіз көзқараспен қарайтын ағылшындық сыртқы істер министріне Александр «салқынқанды педант (тақуа)» деген мінездеме берді, қалай болғанда да Каслри Меттерних секілді ұятты жинап қойып, үнемі алдай бермейтін еді.

І Александр XVIII Людовиктің босаған француз тағына отырғанын онша қаламады. Ал ол таққа отырған кезде Александр Францияға конституциялық хартияны сыйға беру керектігін талап етті. Бұл, әрине, оған конституциялық мекемелердің ұнағанын емес. Бірақ патша секілді ақылды да икемді корсикандық Поццо-ди-Борго, патшаның француз істері жөніндегі кеңесшісі, егер Францияда найзағай тартқыш ретінде конституциялық құрылым орнатылмаса, Бурбондар әулетін жаңа революция жойып жіберетініне сенімді болды. Александр король XVIII Людовик пен оның ағасы Карл Артуаға жағымсыз көзқараста еді, ал олар болса, өз кезегінде, патшадан қорқатын және оның қамқорлығынан құтылу үшін әр түрлі айлаға баруға әзір еді.

Талейран Венаға келген соң төрт «ұлы» держава өкілдерінің жиналысына қатысуға шақырылды. Ол бұл жиналысқа жеңілген ұлттың өкілі секілді емес, тәкәппарлықпен, өз-өзіне деген сенімділікпен келіп, жиналғандардан француз делегациясының калған мүшелері неліктен бұл жиналысқа шақырылмағанын сұрап, Пруссиядан болса, тек қана Гарденберг емес, В.Гумбольдтың да қатысып отырғанын айтып кетті. Одан соң алдын ала даярланған қаулыдағы «одақтастар» сөзіне тоқталды. «Егер одақтас державалар болатын болса, онда мен мұнда артықпын» - деп мәлімдеген ол, Францияның конгрестің басқарушысы комитетіне жіберілуін талап етті. Париж трактатына сегіз державаның өкілдері қол қойғандықтан, Талейран Испания, Португалия және Швеция өкілдерін шақыруды талап етті. Қалай болғанда да, ол басқарушы комитет құрамына енуге қол жеткізді, сөйтіп одақтастарды бір-бірімен ұрыстырып, қарама-қарсы қою мақсатында қастық жасау мүмкіндігін алды.

1814 ж. қазан айының бас кезінде Талейран император Александрға келді. Олардың арасында өте жағымсыз түсініктеме болды. Талейран өзінің «легитимизм принципін» ұсынды. Онда Александр революциялық соғыстарға дейін Ресейдің иелігінде болмаған Польша бөлігінен бас тартуы, ал Пруссия Саксонияға көз салмауы қажет делінді. Патшаның Ресейді өз жеңісінен тиесілі пайдасын алу керек деген сөзіне жауап ретінде Талейран: «Мен пайдадан құқықты жоғары қоямын!» - деді. Осы сөз, жалпы алғанда, өзін - өзі ұстай білетін Александрды шыдам шегінен шығарды. Құқықтың киелілігі туралы әңгіменің кезінде Эрфуртта Александрдың өзіне Наполеонды сатып, ол үшін ресейлік қазынадан ақшалай төлем алған соң Талейран айтып тұр еді. «одан да соғыс!» - деп мәлімдеді Александр.

Одан кейін лорд Касльримен келіссөз жүргізілді. І Александр оған «Польшаны бөлу кезінде жіберілген моральдық күнәмді жөндеуге шешім қабылдадым», - деп мәлімдеді. Ресей императоры дәл осы Вена конгресінде бұрынғы Польшаның барлық бөліктерін тез арада біріктіруді міндет етіп қоймайды. Ол әзірше Польша территориясының өзінің әскері 1814 ж. басып алған бөлігі туралы ғана айта алады. Ол Польшаның осы бөлігінен Польша

корольдігін қалпына келтіріп қана қоймай, осы конституциялық корольдікке Ресей 1807 ж. алған Белосток округын, сонымен бірге 1809 ж. алған Тарнополь округын қосады.

Касльри, патшаның Польшаға бергісі келіп отырған конституциясын өтсе «либералды», сондықтан да Австрия мен Пруссия үшін қауіпті деп тапты. Ол австриялық және пруссиялық поляктар конституцияны пайдаланып отырған қандастарына қарап толқуы мүмкін деген қауіпін білдірді. Патша Польшаның тәуелсіздігі мен еркіндігі үшін әрекет жасап отырғанын дәлелдегеніне байланысты, буржуазиялық Англияның министрі соншалықты либералды болмауын ұсынды.

Австрия үкіметі Польшада либералдық тәртіптің орнауынан, Ресейдің польша жерінің көп бөлігін қосып алу арқылы күшейіп кетуінен ағылшын үкіметінен де ары қауіптенді. Австрия канцлері осы кезде Касльриге тығырықтан шығудың мынадай жолын ұсынды: Пруссияның өкілетті өкілі Гарденбергке Австрия мен Англияның бүкіл Саксонияны Пруссия короліне беруге келісетіндігі туралы айту керек. Ал Пруссия болса, өз кезегінде, Александрдан бас тартып, Австрия мен Англияға қосылады, сөйтіп патшаның Польшаны (Варшава герцогтығын) иеленуін болдырмайды. Осылайша, Саксония корольдің Александрдан бас тартқаны үшін төлем ретінде болуы тиіс еді.

Король III Фридрих-Вильгельм бұл жоспардан бас тартуды шешті. Меттерних пен Касльридің Талейранды ойға алынған мәмілеге қоспауы тектен-тек емес екендігі белгілі болды. Пруссия королі өз жағдайының соншалықты қауіпті екендігін кенет түсінді: Талейран барлық нәрсені I Александрға айтып қойса не болады, ең бастысы, оның өзі Франция мен Ресейдің Пруссияға қарсы бірлескен дипломатиялық, мүмкін тек қана дипломатиялық емес әрекеттер жасауын ұсынса қайтеді? Француз-орыс одағының сұмдығы, тильзиттік және тильзиттен кейінгі уақыттың өкініші әлі де ойдан кетпеген еді. Ойластыра келе, король III Фридрих-Вильгельм Александрға өзінің адамгершілігін дәлелдеу үшін барлығын мәлімдеу керек деп шешті. Патша Меттернихті шақырып алып, ашық сөйлесті. Бұл туралы Талейран XVIII Людовикке табалаушылықпен жеткізіп, Александр Меттернихпен кінәлі күтушіден де жаман сөйлескенін айтты.

Конгресс жұмысы ішкі күрестің кесірінен алға жылжымай қойды. Сол кезде Талейран бұрынғы көздеген мақсатын сақтай отырып, тактикасын өзгертті: жеңіскерлер қатарында алауыздықты тереңдету. Франция болса, Ресейдің күшеюіне кедергі келтіруге емес, Францияның тікелей көршісі әрі жауы Пруссияның күшеюіне кедергі жасауға мүдделі болатын. Сондықтан Талейран Александрға Францияның Александрдың өз империясы шегінде Польша корольдігін құруына Англия мен Австрияның қарсы тұруын қолдамайтындығын, бірақ Саксонияның Пруссия короліне берілуіне келіспейтіндігі туралы мәлімдеді. III Фридрих-Вильгельмнің де, оның дипломатиялық өкілдері Гарденберг пен Гумбольдтың да конгресте атқарған рөлі маңызсыз болатын. Оған Саксонияны беруге сөз берілді.

Александр саксондық корольдігі сатқын деп атады, Саксонияны Польшаның бір бөлігіне айырбас ретінде ғана ала алады деп корольді сендірді. Сөйтіп Пруссия королі біраз уақытқа тыныштанды. Талейранның іс-әрекетін бұрынғы одақтастардың арасындағы шиеленісті қарама-қайшылық және Ресей мен Пруссияның жоспарларына ағылшын және австрия дипломатиясының белсенді қарсылық көрсетуі жеңілдетті. Қандай жолмен болса да, Ресейдің күшеюіне кедергі келтіріп, оның Наполеонды талқандау арқылы қол жеткізген ықпалын шектеуге ұмтылған Каслри мен Меттерних Франциямен жасырын одақ құруға дейін барды. Талейран, әрине, Францияның жеңіскерлерін ажырату мүмкіндігін жіберіп алмауға тырысты. 1815 ж. 3 қаңтарында жасырын келісімге үш держава өкілдері қол қойды. Ол Ресей мен Пруссияға қарсы бағыттталып, Австрия, Франция және Англияны «егер жоғары келісім жасаған жақтардың біріне бірі немесе бірнеше державалар тарапынан қауіп төнсе, әрқайсысы 150 мың солдаты бар армия жіберу арқылы бір-біріне көмекке келуге» міндеттеді. Үш қатысушының үшеуі де қарсыластармен сепаратты бейбіт келісім жасаспауды міндетіне алды. Әрине, келісім Александрдан, кез келген басқа адамнан да қатаң құпияда сақталатын болды. Оның бір данасы Венада Меттернихте қалды; екіншісі Талейранға беріліп, тез арада Парижге король XVIII Людовикке жіберілді; үшіншісі Каслридің қолына тапсырылып, ол ағылшындық принц-регент Георгқа жеткізді.

Бұл жасырын келісімнің саксондық жобаға қарсы қуатты күшейткені соншалық, Александрдың ажырауға барудан, мүмкін соғысқа кіруден немесе келісуден басқа амалы қалмады. Польшада қалағанының бәрін алғаннан кейін ол ұлы үш державамен Пруссия үшін ұрысқысы, одан жаманы – соғысқысы келмеді. Ол мынаған жол берді: Пруссияға Саксонияның тек бір бөлігі берілді. Саксония королі өз иелігіне тұрақты орнығып алды. Ол шынына келсек, едәуір кішірейген болатын.

Вена конгресі Германияның саяси бытыраңқылығын бекітті. Александр Меттерних секілді, Англия бұл мәселеге бейтарап қарады, ал Пруссия болса, күреске араласқысы келгенмен, әлсіз еді. Вена конгресі қайраткерлерінің барлық ой шабыты барлық жақтың да көтеріліп келе жатқан буржуазия мүдделеріне қандай да бір жеңілдік жасағысы келмейтіндіктерін дәлелдеді; неміс халықының Германияның бірігуіне артқан үміттің күл-талқан болуы реакцияның салтанат құруындағы тағы бір сипатты сызық болды.

Меттернихтің жоспарына сәйкес, конгресс «Германдық одақ» деп аталған ұйым құруды көздеді. Бұл одақ істерін жүргізу үшін «Германдық сейм» құрылды. Одаққа Австрия, Пруссия және басқа германдық мемлекеттер (жалпы саны – 38) енгізілді. Германдық одақтың міндетіне, Меттернихтің ойлауы бойынша, Францияның Рейнге қарай келешекте болуы мүмкін жаңа қозғалысына кедергі жасау, сонымен бірге Австрияның Германияда басшылық жасауын қамтамасыз ету кірді.

Франкфурт қаласында орналасқан сеймге төрағалық ету австриялық

өкілге жүктелді, ал сеймдегі дауыс берулер соңғы шешімді Австрия қабылдайтындай етіп бөлінді. Әрине, бұл сұрқия құрылым герман халқын біріктіруге емес, керісінше, оның бөлшектелгендігін мәңгіге қалдыруға және ұсақ феодалдық монархияны сақтап қалуға бағытталған еді. Осылайша, Германия тағы да, Ф.Энгельстің бейнелі сипаттамасына сәйкес, бұрын, дәлірек айтсақ, Германияның батыс бөлігінде француз революциясы және Наполеон талқандады деген «дінге сенушілік астауының» қасында қалды.

Конгресс өз жұмысын қорытындылауға кірісіп кеткен шақта, кенет оның қатысушыларын күтпеген жаңалық есеңгіретіп жіберді. 1 наурыз күні Наполеон Францияға кірді. Ал тағы үш аптадан кейін, 1815 ж. 20 наурызында Наполеон Парижге кірді. Империя қайта қалпына келтірілді. Вена конгресіндегі алауыздықтар туралы өсектің Наполеонның Эльбаны тастап шығуында басты рөл атқарғаны сөзсіз. Оны Парижде ғажайып сыйлық күтіп тұр еді. Кіруіне тек бір тәулік қалған кезде ғана қашқан Наполеон корольдің кабинетінде 1815 ж. 3 қаңтардағы баяғы жасырын келісімді тауып алды. Бұл Талейран арқылы XVIII Людовикке жіберілген үш көшірменің біреуі еді. Корольдің асыққаны соншалық, үстелінің үстіне осы құжатты қалдырып кеткен болатын. Наполеон жаушы әзірлеуге бұйрық беріп, оны осы пакетпен Венаға жібереді. Наполеон бұл пакетті император I Александрға тапсыруға бұйрық берді.

Александрдың өзіне қарсы бағытталған жасырын келісімді алғаш ашып оқығанына куәгер болған Будякиннің көрсетуінше, патша ашудан қызарып кетеді, дегенмен өзін - өзі ұстап қалады. Наполеон қайта оралғаннан бері патшаның Еуропаны құтқаруына үміт артып жүрген Меттернихке келген кезде, Александр оған үнсіз ғана австриялық канцлердің дипломатиялық шығармашылығының жасырын жемісін ұсынады. Меттерних қатты сасып, өмірінде бірінші әрі соңғы рет айтарға өтірік таппай қалады.

Дегенмен де, Наполеон алдындағы қорқыныш белең алып, Александр сол жерде Меттернихке қалай болғанда да олардың ортақ жауы Наполеон екендігін мәлімдейді. 1815 ж. 18 маусымында Ватерлоо түбінде Наполеон жеңіліске ұшырағаннан кейін, Францияда Бурбондар екінші рет қайта қалпына келеді.

Ватерлооға дейін бірнеше күн қалғанда, 1815 ж. 9 маусымында Вена конгресінің соңғы жиналысы болды, онда 121 баптан және 17 жеке қосымшадан тұратын «Қорытынды актыға» қол қойылды. Конгреске қатысушылар мығым нәрсе құрдық деп ойлады. Бірақ конгрестің реакциялық утопиясы жаңа өндірістік қатынастарға да, Еуропадағы феодализм мен абсолютизмнің ескі қондырғыларын күйреткен жиырма бес жылдық күреске де қарамастан, жер шарының осы бөлігін ескірген құрылым шеңберінде ұстап қалуда болатын. Бұл утопия конгрестің барлық іс-әрекетінің негізінде жатты.

Бельгия Голландияның жаңа короліне сыйланды; Данияға, Шлезвигтен басқа, немістік Гольштейн берілді; Германия 38 дербес мемлекетке бөлініп қала берді. Польша тағы да үш бөлікке бөлінді, оның үстіне бұрынғы Варшава герцогтығының жерінен жаңа Польша корольдігі құрылды. Ол, конгрестің

шешімі бойынша, «Ресеймен үздіксіз байланыста» болуы және Ресей патшасы сыйға тартқан конституциямен басқарылуы қажет еді. Познань, Гданьск (Данциг) және Торунь – Пруссияның, ал Батыс Украина (Галиция) Австрияның иелігінде қалды. Краков қаласы, «оған қарасты облыспен бірге, Ресейдің, Австрияның және Пруссияның қамқорлығындағы «мәңгілікке еркін, тәуелсіз және бейтарап қала» деп жарияланды.

Пруссия өзі айрылған польшалық территориялар үшін төлем ретінде, Саксонияның солтүстік бөлігінен басқа, Рюген аралын және шведтік Померанияны, ал батыста Рейн – Вестфаль облысын алды. Нәтижесінде Гогенцоллерлер корольдігі, Талейран мен Меттерних тарапынан қарсылық болғанына қарамастан, патша жағынан қолдау берілуінің нәтижесінде және конгресте ағылшын дипломаттары ұстаған позицияға орай күшейе түсті. Пруссияның екі бөлікке – ескі, шығыс және жаңа, батыс бөліктеріне бөлініп қалағанына қарамастан, ол 1815 ж. кейін-ақ күш жинап, көршілері үшін қауіпті бола бастады.

Тирольды, Вальтелинаны, Триесті, Далмация мен Иллирияны алған Австрия да едәуір күшейді. Моденада, Тосканада және Пармада таққа император І Францтың жақын туыстары отырды, олар Австриямен одақтастық туралы келісім жасасқан болатын. Бурбондар билігі қалпына келтірілген екі Сицилия корольдігі Австриямен және Папа облысымен осындай келісімдер жасасты. Сөйтіп, Габсбургтар билігі саяси бөлшектелген жағдайдағы Италияның барлық территориясына таралды.

Қуатты екі еуропалық держава-Англия мен Ресейдің Франциямен ұзақ мерзімді соғыстан едәуір нығайып, күшейіп шықты. Англия өзінің бұрын да аз болмаған отарлық иеліктерін кеңейтті. Ол өзінің басты бәсекелесі – Францияны шетке шығару арқылы толыққанды «теңіз иесі» болып қалды және басқа елдерді өзі орнатқан тонаушылық сипаттағы «теңіз құқығын» мойындауға мәжбүр етті, яғни ол ашық теңізде бейтарап елдердің сауда кемелерін жау жағалауына апара жатқан тауарларын алып қою мақсатында тоқтатып, қарау «құқығына» ие болды. Әсіресе британдық биліктің ағылшын буржуазиясының Таяу және Орта Шығыс елдеріне барар жолдағы әскери-теңіз базаларына айналған Мальта аралында және Ионикалық аралдарда орнауы маңызды орын алды.

Патшалық Ресей наполеондық Франциямен соғыстардан Варшава гер - цогтығы, Финляндия және Бессарабия жерлерінің есебінен едәур кеңейіп шықты. «Вена конгресі Ресейге Польша патшалығын әкелді», - деп әділетті жазды кейінірек Ф.Энгельс, сонымен қатар «патшаның қазіргі Еуропада алған орны бәрінен де маңыздырақ» деп атап өтті. Еуропалық континентте Ресейге тең келетін бәсекелес қалмады.

Негізгі саяси және территориялық мәселелерді шешуден басқа, Вена конгресі Бас трактатқа қосымша актылар ретіндегі бірқатар арнайы қосымша қаулылар қабылдады. Олардың ішінде 1815 ж. 8 ақпанында қол қойылған «Державалардың негрлерді сатуын жою жөніндегі Декларация», 1815 ж. 19 наурызында конгресс қабылдаған «Дипломатиялық өкілдердің

рангілері туралы Ереже» маңызды орын алады. Соңғы ереже алғаш рет әр түрлі дипломатиялық қызметке халықаралық құқық нормасы ретінде ұзақ уақытқа енді және осы күнге дейін күшінде. Бұл қаулы XVII ғ. дипломатиялық тәжірибесінде әдеттегідей болып қалған үлкендік туралы шексіз ұрыстар мен қақтығыстарға нүкте қойды. Рангілер былайша белгіленді: 1) елші, папалық легат және нунций; 2) өкіл; 3) сенімді өкіл. Кейінірек, 1818 ж. бұл үш рангіге министр-резидент рангісі енгізілді, ол өкіл мен сенімді өкілдің арасына қойылды.

II Екатерина билеу кезіндегі Ресей мемлекеті. Петр I өлімінен кейін, оның реформаторлық бағытын Екатерина II (1762-1796) жалғастырды. Ол орыс халқының ұлттық мүдделерін таныта білді және тарихта елді отыз төрт жыл билеген ұлы императрица ретінде өшпес атын қалдырды. Н.М. Карамзин Екатеринаның реформаторлық ісін бағалай отырып, былай деді: «Екатерина II I Петр айбындылығының нағыз мұрагері және Ресейдің екінші жаңартушысы болды». Оның билеген кезеңі хронологиялық шегін түрлі тарихшы ғалымдар әр түрлі анықтаған «ағартушылық абсолютизм» дәуірінің бастамасы болды.

Ағартушылық абсолютизм – жалпы еуропалық құбылыс. Орта топтың ағартушылары әлеуметтік-экономикалық қатынастардың еш күйзеліссіз эволюциялық ауысуына шақырды, бұл Еуропа монархтарына тиімді болып, корольдер ойлағандай олардың тағына деген қауіптің көзін жоя алатын корольдер мен философтар одағын құруға мүмкіндік жасады. Еуропада ол Пруссия королі Фридрих II, швед королі Густав III, Австрия императоры Иосиф II сияқты көрнекті өкілдер арқылы көрінді. Бұл дәуір француз ағартушыларының идеяларына толып, экономикалық және саяси билікке қарсы өз наразылықтарын ашық көрсетіп, деспоттық билеушілерді және католик шіркеуінің озбырлығын қатты сынаған жаңа таптың – буржуазияның пайда болуымен сипатталады.

II Екатерина өзіне дейінгі бастамашыларға серік болған саяси тұрақсыздық пен сарай төңкерістерінің топтамасын ұмытқан жоқ, бұл Екатеринаны жеке билігін нығайту туралы ойға итермеледі, онсыз ол түбегейлі өзгерістерді іске асыру мүмкін емес деп санады. Ол сол заманда билеп тұрған заңнаманың жетілмегендігін, елдегі құқық тәртібінің мүлдем жоқтығын түсінді, бұрынғы жарлықтардың авторлары ескі ойларды нұсқаулыққа алып отырғандықтан, ол жарлықтардың көбісі орындауға жарамсыз болып қалды деп санады. Императрица еуропалық білімі бар адам болғандықтан алда тұрған өзгертулердің қажеттілігін жақсы түсінді де, Ш.П. Монтескье, Вольтер, Д. Аламбер, Д. Дидроның және «білімді абсолютизм» идеясының басқа да шабыттандырушыларының жұмыстарын мұқият зерттей бастайды. Саяси реформалардың карама-қайшылықтарына қарамастан, Ресей империясында II Екатеринаның қызметі Ресейдің алдағы тарихы үшін айтулы оқиғаға айналды. Ол көп жағдайда Ресей дамуының тарихи таңдауына әлемдік тарихтың жетекші субъектісі ретінде әсер еткен үрдістер мен артықшылықтарды анықтай білді.

II Екатерина ролі қазіргі қоғамдық үрдістердің теориялық талдауында өзектілігін жоғалтқан жоқ.

«Құдай мені әкелген елге мен тек игілік тілеймін. Ол бұған куә» деген еді II Екатерина.

Ресей мемлекеті тарихының әрқашан өзіндік, басқа мемлекеттердің тарихына ұқсамайтын, тіпті кейде феноменальды ерекшелігі болды. Олай болмағанда, орыс тарихының «алтын ғасыры» императрица II Екатерина

есімімен барлық әлемге танымал неміс ханшайымы София Августа Фредерика Анхальт-Цербстская атымен көп байланысты екенін қалай түсіндіруге болады?

II Екатерина туралы тарихи әдебиеттің сан алуандығы ол туралы адам, әйел немесе мемлекет билеушісі ретінде бір жақты пікір айтуға ерік бермейді. Көптеген қарама-қайшы мәліметтер әр түрлі ғұмырнамаларды, романдар мен зерттеулерді келтіреді.

Сонымен қатар, даусыз деректер де бар, мысалы, II Екатеринаның билік еткен шағы ресейде «Ағартушылық абсолютизм» ғасыры деп аталған, оның мақсаты сол уақыттағы құрылымды заңнамалық шаралармен орнықтыру және ақырында мемлекеттің күш-қуатын нығайту болды.

II Екатеринаның басқаруында мемлекеттік және губерниялық басқару, заң шығару, мәдениет, ағарту және денсаулық сақтау салаларында көптеген реформалар жүргізілді. Және де бұл реформалардың нәтижелері ондаған жылдарға ілгері мемлекеттің ішкі ғана емес, сыртқы саясатын да болжап қойды.

II Екатерина 1789 жылдың 2 сәуірінде Померания герцогствосының бас қаласы Штеттинде дүниеге келді. Оған София Фредерика Августа Ангальт-Цербстская есімін берді.

Ангальт-Цербстская ханшайымының балалық шағы қарапайым ортада өтті. Сол кезде, өзінің айтарлықтай ерте шағында болашақ императрица айырықша ақылын және қатал мінезін әлденеше рет көрсеткен.

Жас София саяхаттауды қатты ұнатқан және осы жағынан анасы Иоганна Елизавета екеуінің ықыластары ұқсас болды. Иоганна Елизавета кез-келген сылтаумен күйеуі және балаларымен бірге саяхатқа баруға дайын болатын. Дегенмен, шақырулар жан-жақтан келетін. Сөйтіп, олар бір сарайдан екіншісіне барып жүретін: Цербст, Гамбург, Брауншвейг, Ойтин, Киль және тіпті Берлинге. Осы кезден-ак кішкентай неміс ханшайымы өзіне бағынушылардың емес, билеушілердің әлемінде жүруге тура келетінін түсінді. 1739 жылы анасының немере ағасы Адольф Фридрих Голштейн-Готторпский ұйымдастырған мерекеге қатысу үшін ата-анасы Софианы Кильге алып барады. Дәл осы жерде он жасар ханшайым Ұлы Петрдың немересі жас Карл Петр Ульрих Гольштейнскиймен пікір алысады, оны Швеция немесе Ресей тағына үміткерлердің бірі болуы мүкін деп айтатын.

1744 жыл қарсаңында Софианың әкесі Христиан Августке курьер пошта пакетін әкеліп береді. Оның ішінде Санкт-Петербургтегі ұлы князь Карл Петр Ульрих сарайының обер-гофмаршалы Брюмерден келген хат болды. Хат Софианын анасы Элизабет Анхальт-Цербстская ханшайымға арналған еді және келесі жолдарды қамтыды: «Оның императорлық әмірі императрица Елизавета Петровнаң жедел және ерекше бұйрығы бойынша, оның ұлы әміршісі сіздің ұлы әміршіңіз үлкен қызы ханшайыммен бірге Ресейдегі император сарайы орналасқан қалаға шұғыл келгенін қалайтынын сізге, ханым, хабарлаймын... Сіздің әміршіңізге осы асығыстықтың нағыз себебі неде екені, оның императорлық әміршісі оны және ол туралы көп жақсы

пікірлер айтылатын үлкен қызы ханшайымды неге көргісі келетіні түсінікті болуы тиіс...». Неміс ханшайымының тағдыры осылай шешілді.

1744 жылдың 10 қаңтарында Иоганна Елизавета және София алыс және қиын сапарға Ресейге аттанады.

9 ақпанда жихангерлер Мәскеуге келеді, ал келесі күні бал ұйымдастырылады, осы балда София сарайға таныстырылады. Осы кезден бастап оның мүлдем өзгеше өмірі басталады.

1744 жылдың 28 маусымында София Православие діні бойынша шоқындырылып, оған Екатерина есімі беріледі, ал 1745 жылдың 21 тамызында болашақ императрица мен ұлы князь Петрдың некесі қиылады.

II Екатеринаның тұлғасы император сарайының көп назарын өзіне аудартады. Басқаша болуы мүмкін де емес, өйткені ол текті жалғастырушы, империя мұрагерінің анасы болуы тиіс еді. Сондықтан, 1754 жылдың 20 қыркүйегінде Екатеринаның ұлы Павел туғанда Екатеринаның ұмытылып кеткені ғажап емес. Патша айналасының барлық ықыласы Павел Петровичке аударылды.

Екатерина өзін кітап оқумен жұбаныш етеді. Ол Тациттің «Анналы», Вольтердің «Эссе о нравах и духе нации» шығармаларын, Монтескьенің «О духе законов» кітабын оқиды. Монтескьедан ол либерализмді үйренеді, оны жеке билікке қанағатсыздық үркітеді, ол жақсылық, теңдік және ақыл-парасат орнаған тәртіпті армандайды. Вольтер оны қоғамдық істерді жүргізген кездегі игі ықпалдарға үйретеді, деспотизмнің де табысқа жетуге мүмкіндігі болғанда, тек қана ол «оқыған» болса болғаны. Ал Тацит оны сабырлы және мейірімсіз бақылаушының көзқарасы бойынша тарихи оқиғаларды талдауға үйретеді. Ол, сонымен қатар, өзі таба алған орыс кітаптарын да оқиды. Екатерина қоғам, мемлекет және әділетті басқару проблемалары жайында көп ойлана бастайды. Іс жүзінде осы уақыттан бастап II Екатеринаның император тағына қарай жолы басталады. Сол кездің өзінде оның санасында билік басына отыру айқын белгіленді: «Не өлем, не билеймін», – деп жазған ол.

1762 жылы императрица Елизавета қайтыс болып, билік басына III Петр келеді. Ол небәрі жарты жыл елді басқарып, осы уақыт ішінде жаппай наразылықты туғызуға үлгереді. Екатерина дайындаған және ақсүйектік гвардияның көмегімен өткізілген қарулы көтеріліс нәтижесінде III Петр тақтан құлатылады.

Екатерина билікті өз ұлы Павелге бермеуді және регент болмауды ұйғарады. Оның әрекеттері өзіне императрица болуға бағытталады.

II Екатеринаның таққа отыру рәсімін 1762 жылдың 22 қыркүйегінде, яғни III Петр тақтан тайдырылғаннан кейін үш айдан аз уақыт өткен соң, Мәскеуде өткізуге белгіленеді. Осы қысқа мерзім ішінде, таққа отырғызу рәсіміне дайындықпен қатар, болашақ императрица бар жігерімен мемлекетті басқаруға кіріседі.

Әрине, ол өзінің жағдайының сенімді емес екенін түсініп, сондықтан тез арада тиянақты жағдай құрғысы келеді. Ол Елизавета мен III Петр кезінде

қызмет еткен мемлекеттік қайраткерлерді өз орындарында қалдырып, осылайша өзінің данышпандығын көрсетеді.

Екатерина империяны кітаптардан үйренген принциптерге сүйеніп басқармақ болады. Ол билікке келместен бұрын сол ойларын таңдаулы стильде мазмұндаған: «Құдай мені әкелген елге мен тек игілік тілеймін... Держава даңқы – менің де даңқым».

Монархтың «шексіз билігін» және Ресейдің басқа мемлекеттерден үстемдігін дәріптей отыра, Екатерина, бәрінен бұрын, халқының игілігіне орай басқаруды ұйғарады. Философтардың ілімдеріне берік болып, ол крепостнойлық құқықты мінейді: «Еркін туған адамдарды құлға айналдыру христиан дініне және әділеттілікке қарама-қайшы...» «Еркіндік, сен – бәрінің жанысың, сенсіз бәрі өлі. Мен адамдардың заңға бағынғанын қалаймын, бірақ құлдықты қаламаймын».

Екатеринаның айналасындағылар саясатқа алданбаған бұл жас әйелдің бәрін көруге, түсінуге, бәрін сынауға, бәрін өзі шешуге тырысатынына таң қалады. Оның қоғамдық істердегі тәжірибесіздігі оны мүлдем жасқандырмайды, керісінше, іс-әрекетке ынталандыратын сияқты.

II Екатерина төрелерді аяусыз сұрақтарымен және азаматтық борышқа үздіксіз шақыруларымен жаңылдырып, министрлер Кеңесінің барлық отырыстарын, Сенаттың барлық отырыстарын басқарады. Екатерина мемлекеттік басқару ісінде тәртіп орнатуға тырысады. Сонымен қатар, оның сын сөздері мен ұсыныстарын тындай отырып, сенаторлар мен министрлер оның дұрыстығын мойындайды.

Батыс мәдениетінде оның дағдылы классификациялауымен, өзінің ашықтығымен, епті ақылымен және жеңілмейтін өмірлік қуатымен қалыптасып кеткен Екатерина енді өзінің халқы болып кеткен Ресей халқының немқұрайлығына, қиялшылдығына және фатализміне ашуланады және таң қалады. Оны ол ұлы және тамаша деп санайды. Ол сол халыққа лайық болғысы келеді.

Қуаныштың кернеуімен ол былай жазады: «Әлем ешқашан скифтен (басқаша айтқанда, орыс) асқан қайратты, оң сынды, адал, адамгершілігі мол, рақымды, жомарт және елгезек адамды жаратқан емес. Ешкім онымен кескінінің дұрыстығы, сұлулығы мен шырайының түсі бойынша, бітімділігі, сымбаттылығы және бойы бойынша, қолдарымен, аяқтарымен немесе шымыр, жүйкелі және бұлшық етті денесімен, қалың сақалымен, ұзын және қою шаштарымен тең келмейді. Ол табиғатынан тік және адал, оған қулық пен өтірік жат, бұл айла-тәсілдерді жек көреді. Ол теңі жоқ жаяу жауынгер және шабандоз, теңізші және эконо. Ешкім ол сияқты өз балалары мен жақындарын жақсы көре алмайды. Ол тумысынан ата-анасын және басшылығын сыйлай біледі. Ол бұйрықтарды жылдам әрі нақты орындайды, ол ешкімге ұқсамаған сенімді адам».

Бұнымен бір мезгілде Екатерина Украина, Поволожье жерлерін игеру үшін неміс колонисттерін шақырады; оларды әскери борышынан босатып, оларға он жыл мерзімге дейін қоныс тебуге пайызсыз несие береді, оларды

отыз жылға қандай да бір салықтардан босатып, дін тұту еркіндігіне кепіл береді. Орыс жерінде еңбекқор, адал, парасатты және өте жігерлі шет ел шаруаларының отарларын құру, императрицаның ойынша, орыс жігітінің олардың үлгісі бойынша жерді өңдеуді жетілдіруге және тұрмыс қалпын жақсартуға итермелеуі тиіс еді. Әрине, Екатеринаның пікірінше игілік болатын осындай ой, басыбайлылардың бағынышты жағдайын помещикке қарасты ескермейді.

Сонымен қатар Екатерина Ресейге Еуропаның бұрыш-бұрышынан дәрігерлерді, сәулетшілерді, инженерлерді және қолөнершілерді шақырды. Ол мемлекеттің саудаға араласуын жояды. Қарамайды, зығыр дәнін, балауызды, майды, темірді, кендірді, уылдырықты және сақарды экспортқа шығарғысы келетін әрбір адам мемлекеттен қолдау көруі тиіс. Көпестерге саудадағы тәртіпсіздік пен енжарлыққа қарсы күресі үшін, кәсіпкерлік рухын дамыту үшін одақтарға бірігуге бұйрық берілді. Халықтың қолданысындағы тиындардың әр түрлі сорттарын қайта бақылайтын қаржы полициясы құрылды. Басқа комиссия әскери әлемдегі жемқорлықпен күресу амалдарын зерттейді. Үшінші комиссия әскердегі реформамен айналысады, арсеналдарды, казармаларды құрады және стратегиялық маңыздағы жолдарды салады.

Көп кешікпей II Екатерина өзінің прогресске берілгендігін дәлелдейтін тағы бір қадам жасайды: ғылым Академиясын кеңейтеді. Оның өз қолымен жазған хатында мынадай сөздер бар: «Лайықты білімі бар әрбір адам, әлі күнге дейін басыбайлы болса да, Академияның мүшесі бола алады. Олар бәрі де, адъюнкттер де, академиктер де, сонымен бірге олардың балалары да және барлық ұрпақтары мәңгілік еркін адамдар; Оларды және олардың ұрпақтарын қайта басыбайлы қылуы ешкімнің де құқығы жоқ».

Дәл осындай қоғам тарапынан қамқорлық тастанды балаларға арналған жетімдер үйін немесе Тәрбие үйін құру идеясында да көрінді. Балаларға білім беру бағдарламасында ең бастысы – мамандықтарды және қолөнер кәсібін игеру: «Ұлдар егін шаруашылығы мен бағбаншылық ежелерін меңгереді, ал қыздар інжіл әйелдердің, мықты және Гомер жырлаған еңбексүйгіш жарлардың үлгісі бойынша тағам әзірлеуді, нан пісіруді және сол тәріздес өнерлерді үйренеді... Осылайша жұмыссыздықты, салақтықты, жалқаулық пен олардың барлық кемістіктеріне бастау болатын кемшіліктерді білмейтін адамдар ұрпақтары пайда болады».

Сонымен қатар, Екатеринаның ғылым, білім, денсаулық сақтау саласындағы барлық революциялық қайта құруларымен қатар крепостнойлық құқықтың гүлденуі орын алады.

Өз заманындағы азаттық сүйгіш монархтардың бірі ретінде Вольтер мен Дидо мадақтаған Екатерина крепостнойлық құқықты барлық Ресейдің бұрыннан азат оңтүстігі – Малороссияға және Азат Украинаға таратты. Миллионнан астам еркін шаруаларды Екатерина өзінің фавориттеріне және жоғарғы топ өкілдеріне таратып берді.

II Екатерина заманында басыбайлы шаруалар өздерінің қалған жеке бас бостандықтарын да жоғалтып, «шоқындырылған жеке меншікке» айналды. Императрица шаруаларға өз помещиктерінің заңға қайшы әрекеттері үшін мемлекет өкілдеріне шағымдануға тыйым салған кезде соңғы нүкте қойылды. Ағартушылық туралы көп сөздер айтып, II Екатерина тәжірибе жүзінде крепостнойлық шаруалардың білім алуын барынша кешіктіруге тырысты. Мысалы, Екатерина Мәскеу губернаторына былай жазған: «мен мектептерді жасамаймын, бірақ Еуропа үшін біздің халықты ағарту ісіне деген қарым-қатынасымызды қоғам пікірінде сақтап қалуымыз керек. Біздің шаруалар білім алғысы келген күні Сіз де, мен де өз орнымызда қалмаймыз».

Сонымен қатар, болашақта, II Екатерина барлық крепостнойлық шаруалардың 1785 жылдан кейін туған балаларын еркін деп жариялауды көздеді. Егер бұл құжат қабылданып, жарияланса, крепостнойлық құқық тез-ақ жойылып кететін еді. Бірақ бұған ақсүйектер, жалпы «жоғарғы тап» жол бермеді.

Ал 90-жылдары II Екатерина өмірінің аяқталып келе жатқанын түсінгенде және әдетте екіжүзденбейтін кезде оның күйініп есіне алатыны: «Олар (крепостнойлар) дәл біз сияқты адамдар екенін айтқың-ақ келген кезде, тіпті мен өзім солай айтқан кезде, маған тас лақтыра бастайды деген қауіп туады. Тіпті граф Александр Сергеевич Строганов, ең биязы, ең адамгершілігі мол, жүрегінің жақсылығы әлсіздікпен шектесетін осы адамның өзі де наразылықпен және құштарлықпен құлдық ісін қорғады... Менің ойымша, осы мәселе бойынша адамгершілікпен және адам сияқты ойлаған тіпті жиырма адам болған жоқ».

Императрица өзінің «Заңдар жинағын жасау туралы талаптар» деп атайтын өмірлік маңызы бар ісіне келеді. Ресей 1649 жылы патша Алексей Михайлович жариялаған «Уложение» деп аталатын ескі, күрделі және қатал кодекс бойынша әлі өмір сүріп жатты. Ұлы Петр, I Екатерина, II Петр және Анна Ивановна енгізген өзгертулер заңнаманы көп түсіндірген жоқ. Бұл құжат жаңартуды талап етті. Ал Екатерина осы зор еңбекке құпия түрде кіріседі.

«Наказ» бойынша жұмыс істеген кезде Екатерина тек Монтескьенің ғана емес, 1764 жылы «О преступлениях и наказаниях» трактаты жарыққа шыққан итальяндық заңгер Чезаре Беккарианың еңбектерін пайдаланған. Барлық осы кірмелер олардың мағынасын өзгертетін бір тұтас болып жинақталды. «Наказ» ақсүйектердің әдеттен тыс либерализмді түсіндіруі болып айналды. Монтескье мен Беккари әміршілердің киімімен бір қолында әділ соттың таразысымен, ал екіншісінде қамшымен көз алдына келіп тұрады. Бұл кодекс емес, бұл заң шығарушы келешекте сақталуы тиіс принциптердің тізімі. 655 тарауға бөлінген осы принциптер автор ойының прогресс туралы қам жеуі мен дәстүрлерді сақтауы арасында, теңдік және артықшылықтарды сыйлаудың, абсолютизмнің қажеттілігі және шыдамдылыққа ұмтылу арасында тұрақсызданып жүргенін дәлелдейді. Әрбір жазған жолымен Екатерина қайырымдылыққа, әділеттілікке, патриотизмге, ақыл-парасатқа шақырады.

1766 жылы күзде Екатерина өзі өз еңбегін Сенатқа ұсынып, заң шығару бойынша комиссия немесе Үлкен комиссияны құруды бұйырды. Оның міндеті – халық жағдайын алдын ала біліп, «Наказда» жазылған принциптерді кодификациялау.

Халықтан тілектері жайында сұралсын! Әрбір губерния, қоғамның әр табы өздерінің тілектерін «Құрмет дәптерлеріне» жазуға мәжбүр етілсін. Көпшілік заңдарды алыстан болсын жазуға тартылсын! Міне революция! Сенаторлар не істеу керектігін білмейді: бұл батылдықтан шошу керек пе, алде қуану керек пе.

Үлкен комиссияға қатысуға Сенат, Синод және алқалардың өкілдері ғана емес, сонымен қатар ақсүйектерден, қала тұрғындарынан және шаруалардан делегаттар шақыртылды, әрине, крепостнойлардан басқасы. Ақсүйектер уезден бір депутаттан таңдайды, және де дауыс беруге барлық ақсүйектер қатысуға құқылы. Қалалардан – бір депутаттан, ал сайлаушы бола алатын тек үй қожалары. Ауыл шаруаларының (еркін төрешіл шаруалардан) ішінен әр губерниядан бір адамнан сайланады. Ақсүйектерден немесе қала тұрғындарынан сайланған депутат болу үшін жас шамасы жиырма бестен аз болмауы тиіс және мінсіз беделі болуы керек. Ауыл шаруаларының арасынан жасы отыз беске толған тұрмыс құрған жанұядағы әке депутат бола алады. Депутаттар бес мүшеден тұратын комитет құрастырған сайлаушылардан талаптар дәптерін алады. Олардың шығындарын қазына төлейді, олар өмір бойына өлім жазасынан, жәбір-жападан, тән жазасынан және мүлік тәркілеуден босатылған. Тәжірибе жүзінде сайлау құлшыныссыз өтеді, тартынатындар көп болады. Егер өзі сайланса, бұл артық міндеттер мен жауапкершілік болады деп әркім қорқады. Сонымен қатар қызығушылық танытатын көп адамдарға, кандидаттар болсын, сайлаушылар болсын, тұрғылықты орны мен уез орталығының ара қашықтығы өте үлкен!

Ақыр соңында зорға Үлкен комиссия құрылды, оның әмірінде 1441 талаптар дәптері бар.

1767 жылдың көктемінде депутаттар жиналып императрицаға сол бастамасы үшін алғыс айту үшін оны қалай атау керектігін ойлай бастайды: «Ұлы Екатерина» деп пе, «Асқан данагөй», «Отан анасы» деп пе? Осы пікірталасқа бірнеше отырыс жұмсалды. Екатерина абыржи бастайды. «Мен оларды заңдарды зерттеу үшін жинасам, – деп жазды ол ассамблея төрағасы граф Бибиовке, – ал бұлар менің құндылықтарымның анатомиясымен айналысуда». «Ұлы Екатерина» лауазымы дауыстардың ең көбін жинады. Патшайымға осындай атақты беріп, Үлкен комиссия жұмысқа кіріседі. Комиссия басты мемлекеттік мекемелердің 28 өкілінен және крепостнойлардан басқа қоғамның әр түрлі таптары сайлаған 536 депутаттан құралған. Олардың міндеті – православиеліктерге де, мұсылмандарға да, татар далаларының және Украинаның бай өлкелерінің тұрғындарына да, мәскеуліктерге де, сібірліктерге де жарайтын заңдарды шығару. Көп ұзамай олар бұл іс қолдарынан келмейтінін түсінеді. Екатерина олардың отырысының көбіне қатысады. Өз империясы ақылдыларының ой жағдайларының бейнесін

көруге үміттенген Екатерина «Дәптерді» оқыған кезде көңілі қайтқанын түсінді. Ресейде қоғамдық пікір жоқ деп қарама-қарсы шығуға тура келеді. Қудалануға ұшыраудан қауіптеніп, ешкімнің шағымдануға батылы жетпейді. Ал басқару мәселелеріне қатысты, әркім «императрицаның даналығы мен аналық қамқорлығына» сүйенеді. Көбінесе ақсүйектер өз артықшылықтарын кеңейтуді, ал көпестер – ақсүйектер сияқты крепостнойларды иемдену құқығын сұрайды. Ал крепостнойлардың болса тіпті дауыс беру құқығы жоқ. Алайда Үлкен комиссия таратып жіберілді. Шамасы, Ресей мемлекеті мемлекеттік басқарудағы осындай ауқымды өзгерістерге дайын болмаған, әсіресе мемлекеттік билік, азаматтардың құқықтары мен міндеттері аясындағы қайта құруларға.

Заңдар халықтың «жалпы білімсінуіне» сәйкес келу керек дегенге сүйеніп, II Екатерина әуелгі баста принципіалды сұрақ қояды: еуропалық қоғамдық ойдың орыс халқына шығарған шешімі қаншалықты пайдалы болуы мүмкін? Оның жауабы бір мәнді: «Ресей – Еуропа державасы, орыс халқы – Еуропа халқы; еуропалық емес ерекшеліктері болғаны – уақытша және кездейсоқ». I Петр жүргізген реформалардан кейін орыс халқының жағдайы толықтай жаңа Заңдар жинағын енгізу талаптарына сәйкес келеді.

Алайда II Екатерина қатты қателескен еді. Ресей «қоғам» ретінде енді ғана құрыла бастады. Тіпті Еуропада заңнаманың озық ойлары көбінесе заң болып жүзеге асырылмаған ойлар ғана болатын. «Өз отанын амандықтың, даңқтың және тыныштықтың ең жоғарғы сатысында көру» тілегінде ол өз заманын белгіледі. Бұл тілек оған сөгіс бола алмайды.

II Екатеринаның самодержавиелік монархияны үлкен Ресей мемлекетіндегі ең жақсы билік формасы деп санағаны да ғажап емес. «Патша самодержавиелік, өйткені ол кісінің біріктірілген билігінен басқа ешбір билік осыншама үлкен мемлекеттің кеңдігі іспетті әрекет ете алмас. Қандай да болсын өзге басқарма Ресейге зиянды болып қана қоймай, ақырында жоқшылыққа ұшырататын еді». «Патша барлық мемлекеттік және азаматтық билік көзі болып табылады», - деп жазылған «Наказда».

Бірақ II Екатеринаның түсінігі бойынша самодержавиелік патша диктатор және есерсоқ та емес. Ол данышпан жетекші және ұстаз, өз құзырындағы адамдарға қатал, бірақ әділетті әке (ал II Екатеринаны жиі «патшайым ана – императрица» деп ұлықтайтын). Патша өсиеттерімен және жарлықтарымен халқын «өздігінен пайда болатын тілектерден және табанды ниеттерден» қорғайды. Ол шамасына қарай адамгершілікті және өктемшіл болуы керек. «Наказдың» (XX) негізгі мазмұнын қорытындылайтын арнайы «түсіндіретін» тарауда былай жазылған: «мемлекеттік басқарудағы ең жоғарғы өнер оның әр түрлі жағдайларда биліктің қай бөлігін, азын ба, әлде көбін бе, пайдалану керектігін білуінде».

Сонымен қатар екінші қосымша тарауда Ресей императрицасы мемлекеттік ең маңызды «қажеттіліктер» деп әлдеқайда нақтысын атайды: «мемлекет амандығын сақтап қалу», ол үшін қорғанысты, құрлық және теңіз әскерін, қамалдарды, т.б. тиісті деңгейінде ұстау қажет; «ішкі тәртіпті,

әркімнің және бәрінің тыныштығын және қауіпсіздігін сақтау»; «әділеттілікті, қоғамдық орындарының мінез-құлық ережелерін және әр түрлі заңдарды бақылауды қызметшілердің жалпы пайдаға жұмсауы» т.б.

Ал Ресей империясының дұрыс жағдайына қатысты Екатерина келесі пікірін айтады.

Ресей мемлекеті құзырындағы барлық адамдар «азаматтар» болып табылады және шеніне, атағына және байлығына қарамастан заң алдында тең болып табылады. Сонымен қатар «түсіндіретін» XX тарауда Екатерина теңдікті осылай түсінуден сақтандырады, онда «әр адам заң бойынша оларға басшы болып бекітілген адаммен тең болғысы келеді».

«Еуропалық мемлекеттер Азия мемлекеттерінен оның құзырындағы адамдардың қарым-қатынасының еркіндігімен ерекшеленетінін» түсініп, II Екатерина осы бостандықтың немесе самодержавиелік мемлекеттегі «еркіндіктің» өлшемін анықтауға тырысады. «Еркіндік – ол заңмен рұқсат етілгендердің бәрін істеу, ал егер азаматтардың бірі заңмен тыйым салынғанды жасаса, онда енді еркіндік болмас еді; өйткені басқалардың да бірдей осындай билігі болар еді».

Одан кейін «азаматтағы мемлекет еркіндігі олардың бәрі өзінің қауіпсіздігімен рахаттанады деген пікірден туатын рух тыныштығы болып табылады; және адамдар еркін болуы үшін заң бір адам екіншісінен қорқатындай емес, барлығы бір заңнан қорқатындай болуы тиіс».

Заңдардың мақсаты бір жағынан «күлділықты теріс пайдаланбауда», ал екінші жағынан одан туатын қауіптерден сақтандыру болып табылады.

Екатерина ерекше көңіл аударып айтқандай, заңдарды түсіндіру құқығынан қорқынышты ештеңе жоқ, яғни заңнан қандай да бір жасырын мағына іздеп, сөздерге, заң анықтамаларына көңіл аудармау. Заңдарды түсіндіру оларды түсіндіруге мәжбүрлейтін сол заңдардың анық еместігі сияқты жамандық болып табылады (153, 157 бап). Сондықтан заңдар тілі түсінікті, қарапайым және қысқа болуы керек. Заңдар барлығына ортақ жасалынады және оларға сәйкес әрекет жасау үшін, барлық адамдар оларды түсінуі керек (457, 458 бап).

«Наказда» «азаматтық қоғам» термині қолданылатыны естен кетпес, бірақ оның түсінігі біреулер билеп, басқарады, ал басқалар бағынады деген тәртіпке әкеледі (250 бап).

II Екатерина шығармасында «құқықтық мемлекет» термині жоқ, оны құрайтын кейбір белгілер мен ерекшеліктер, немесе ондайға формалды түрде жақын сипаттар, онда көрсетілген.

Бұдан басқа, биліктің өзін-өзі тежеуі туралы да айтылады. 512 бапта «билік өзі өзіне қойған шектеулерді ескеріп, әрекет жасауы тиіс» деп айтылады. Әрине, бұнда абсолюттік болуы тиіс жоғарғы билік емес, оларға бағынатын «орта билік», олардың арасындағы құзіреттерді шектеу айтылады. «Полиция билігінің шегі аяқталатын жерде азаматтық әділ сот билігі басталады, – делінген 562 бапта.

Үлкен комиссияның таратылуына қарамастан, оның жұмысы нәтижелерінің үлкен мәні болды. Шын мәнісінде, Екатерина орыс қоғамының пікірін естігісі келген және естіген алғашқы Ресей билеушісі болды. Келешекте императрица әсіресе губерниялық мекемелер мен сословиелерге қатысты ірі реформаларды жүзеге асырып, осы мәліметтерді пайдаланған. Бұл II Екатеринаның мемлекетті билеуден гөрі сол мемлекеттің дамуы жайлы ойлағанын тағы бір дәлелдейді.

Маңызды өзгертулер сословиелік принцип бойынша құрылған сот жүйесін де қозғаған: әрбір сословиенің өз соты болды. Ақсүйектерді губерниялық қалалардағы жоғарғы земстволық сот және уездік қалалардағы уездік сот соттады. Қала тұрғындарын губерниялық және қалалық магистраттар, ал мемлекет шаруаларын жоғарғы және төменгі сот жазалары соттады. Губернияларда бітістіру және аралық инстанцияның функцияларын атқаратын үш сословиеден тұратын ар-намыс соты құрылды. Барлық сословиелік соттар таңдаулы болды. Одан жоғары сот инстанциясы губернияларда құрылған сот палаталары – азаматтық және қылмыстық болды, олардың мүшелері сайланбайтын, тағайындалатын болды. Сенат империяның жоғарғы сот органы болды.

1775 жылы мемлекет губернияларды басқаруда да өзгеріс күткен. Осылайша, II Екатерина губернияларды басқару үшін биліктің бюрократиялық аппаратын нығайтқан және губерниялар санын 50 дейін көбейткен Мекеме құрды. Бір губернияда саны 400 мыңнан аспайтын халық тұрды. Бірнеше губерния наместниктікті құрады. Губернаторлар мен наменгерлерді II Екатеринаның өзі орыс ақсүйектері арасынан таңдап, олар Екатеринаның нұсқаулары бойынша әрекет етті. Вице-губернатор, екі губернатор кеңесшісі және губерния прокуроры губернатор көмекшілері болды. Мемлекеттік табысты Қазыналық Палата басқарды (қазына кірістері мен шығындары, қазына мүлкі, өтеп алу және монополия мүліктері, т.б.), ал губернатор Қазыналық палатаны басқарды. Губернатор прокуроры барлық сот мекемелеріне басшылық етті. Қалаларды мемлекет тағайындайтын қала бастығы лауазымы болған. Губерния уездерге бөлінді. Көптеген үлкен ауылдар уездік қалаларға айналды. Уезде билік ақсүйектер жиналысында сайланатын капитан-исправникке қарады. Әр уездік қалада сот, ал губерниялық қалада – жоғарғы сот құрылды. Алым-салықтарды төлеуге ыңғайлы болуы үшін әр уездік қалада Қазыналық ашылды.

1775 жылғы губерниялық реформа арқылы құрылған жергілікті басқару жүйесі 1864 жылға дейін сақталғаны, ал ол жасаған әкімшілік-аймақтық бөліну Қазан революциясына дейін сақталғаны есте қаларлық оқиға.

Басты сословие ақсүйектерді мойындаса, айрықша сословие көпестер мен мещандарды мойындады. Ақсүйектер мемлекеттік қызметті атқарып, ауыл шаруашылығын жүргізу керек болды, ал көпестер мен мещандар саудамен және өнеркәсіппен айналысуға тиіс болды.

Ақсүйектердің сословиелік артықшылықтарын рәсімдеу мақсатында, 1785 жылы ақсүйектерге арналған Сый грамотасы шықты. «Мәртебелі Ресей

ақсүйектерінің еркіндігі мен артықшылықтары құқығына арналған грамота» заңнамалық актісімен рәсімделген ақсүйектер артықшылықтарының жинағы болды.

II Екатерина ақсүйектерді міндетті қызметтен босатты. Байқалғандай, ақсүйектерді толығымен босату келесі фактілерге негізделген. Осылайша, әскери және азаматтық басқарудың әр түрлі істерінен хабардар адамдардың жеткілікті саны қалыптасты. Негізінде, ақсүйектердің өздері де мемлекетке қызмет етудің қажеттілігін түсінді және отан үшін қан төккенді абырой деп санады. Сонымен қатар, ақсүйектер өмір бойы жерлерінен айырылған кезде көптеген шаруашылықтар құлап, мемлекет экономикасына жаман әсерін тигізді.

Мемлекеттегі ең басты сословие ақсүйектерді Сый грамотасымен мойындады және олар салық төлеуден босатылып, оларға тән жазасын қолдануға болмайтын, тек ақсүйектер соты ғана оларды соттай алатын. Тек ақсүйектердің ғана жерді және крепостнойлық шаруаларды иелену құқығы болды. Сонымен қатар олардың жеке қожалықтарында жер асты кендері болды, олар саудамен айналысып, зауыттар құруға құқылы еді, үйлері әскерлерден босатылып, қожалықтары тәркілеуге жатпайтын. Ақсүйектердің өзін өздері билеуге құқықтары болды, олар «ақсүйектер қоғамын» құрды, оның органы губернияда және уезде әр үш жылда бір шақырылатын, ақсүйектердің губерниялық және уездік қолбасшыларды, сот маслихатшыларын және уездік әкімшілікті басқаратын капитан-исправниктарды сайлайтын ақсүйектер жиналысы болды.

Грамотамен қатар ақсүйектерге қалаларға арналған Сый грамотасы берілді. II Екатеринаның осы заңнамалық актісі сайлаушылар қатарын біраз кеңейтіп, жаңа сайланған қала мекемелерін құрды. Қала тұрғындары мүліктік және қоғамдық белгілері бойынша алты топқа бөлінді: «нағыз қала тұрғындары» – ақсүйектерден, шенеуніктерден, дін басыларынан құрылған жылжымайтын мүлік иелері; үш гильдияның көпестері; цехтарға жазылған қолөнершілер; шетелдіктер мен және басқа қалалықтар; «атақты азаматтар»; «посад халқы», яғни қалада өнеркәсіппен немесе қолөнермен күн көретін басқа азаматтар. Бұл топтар қалаларға берілген Сый грамоталары бойынша жаңа өзіндік басқармаларға ие болды. Үш жылда бір рет «қала қауымының» жиналысы шақырылды, оған тек ең ауқатты адамдар ғана қатысатын. Қала думасының бір басқарушысы және алты мүшесінен құралған «жалпы қалалық дума» тұрақты қала мекемесі болды. Қалалардағы магистраттар соттық сайлау мекемелері болды.

1783-84 жылдары II Екатерина жастарға арнап «Орыс тарихи жазбаларын» жариялады. Оларда адамзат жергілікті ерекшеліктердің әсерінен түрлерін ғана өзгертетін бірдей идеяларды және құмарлықтарды барлық жерде нұсқау етіп қолданады деген ойлар болды. «Жазбаларда» орыс-Ресей тарихының дәуірлерге бөлінуі ұсынылды, одан кейіндеу отандық тарихнама орын алды.

Императрица ғалымдарға арналған мұрағаттарды ашуға бұйрық берді, «Ежелгі Ресей кітапханасының» басылымдарына көмектесті.

II Екатеринаның «Мен бұл тарихты (Ресейдің) есімнен адасқанша жақсы көремін» деген сөзінде әсірелеу де жоқ, адалдық та жоқ. Қайтыс болардан бірнеше күн бұрын барон Ф.М. Гриммге жазған хатында үлкен тарихи еңбек жазып жатқанын хабарлайды.

II Екатерина жүзеге асырған басты жобалар осындай болды. Ол жоспарындағылардың бәрін іске асыруға үлгермеді. Осылайша, шаруалар реформасы соңына дейін жазылмай қалды, тақ мұрагерлігі туралы заң да жарыққа шығарылмады.

Сонымен қатар, императрицаның мемлекет пен қоғамға көрсеткен еңбегі өте көп екені сөзсіз. II Екатеринаның өлімімен орыс тарихының бір дәуірі аяқталды. Ресей артта қалған, феодалдық мемлекеттен күшті әскері бар және халықаралық қарым-қатынастарда алдыңғы қатардағы қуатты полициялық-төрешілдік мемлекетке айналды. Жаңа орыс мәдениетінің, ұлттық ғылымның және өнердің қалыптасуындағы маңызды кезең аяқталды. «Екатерина сарайындағы ағылшын министрі - П.А. Вяземский куә болғандай, - оны жерлеу кезінде былай деген: «On enterre la Russie» (Ресейді көміп жатыр)».

Шынымен, II Екатеринаның өлімімен сол екпінді XVIII ғасырдағы Ресей өткенге кетіп қалды.

Ресей тарихында II Екатерина заң бойынша ең әйгілі билеушілердің бірі болып саналады. Оның ойларының озықтығы I Петрдың ойларынан кем болған жоқ.

Бұдан басқа ол тамаша шеберлікпен билікті сақтай отырып, бірқатар маңызды мемлекеттік реформаларды жүргізе білді, бұны бәріне, сонымен қатар қазіргі мемлекет қайраткерлері үшін еліктеуге тұрарлық өнеге екенін сөзсіз мойындауға болады.

Қорытындылай келе II Екатеринаның Ресей халқына және мемлекетіне шын берілгендігінің тағы бір дәлелін келтіруге болады. Екатерина өзінің болашақтағы құлпытасына арнап келесі эпитафияны былай деп жазды: «Бұнда Екінші Екатерина марқұм жатыр. Ол III Петрге тұрмысқа шығу үшін 1744 жылы Ресейге келді. Он төрт жасында ол үш түрлі мәні бар шешім қабылдады: өз күйеуіне, Елизаветаға және халқына ұнау. Ол бұл жағынан жетістікке жету үшін ештеңені назарынан тыс қалдырған емес. Көңілсіздік пен жалғыздыққа толы он сегіз жас оған көп кітап оқуға себеп болды. Ресей тағына отырған кезде ол өз қарамағындағы адамдарға бақыт, бостандық және материалдық амандық беру үшін бар іждағатын салды. Ол оңай кешіріп, ешкімді де жек көрген емес. Ол мейірімді болды, өмірді сүйді, көңілді пейілімен ерекшеленді, өзінің сенімі бойынша нағыз республикашыл және мейірімді жүрек иесі болды. Оның достары болды. Жұмысты оңай атқарды. Ол ақсүйектердің ойын-сауығын және өнерді жақсы көрді».

Тақырып бойынша бақылау сұрақтары:

1. Патша І Петрды реформаларды жүргізуге итермелеген негізгі себептер қандай?
2. І Петрдың қайта құруларының мәні мен ерекшеліктері неде?
3. Ресейдің І Петрдың патшалық еткен кезіндегі сыртқы саясатының негізгі бағыттары қандай болды?
4. І Петрдың мемлекеттік-әкімшілік саласындағы қайта құруларының мазмұны неде?
5. І Петрдың мемлекеттік-әкімшілік саласындағы қайта құруларының мазмұны неде?
6. І Петрдың әскери реформаларының мазмұны неде?
7. І Петрдың әлеуметтік салада жасаған реформалары нені көздеді?
8. XVIII ғ. бірінші ширегіндегі Ресей империясындағы билік және басқару органдары қай мекемелердің қолында болды?
9. Рухани саладағы І Петрдың жасаған реформалары қандай?
10. Ресейдегі «батысшылдар» І Петрдың қайта құруларын қалай бағалайды?
11. Ресейдегі «славянофильдер» І Петрдың қайта құруларын қалай бағалайды?
12. І Петрдың қайта құруларын кеңестік тарихнама қалай бағалайды?
13. Қазіргі заманғы Ресей Федерациясының тарихшылары І Петрдың қайта құруларын қалай бағалайды?
14. «Ағартушылық абсолютизм» деген не?
15. 1775 жылғы ІІ Екаторинаның уездік және губерниялық реформасы нені көздеді?
16. XVIII ғ. аяғында Ресейде қандай сословиелер мен сословиялық категориялар өмір сүрді?
17. Емельян Пугачев бастаған казактық-шаруалар көтерілісі қай жылдары болды?
18. Ресей империясы Польшаның қанша бөлісіне қатысты?

7 - дәріс. XIX ғ. 70-ші жж. - 1914 ж. дейінгі халықаралық қатынастар.

1. XIX ғ. 70-80 жж. халықаралық қатынастар.
2. XIX ғасырдың 80-90-шы жылдарындағы халықаралық қатынастар.
3. XX ғасырдың басындағы халықаралық қатынастар.

XIX ғасырдың 70-80-жылдарындағы халықаралық қатынастар.

XIX ғасырдың 50-70 жылдарының басындағы ұлттық соғыстар Европаның бет-бейнесін өзгертті. Негізгі державалардың құрамы өзгерді. Бұл соғыстарға дейін Австрия, Ресей, Франция, Ұлыбритания, Пруссия еуропалық саясатқа белгілі бір дәрежеде ықпал етіп отырды. Енді Пруссияның орнын Герман империясы басты. Онымен бірге Италия да Европаның басты державасының бірі роліне үміттен бастады. Ұлттық соғыстарда жеңіске

жеткен Германия мен Италия еуропалық саясатта алдыңғы орынға шықты, ал қалған державалардың оларға орын беруіне тура келді. Қырым соғысынан кейін және экономикалық техникалық әлсіздігіне байланысты, Ресейдің күші де әлсіреді. 1866 жылғы Пруссиямен соғыстағы жеңілістен кейін Австрия империясы да әлсіреді. Ұлыбританияның күші белгілі бір дәрежеде өсті. Қырым соғысынан кейін оның еуропалық істерге араласуы төмендеп, ол «жалтырауық оқшаулану» саясатын әрі жалғастырды. Еуропалық саясаттан гөрі, Ұлыбритания отарлық саясатқа көп көңіл бөле бастады. Бұл уақытта Ұлыбританияны Европадағы күштердің арасалмағы қанағаттандырды, әсіресе Франция мен Ресейдің әлсіреуі. Осы оқиғалардың негізінде Еуропаның белгілі бір дәрежеде тыныштануы жүзеге асты. Салыстырмалы түрде алғанда дамудың бейбіт кезеңі басталды.

Біріккен Германия халықаралық аренада Бисмарктың бастауымен белсенді еуропалық саясат жүргізе бастады. Бисмарк Францияны оқшаулау үшін Австрия-Венгриямен де, Ресеймен де достық қатынастар орнатуға тырысты. 1873 ж. 24 сәуірде Ресей мен Австро-Венгрия арасында одақтық келісімге қол қойылды. Оған Германия да қосылды. Осылайша 3 мемлекеттің соғыс бола қалған жағдайда өзара көмек және халықаралық мәселелерде өзара кеңесуге міндеттенген тобы пайда болды. Ол «Үш императорлар одағы» деп аталды. Үш император І Вильгельм (Германия), Франц Йосиф (Австрия-Венгрия), II Александр (Ресей) алдында 1872 ж. қыркүйекте кездескен болатын.

Бисмарк Францияны жаңа соғысқа арандатқысы келді. Оны Францияда жүріп жатқан әскери реформалар туралы хабар алаңдатты. Бұл кезең Еуропа және халықаралық қатынастар тарихына 1875 ж. «әскери дабыл» деген атпен енді.

XIX ғ. 70-ж. ортасына қарай негізгі оқиғалар Таяу Шығыста өтті. Бұл кезең тарихи әдебиетте «1875-1877 жылдардағы «Шығыс дағдарысы» деген атпен мәлім.

1871 жылы Қара теңіздің бейтараптығына қол жеткізген Ресей Балканда өз ықпалын қалпына келтіруге тырысты. 1) Ол түрік сұлтаны қоластындағы христиандарды қолдады; 2) Қара теңіз бұғаздарына өз бақылауын орнатуға тырысты. Босфор, Дарданелл бұғаздары Ресей үшін маңызды болды. Орыс-австрия қайшылықтарының шиеленісуіне XIX ғ. 70-ж. ортасында Осман үстемдігіне қарсы Балкан халықтарының азаттық қозғалысының тарихта бұрын болмаған дәрежеде өрлеуі әсер етті. 1875 ж. жазда түрік үстемдігіне қарсы Осман империясындағы католиктер, православтар, мұсылмандар мекендеген Босния және Герцеговина провинциясы тұрғындары көтерілді. Порта XIX ғ. 30-40 жж. берген христиандар мен мұсылмандарды әлеуметтік жағынан теңестіру туралы уәдесін орындамады. Герцеговина мен Боснияда көтеріліс басталғанда Австрия-Венгрия бұл түріктің ішкі істері оған араласпаймыз дегенімен алайда кейін Австрия-Венгрия Босния мен Герцеговинаны өзіне қосып алуға тырысты. Ұлыбритания мен Австрия-Венгрияны негізінен Осман империясының тағдыры толғандырды, олар

Балкандағы өз ықпалдарын жоюға мүмкін Осман империясының күйреуін болдыртпауға тырысты.

1877 ж.12(24) сәуірде Ресей Түркияға соғыс жариялады. Румыниядан басқа Ресей жағында Сербия мен Черногория соғысқа кірісті. Түрік бекінісі Плевна көп айлар қоршаудан кейін ғана берілді. Балканда орыс әскерлері Стамбулға жақындады. Түркиямен жасасқан бітім бойынша, Ресей Закавказьеде түріктердің Ардаган, Карс, Батум қалаларын алды. 1878 ж.19 ақпанда түрік астанасы маңындағы Сан-Стефано деген жерде уақытша бітімге қол қойылды. Алайда Сан-Стефано келісіміне Еуропалық елдер қарсы болды. Әсіресе Ұлыбритания мен Австрия-Венгрия бітімді қайта қарауды талап етті. 1878 ж. маусым - шілдеде Берлинде негізгі еуропалық мемлекеттер және Осман империясы қатысқан халықаралық конгресс болды. Оның шешімдері бойынша, Румыния, Сербия, Черногория тәуелсіз мемлекет болды. Дунай мен Балкан таулары арасында дербес Болгар княздығы құрылды. Сан-Стефано келісім шартын қайта қарау Ресейдің мүддесіне нұқсан келтірді. Сондықтан Берлин конгресінің шешімдері Ресей, Болгарияда наразылық туғызды. Берлин конгресінің басты қатесі - еуропалық державалардың көпшілігінің Балкандағы мүддесін және күштер балансын орнатқанымен, оның қатысушылары балкан халықтарының талап-тілегімен есептеспеді.

Орыс-түрік соғысы және Берлин конгресі Австрия-Венгрия мен Ресейдің арасындағы қайшылықтардың бірден шиеленісуіне әкелді. Ресей мен Австрия-Венгрия Балкан түбегіндегі жаңадан құрылған жас тәуелсіз мемлекеттерге өз ықпалын жүргізу үшін бәсекелесті. Бастапқыда Ресей ықпалы басым болды. Алайда бірте-бірте балкан мемлекеттері Австрия-Венгрия ықпалына түсті.1881ж. Сербия Австрия-Венгриямен құпия келісім жасады, онда Сербия Босния мен Герцеговинаға дәмесінен бас тартты. Австрия-Венгрияның қолдауымен 1882 ж. Милан Обренович өзін Сербияда король деп жариялайды, 1885 ж. ол Болгарияға қарсы соғыс ашты. 1883 ж. Румыния, Германия, Австрия-Венгрия, Италия одағына қосылды.

XIX ғасырдың 80-90-шы жылдарындағы халықаралық қатынастар.

1878 ж. Берлин конгресінен кейін күштердің арасалмағында біраз өзгерістер болды. Ең алдымен орыс-герман қатынастары нашарлап, Германияның Австрия-Венгриямен жақындасуы басталды. Бисмарк Ресей мен Австрия-Венгрия арасы ақыры түпкілікті шиеленісетіні түсініп, ол Ресей мен Австрия-Венгрияның қайсысын жақтайды деген мәселелерде ол сенімді әріптес ретінде Австрия-Венгрияны көрді. Өз таңдауын Австрия-Венгрияға тоқтатқан Германия 1879 ж.7 қазанда Венада Австрия-Венгриямен одақтастық жөніндегі құпия келісімге қол қойды,ол бойынша 2 жақтың біріне Ресей соғыс ашса бір-біріне көмектесуге міндеттенді. Солтүстік Африканы отарлық бөлісу үшін пайда болған Франция мен Италия арасындағы қайшылықтардың шиеленісуін пайдаланған Бисмарк Италиямен жақындаса бастайды.1882 ж.20 мамырда Венада Германия, Австрия-Венгрия, Италия арасындағы Үштік Одақ туралы келісімге қол қойылды. Германия, Австрия-Венгрия, Италияға

Франция соғыс ашса көмектесуге уәде берді. Германияның сыртқы саясатындағы бұл бетбұрыс бірден жүзеге асырылды.

Бисмарк Ресеймен қатынасты үзгісі келмеді, оның Франциямен жақындасуын болдыртпауға тырысты. 1885 ж. Шығыс Румелияда Болгария княздығымен бірігуді талап еткен көтерілістер туды. Солтүстік және оңтүстік Болгария бірікті, алайда бұл Берлин трактаты ережелеріне қайшы келді, сондықтан Балкандағы жанжалдарға еуропалық державалар араласты. Осы жағдайда Болгарияда мемлекеттік төңкеріс болып, князь Александр Баттенбергский биліктен тайдырылып, оның орнына 1887 ж. Австрия-Венгрия, Германия қолдаған Фердинанд Саксен-Кобургский билікке келді. Ресей үшін Болгар дағдарысының жағымсыз шешілуі, оның Австрия-Венгриямен және Германиямен қатынастарын нашарлатты. 1887 ж. 6 (18) қарашада Берлинде «Алдын ала қайта қауіпсіздендіру» деп аталған орыс-герман келісіміне қол қойылды. Ресеймен қатынастары нашарлай бастаған Германия Ұлыбританиямен қатынастарын жақсартуға тырысты.

XIX ғ. 60 ж аяғы-70 ж. еуропалық саясаттың оқиғалары көптеген еуропалық мемлекеттер үкіметінің көңілін өзіне аударды. Олар белгілі бір уақытта отарларға деген өз назарларын бәсеңдетті. Франция белсенді отарлық саясаттан уақытша бас тартты. Германия да осылай, тек қана Ұлыбритания мен Ресей ғана өздерінің отарлық экспансиясының қарқынын төмендетпеді.

Ұлыбританияның отарлық мүдделері жан-жақты болды. Ол Африканың оңтүстігінде өз отарлық иеліктерін кеңейтуге күш салды. Отаршылдық әскерлері бурлардың жерлерін және африкалық тайпалар жерлерін тартып алды. 1879-1880 жж. британ отаршылдары зулус тайпасының қарсылығын басты. Үндістанды бағындырғаннан кейін олар онымен көрші елдерді бағындыруға тырысты. 1860 ж. Непалға тең емес келісімді таңды. 1878-1880 жж. тағы да Ауғанстанды бағындыруға әрекет жасады. Ауғанстанның дербес сыртқы саясат жүргізуін жойған келісімге қол қойдыртты. Ұлыбритания үкіметі Ресейдің Орталық Азиядағы табысты экспансиясын бақылап отырды. XIX ғ. 70-ж. аяғы-80 ж. басы түркмен тайпалары Ресей қоластына өтті. 1885 ж. орыс және ауған әскерлерінің Кушка түбегіндегі әскери қақтығысы Ұлыбританияны қобалжытты. Лондонда Үндістанға төнген орыс қаупі туралы айтыла бастады.

Ұлыбритания «жалтырауық оқшаулану» саясатын ұстанатыны туралы жоғарыда айтылған еді. 1887 ж. 12 желтоқсанда Австрия-Венгрия, Ұлыбритания, Италия Лондонда Жерорта теңізі бассейнінде Қара теңіз бұғаздарында және Балканда бейбітшілікті және статус-квоны қолдау жөнінде келісім жасады. Бұл кезеңде орыс-ағылшын қайшылықтары Орта Азия үшін де шиеленісті. Ресей Ұлыбританияның Батыс Қытай мен Ауғанстанға өз ықпалын таратуға қарсы тұрды. 1880 ж. Ұлыбританияның Түрікмениядағы орыс әскерлерінің жылжуына кедергі жасауға тырысуы, Ауғанстанға күшпен өз адамын қоюға тырысу әрекеттері сәтсіз аяқталды. 1885 ж. көктемде Ресей әскерлерінің Ауғанстанға жылжуына кедергі болу үшін, Англия Ресейді Қара теңізде атқылауды ойлады. Алайда Ресей қысымымен және Ресейді Германия

қолдап түрік сұлтаны Қара теңіз бұғаздарын жапты. Үш император одағы күйреді, Ресей мен Германия орыс-герман бәсекелестігіне қарамастан 1887 ж. «Алдын-ала қайта қауіпсіздендіру» одан әрі жалғастырды. Ол бойынша, Германияға Франция соғыс ашса Ресей бейтарап, ал Таяу Шығыста Ресейге Ұлыбритания қарсы шықса Германия Ресейді қолдануға міндеттенді.

Екі ел арасындағы көптеген келіспеушілікке қатысты Германиядан қарыз ала алмаған Ресей Франциямен жақындаса бастайды. 1888 ж. Париждің ірі банктері алғаш рет Ресейге француз үкіметінің кепілдігімен қарыз берді. Осылайша 2 мемлекет арасындағы қатынастарда тарихи бетбұрыс басталды. Арасында терең саяси идеологиялық келіспеушіліктер бар еді. 1891 ж. Парижде Ресей мен Франция қауіп төнгенде өзара кеңесу туралы келісім жасады. 1892 ж. 5 (17) тамызда орыс және француз армиясының штабы өкілдері әскери конвенцияға қол қойды, ол бойынша екі жақтың біріне Германия соғыс ашса, бір-біріне әскери көмек беруге міндеттенді. Әскери конвенция 1893 ж. желтоқсанда өз күшіне енді. Орыс-француз одағының құрылуы Ресейдің халықаралық окшаулықтан түпкілікті шығуына әкелді. Орыс-француз одағының құрылуы халықаралық жағдайдың тұрақтануына әсер етті. XIX ғ. соңына қарай халықаралық қатынастардың жаңа тұрақты жүйесі пайда болды. Негізгі державалар күштерінің балансы - «Еуропа концерті» қалпына келтірілген жоқ. 1897 ж. Ресей мен Австрия-Венгрия сәуір-мамырда Балкан істері бойынша келісімге қол қойды. Бисмарк Германияның 2 майданға соғысуына қарсы болып, Ресеймен достық қатынастарды сақтауға тырысты. Алайда ол 1890 ж. отставкаға кетеді. Оның орнына Л.Каприви отырады. Ол 2 майдандағы соғысқа дайындала бастайды.

XIX ғ. соңына қарай Үштік одақ пен орыс-француз одағы құрылғаннан кейін, еуропалық державалардың отарлық саясаты күшейе бастады. Бұл кезге қарай отарлық державалардың қатары кеңейді. Бұрыннан отарлары бар Испания, Португалия, Голландия, Франциямен бірге олардың қатарлары бұрын отарлары болмаған Германия, Италия, Жапониямен толықтырылды. АҚШ пен Ресейдің де сыртқы экспансиясы өзіндік ерекшелігі бар, батыс еуропалық мемлекеттердің формасына ұқсамады.

Аз уақыт ішінде бұл ірі мемлекеттер Оңтүстік және Оңтүстік-Шығыс Азия және Африкадағы отарлармен ықпал ету аймақтарын өзара бөлісті.

Франция 1881 ж. Тунисті аннексиялады. Бұл ел Осман империясының провинциясы болып саналып, оны бей басқаратын. Египеттегі үстемдікке жетудің алғашқы қадамын Ұлыбритания 1875 ж. жасаған еді. 1876 ж. Египеттегі мемлекеттік банкроттық нәтижесінде Ұлыбритания мен Франция оны бірлесіп басқара бастайды. Британ әскерінің Египетті оккупациялауына қатысты Франция мен Ұлыбританияның арасындағы дау 20 жылға созылды, бірақ әскери жанжал болған жоқ.

Еуропалық мемлекеттер арасындағы келесі бір даулы аймақ - Конго өзені бассейні. Конго өзені жағалауларында Бельгия бірнеше еуропалық қоныстарды құрды. Алайда бұл жерлерге Бельгиядан да басқа бірнеше мемлекеттер дәмеленді. Конго өзені бассейнін отарлық бөлісуге байланысты

туған қайшылықтарды шешу үшін, 1884-1885 жж. Берлинде Африкалық конференция өтті, оған 14 мемлекет қатысты. Оның шешімі бойынша, Бельгия басқаруына берілген Ерікті Конго мемлекеті құрылды, оның аумағында барлық еуропалық мемлекеттер сауда, кемемен жүзу, табиғи ресурстарды игеруде тең құқықты болды. Бұдан кейін Африканы отарлық бөлісуде Ұлыбритания мен Франция басты роль атқарды. Кейптаун-Каир-Калькуттаны теміржолмен байланыстыру идеясын Англияның белгілі саяси қайраткері, отарлық империяларды құруды уағыздаушы С.Родс ұсынды.

Родс жоспарын жүзеге асыру барысында британ отаршылдары Египеттен кейін Шығыс Суданды басып алды, ал 1899-1902 жж. бур республикаларын алу үшін Оңтүстік Африкада ағылшын-бур соғысы болды.

Ағылшын-бур соғысы. Отарлық мемлекеттер үкіметі эмиграцияны қолдады. XVII ғ. Африканың оңтүстігінде Кап отары пайда болды. Бастапқыда оның тұрғындары голланд қоныс аударушылары болды. Олар түземдіктерді құл ретінде пайдаланды. XIX ғ. басында Кап отарын Ұлыбритания басып алып, отызыншы жылдары ондағы құлиеленушілікті жойды. Бұған наразылық ретінде Голландия отаршылары континетке ішкерелей ене берді. Бұл қозғалыс тарихта «Ұлы трек» деп аталды. Олар Африканың оңтүстігінде барынша орнықты. XIX ғ. ортасында бурлар - голланд қоныс аударушылары Африканың оңтүстігінде Трансвааль және Оранжевая республикаларын құрды. 1899-1902 жж. ағылшын-бур соғысы барысында Англия Трансвааль және Оранжевая республикаларын басып алды.

XIX ғ. аяғына таман Ұлыбритания Оңтүстік-Шығыс Азияда Бирманы, Малайяны т.б. ірі аумақтарды басып алды. Француздар Африкада батыстан шығысқа қарай өз отарлық иеліктерінің жолағын жасауға тырысты. Француздық Батыс Африка отарын құрды. Конго, Чад, Габонның бір бөлігін қамтыған Орталық Африкадағы жерлерді басып алып Француздық экваторлық Африка отарын құрды. Конгодан шығысқа қарай жылжыған француздар 1898 ж. Фашода деген жерде ағылшын-египет әскерімен кездесті. 1883 ж. Франция Мадагаскарды басып алуды бастап, 1895 ж. оны өз протекторатына айналдырды.

Герман империясының алғашқы канцлері - Бисмарк XIX ғ. 70-80 жж. негізгі назарын еуропалық саясатқа және ішкі мәселелерді реттеуге көңіл бөлді, сондықтан герман отарларын құруға ат салысқан жеке адамдар - көпестер, кеме иелері, банкирлер болды. 1884 ж. бремен көпесі Людериц герман Оңтүстік-Батыс Африкасын, Петерс германдық Шығыс Африка отарын құрды. Германияның Африкадағы бұл иеліктері британ отаршылдары мүдделеріне нұқсан келтірді, себебі олардың экспансиялық жолында жатты. Бисмарк отставкаға 1890 ж кеткеннен кейін Германия Англия арасындағы қайшылықтар шиеленісті. Ағылшын-бур соғысында бурларды Германия қолдады.

Қиыр Шығыстағы халықаралық қатынастар. Қайшылықтардың бір түйіні-Қиыр Шығыста болды. Отарлық мемлекеттердің бәсекелестігі

Оңтүстік-Шығыс Азия мен Қытайда күшейді, бұл біраз соғыстарға, жанжалдарға әкелді.

Әлемнің бұл аймағында алғаш болып Жапония мен Франция белсенді іс-қимылдарға кірісті. Отарлық агрессияның объектісі, бөліске түсетін басты ел – Қытай, оған апаратын жерлер, яғни оның аралдарының жағалаулары және Қытайға вассалдық тәуелділікте болған Корея, Вьетнам болды.

1875 жылы Жапония Лю Цю (Окинава) аралын аннексиялады. 1885 жылы Жапония Қытаймен оның ішкі істеріне араласуға құқық беретін келісім жасауға қол жеткізді. 1884 жылы француз отарлық әскерлері қытай армиясы қорғап тұрған Солтүстік Вьетнамға басып кіреді. 1885 жылы Тяньцзиньде Франциямен жасаған бейбіт келісім бойынша Қытай Вьетнамға жоғарғы билігінен бас тартты, сонымен бірге Францияға Оңтүстік Қытайда кең құқықтар мен артықшылықтар берді.

Жапон-қытай соғысы. Кореядағы азаттық көтерілісін пайдаланған Жапония 1894 жылы Қытайға соғыс ашты. Жапон әскерлері Оңтүстік Маньчжурияға, Ляодунь түбегіне, Шаньдунға басып кірді. Қытайлар жеңіледі. Жапонияның Симоносеки қаласында 1895 жылы 17 сәуірде бейбіт келісімге қол қойылады, ол бойынша Қытай Кореяның тәуелсіздігін мойындады, Корея енді іс жүзінде Жапонияның тәуелсіздігіне түсті. Сонымен бірге қытайлар жапондықтарға Ляодунь түбегін, Тайвань және Пескадор аралдарын берді. Қытайдың бірқатар қалаларында Жапонияның еркін сауда жасауына және т.б. экономикалық қызметіне рұқсат берілді.

Жапонияның халықаралық аренада белсенді қимыл жасауы еуропалық державалар – Ресей, Англия, Франция, Германияны қобалжытты. Олардың Қиыр Шығыста өз мүдделері болды. Олар Симоносеки келісімін қайта қарауға қол жеткізіп, Қытайға Ляодунь түбегін қайтартқызды. 1897 жылы неміс әскерлері Шаньдун түбегіндегі Циндао портын оккупациялап алды. Цин үкіметі бұл аймақты 99 жылға жалға берді. 1898 жылы Ресей Ляодунь түбегін (25 жылға), Далянь (Дальний және Люйшунь), (Порт-Артурды – Тынық мұхитта өзінің әскери-теңіз базасы болған қамал құрылысын бастады) қалаларымен бірге жалға алды. Франция Хайнань аралдары маңындағы Гуанчжоувань шығанағы жағалауын, Ұлыбритания Цзюлун (Коулун) және Шаньдун түбегіндегі Вэйхайвэй портын алды. Сонымен бірге Ресей 1897 жылы Читадан Владивостокқа дейін Қытай-Шығыс темір жолын (КШТЖ) салуға концессия алды, ал 1898 жылы оның тармағы Оңтүстік Маньчжур темір жолын (ОМТЖ) салуға құқық алды. Осы кезден бастап Жапония мен Ресей арасындаосы аудандарда шиеленіскен күрес басталды.

Шетел державаларының отарлық экспансиясының күшеюі, 1899 жылғы Пекиндегі ихэтуань немесе боксерлер көтерілісі(жұдырықтасып күресуге үйретілгендер)көтерілісінің себебі болды, оның негізгі ұраны – шетелдіктерді Қытайдан қуу және жою болды. Шетелдіктерді қорғаймыз деген сылтаумен 8 держава – Ұлыбритания, АҚШ, Жапония, Франция, Ресей, Италия, Германия, Австро-Венгрия әскери интервенция ұйымдастырды. 1900 жылы тамызда интервенттер ихэтуаньдер қарсылығын басып, Пекинді алды. 1901 жылы 25

тамызда (7 қыркүйекте) Цинь үкіметі мен шетел державалары Пекинде Қорытынды (немесе Боксерлік) протоколға қол қойды. Ол бойынша Қытай көтерілісшілерді қолдаған шенеуніктерід қатал жазалауы, шетелдерге шығын төлеуі (450 млн. лян), 2 жыл бойы шетелден қару сатып алмауы, қытай қалаларында державалардың әскери гарнизон ұстауына рұқсат беруі, Пекинде елшілік квартал құруы т.б.-ға тиіс болды.

Бұл оқиғалардан АҚШ-та тыс қала алмады. 1893 жылы АҚШ Гавай аралдарын басып алды, шетел интервенциясына қатысты. Алайда АҚШ Қытайды бөлісуге байланысты басқа державалардың ұмтылыстарын қолдамады. 1899 жылы АҚШ-тың мемлекеттік хатшысы Джон Хей Қытайдағы «ашық есік» принципін жариялады. Оның мәні – Қытайдағы барлық державалардың «ықпал ету аймағы» солтүстікамерикалық товарларды енгізу үшін ашық болуы талап етілді. АҚШ өзінің экономикалық басымдығына сүйене отырып, бәсекелестерін Қытайдан ығыстыруды көздеді. Бұл доктрина халықаралық қатынастар тарихында «Хей доктринасы» деген атпен белгілі. Қытайда шет мемлекеттердің тең мүмкіндігі және Қытайдың аумақтық тұтастығын сақтау көзделді. Бұрын Монро және Олни доктриналары еуропалық мемлекеттердің Латынамерикалық континентке араласуына қарсы бағытталса, Хэй доктринасы АҚШ үшін Қытайда басқа державалармен тең экономикалық мүмкіндіктерді талап етті. Олар Ресейдің Қиыр Шығыста, Қытайда күшеюін қаламады.

XX ғасырдың басындағы халықаралық қатынастар. XIX ғасырдың соңғы жылдары – XX ғасырдың басы маңызды тарихи оқиғалармен сипатталады. Бұл кезеңде халықаралық қатынастарда шиеленіс күшейді. Әлем империализм дәуіріне енді, бұл державалардың сыртқы саяси қызметінің сипатында көрінді. Олардың арасында бөлініп қойған әлемді қайта бөлу үшін күрес басталды, ол үшін қарулануды күшейту, әскери-саяси блоктар құру үрдісі жүрді. Осы кезеңде ірі державалар отарлық экспансияның жаңа фазасына өтті: бөлініп қойған жерлерді қайта бөлісу үшін күрес, яғни бұрын басқа ел басып алған аумақты тартып, басып алу. Бұл бағыттағы алғашқы империалистік соғыстар – Куба үшін испан-американ (1898), ағылшын-бур (1899-1902), орыс-жапон (1904-1905) соғыстары.

Орыс-жапон соғысы. XIX ғасырдың аяғында Қиыр Шығыста Англия мен Ресей мүдделері шиеленісті. Ихэтуань көтерілісі кезінде Қытай темір жолын қорғауды сылтау етіп Ресей Маньчжурияны басып алған еді. Бұл Жапония, Англия, АҚШ тарапынан наразылықты тудырды. Англия Ресейдің Маньчжуриядан әрі жылжымауына мүдделі болды. Лондон Ресейден Орта Азия мен Кавказда кейбір жеңілдіктерге қол жеткізуге тырысты. Ресей Лондонның Ауғанстанмен дипломатиялық қатынастарды үзуді және Персиядағы ықпал аймағын бөлісуді талап етуін қаламады.

Ресейді Маньчжуриядан ығыстыруға тырысқан Ұлыбритания Жапония мен жақындасуға бет алды. 1902 жылы 30 қаңтарда Лондонда Англияның сыртқы істер министрі Г.Ленсдаун ағылшын-жапон одақтық келісіміне қол қойды, ол бойынша екі держава Қытайдың тәуелсіздігі мен аумақтық

тұтастығын қорғауға, сонымен біргі «ашық есік» принциптерін сақтауға міндеттенді. Бұл әскери-саяси одақ АҚШ, Германияға, әсіресе Ресейге қарсы бағытталды. Келісімде Жапония үшін маңызды шарт – орыс-жапон соғысы кезінде Франция Ресеймен бірге қимылдасса, Англия – Жапония жағында соғысатыны айтылды. Одақ 5 жылға жасалды. Ұлыбритания іс жүзінде бұл келісім арқылы Жапонияны Ресейге қарсы соғысқа итермеледі. Егер келісуші бір жақ басқа державамен соғысса, 2-ші жақ бейтарап болады, ал егер қарсы жаққа бір немесе бірнеше мемлекеттер қосылса, онда 2-ші жақ оған көмекке келуі тиіс.

Орыс-жапон қақтығысының негізінде Қиыр Шығыстағы 2 державаның қайшылығы жатты. Ресейдің басты елдермен, ең алдымен, Жапониямен қатынастарының күрделенуіне, оның елдің орталығы мен қиыршығыстық шетті жалғастыратын темір жол жүйесін дамытуға, қатпайтын порттарды иеленуге, Қытайда ерекше жағдайға ие болуға ұмтылуы ықпал етті. Ресей, Германия, Англия, Франция, АҚШ-тың Қытай істеріне араласуы олардың арасындағы қайшылықтарды шиеленістіріп, бұл мемлекеттердің Қытайда бекінуге ұмтылушылығы бұл аймақтағы жағдайды шиеленістірді.

Жапонияның Корея мен Маньчжурияны иеленіп, одан әрі Қытайға ішке рлей ену үшін жасаған әрекеттері басқа елдердің, ең алдымен Ресейдің қарсылығын тудырды. Жапония бәсекелестерінен бұрын қимылдап, өз позицияларын бекіту үшін Ресеймен соғысқа дайындала бастады. Жапония Ресейден Маньчжуриядағы әскери күшін әкетуді талап етті. Ресейдегі патша үкіметі Жапония соғысуға тәуекел етпейді деп есептеді. Орыс-армиясының саны аз әрі дайындығы нашар еді. Патша үкіметі жақсы қаруланған, армиясын неміс нұсқаушылары үйреткен Жапонияның әскери күшін бағалай алмады. Англия мен АҚШ Жапонияға ақшалай көмек беріп, ол үшін кемелер жасап, қарумен қамтамасыз етті.

1902 жылғы ағылшын-жапон келісіміне сүйенген Жапония Ресейге Ресейге өз талаптарын қойып (оның Кореядағы протекторатын мойындау, Кореяны Оңтүстік Маньчжуриямен қосатын темір жол салуға рұқсат алу, Маньчжурияда Жапониямен Ресейдің құқықтарын теңестіру), оларды 1903 жылы 23 желтоқсанда ультиматум түрінде талап етті. Петербург оны орындады, алайда 1904 жылы 6 ақпанда Жапония Ресеймен дипломатиялық қатынасты бұзып, 2 күннен кейін 9 ақпанда соғыс жарияламай, Порт-Артурдағы, Кореядағы Чемульподағы орыс әскери-теңіз базасына шабуылдады. Осылайша, 1904-1905 жылдардағы орыс-жапон соғысы басталды. Соғыс екі жақтан да империалистік сипатта болды. Соғыс Ресей үшін жағымсыз болды. 1904 жылы желтоқсанда Жапония Порт-Артурды (157 күн табандылықпен қорғанған бекініс құлап, жапондықтар орыс флотын жойып жіберді, бұл Ресейдің жеңілуінің бастамасы еді) алды, 1905 жылы наурызда орыс армиясын Мукден түбінде, мамырда орыс флотын Цусимо шайқасында (орыс флоты толық күйрейді) жеңді.

Бұдан кейін ағылшын үкіметі Жапония үшін Лондон банктерін жапты. Англия мен АҚШ Қиыр Шығыста Жапонияның одан әрі күшеюін қаламады. Франция Ресейдің ірі әскери құрылымдарын Шығыстан тез арада әкетіп, батысқа бағыттауын қалады, Ресей оған Германиямен қарсы күш ретінде қажет еді. Сондықтан соғыстың аяқталуын бәрі қалады.

Ресей мен Жапония арасындағы келіссөздерде делдал болып, күштер балансын сақтауға тырысқан АҚШ президенті Т.Рузвельт еді. Ол Ресейдің емес, Жапонияға ниеттес болды. Жапония әскери жеңістеріне қарамастан, экономикалық, қаржылық қиын жағдайда болды, Токио үкіметі одан әрі соғысты жүргізуді қаламады.

Ресей ауыр шығындарға ұшырады, оның экономикалық және теңіз ресурстары жапондықтарға қарағанда жоғары болды, алайда патша үкіметі де соғысты тез аяқтап, бітім жасауға асықты. Ел 1905-1907 жылдардағы революцияның басталу қарсаңында тұр еді (Порт-Артур бекінісінің құлауы орыс армиясына моральдық нұқсан келтірді, патша мен әскери басшылықтың қылмысты ісі елдің ашу-ызасын тудырды. Бекініс құлағаннан кейін 3 аптадан кейін Ресейде революция басталды).

Орыс-жапон келісімі 1905 жылы 5 қыркүйекте Америкадағы курортты қала Порт-Смутте қол қойылды (Ресей жағынан – министрлер кабинетінің төрағасы – Витте, Жапония жағынан – Сыртқы істер министрі Д.Комур). Келісімді талқылауда 2 мәселеде келіспеушіліктер болды: контрибуция төлеу туралы; Сахалин аралы тағдыры – жапондықтар оны басып алған еді. Келісім шарттары Ресей үшін ауыр болды. Келісім бойынша Ресей Жапонияның Кореядағы басымдығын мойындады. Ляодун түбегін, Порт-Артур, Дальний қалаларын, Оңтүстік-маньчжурия темір жолын Жапонияға берді. Сахалин аралдарының оңтүстігін Жапонияға берді, Сахалиндегі екі мемлекет шекарасы 50-параллель арқылы өтті. Екі жақ та Маньчжуриядан өз әскерін шығаратын болды.

Осылайша, 1904 – 1905 жылдардағы орыс-жапон соғысы Ресей үшін (орыс халқы үшін қымбатқа түсті: 400 мың адамынан, Тынық мұхиттағы әскери флотынан толықтай дерлік айырылды. Ресей өзінің экономикалық, мемлекеттік және әскери артта қалғандығынан жеңіліске ұшырады. Соғыста жеңілу революциялық қозғалысты өрістетті. Бітімнің жасалуы патша үкіметіне Ресейдегі алғашқы буржуазиялық-демократиялық революцияны басып-жаныштауға мүмкіндік берді) ауыр аяқталды. Цусимодағы орыс эскадрасының талқандалуы Ресейдің бүкіл әлемде және Қиыр Шығыстағы халықаралық беделін төмендетті, қуатты державаларға кіріптар етті. Соғыстан кейін халықаралық аренадағы күштердің қайта топтасу процесі тез басталды. Қиыр Шығыста Жапонияның басымдығы бекітілді.

XIX – XX ғасырлар межесінде әлемнің түрлі бөліктеріндегі соғыстар мен жанжалдар отарлық қайшылықтардың барынша шиеленіскендігін көрсетті. XX ғасырдың басында Еуропадан тыс жерлердегі отарлық дауларды келісімге келе отырып шешу саяси мәдениеті пайда болды. Бұл үрдіс отарлық және аумақтық дауларды реттеу туралы көптеген келісімдерден, бейбітшілік пен

қауіпсіздікті нығайту жөніндегі екі Гаага конференцияларының шешімдерінен көрінді. 1899 жылы 18 – 29 шілдеде І-ші Гаага және 1907 жылы 15 маусым – 18 қазандағы ІІ-ші Гаага конференцияларында қару-жарақтарды шектеу туралы мәселе қаралып, халықаралық дауларды шешуге құқықты Аралық соттың Тұрақты палатасын құру және Аралық соттың қызметінің принциптері жасалды. Гаага конференциясының шешімдері соғысты болдыртпау және бейбітшілікті нығайтудың нәтижелі құралы болған жоқ. Алайда бұл мәселелердің халықаралық форумда талқылануы үкіметтер мен халықтардың соғыс қаупіне алаңдайтындығын көрсетті.

Отарлық дауларды бейбіт жолмен реттеу үрдісі Ұлыбританияның ХХ ғасырдың басындағы сыртқы саясатында да күшейді. Германияның ХХ ғ. басындағы әскери-теңіз қаруларын жанталаса шығару және т.б. әрекеттері Еуропадағы күштер балансы мен өмір сүріп тұрған халықаралық тәртіпті бұзу мүмкіндігі Ұлыбританияның «жалтырауық оқшаулану» саясатынан бас тартуына әкелді. Ол Германияның болуы мүмкін қарсыластары – Франция және Ресеймен жақындасуға бағыт алды. Бұл үшін Ұлыбритания олармен отарлық дауларды реттей бастады. Бұл бағыттағы маңызды келісім Ұлыбритания мен Франция арасында 1904 жылы 8 сәуірде Лондонда Ньюфауленд және Батыс Африка туралы екі декларация – Сиам туралы, Египет-Марокко туралы жасалды. Бұл келісім «Шын жүректік келісім» немесе «Антанта» деп аталды. Англия – Египетте, Франция – Мароккода емін-еркін әрекет жасайтын болды. 1904 жылғы келісім отарлық мәселелерге арналғанымен, іс жүзінде ол Ұлыбритания, Ресей, Францияның әскери-саяси одағын құру бағытындағы алғашқы қадам болды, бұл одақ түпкілікті Бірінші дүниежүзілік соғыс жылдары қалыптасты.

1905ж. басында француздар Марокко сұлтанынан олардың ықпалын қамтамасыз ететін реформалар жасауды талап етті. Германия бұған қарсы болып Марокконың тағдыры туралы мәселені талқылау үшін халықаралық конференция шақыруды талап етті. Германия Марокконың «тәуелсіздігін» қорғаушы болып көрініп, онда Германияға басқа елдермен бірдей құқық беруді талап етті. «І-ші Марокколық дағдарыс» деп аталған халықаралық дағдарыс туды. Германия, Францияның позициясын әлсірету үшін, оның Англиямен келісімін жүзеге асыруға кедергі жасау және Марокко дағдарысын Ресейді Франциядан алыстату үшін пайдалануға тырысты. Марокко мәселесі бойынша халықаралық конференция 1906 ж. испан қаласы Альхесирасада өтіп, оған Еуропаның ірі мемлекеттері - Ресей, АҚШ, Марокко қатысты. Онда Германияны тек қана Австро-Венгрия ғана қолдады. Конференция Марокконың мемлекеттік тәуелсіздігін және аумақтық тұтастығын сақтау туралы шешім қабылдады. Ол Марокконы шаруашылық жағынан игерудегі барлық мемлекеттердің толық тең құқығын және еркіндігін жариялады. Осылайша, Германияның 1904 ж. ағылшын-француз келісімін бұзу әрекеттері сәтсіз аяқталды. Марокко дағдарысы француздарға Ұлыбританиямен ғана емес, Ресеймен де одақтық маңызды екендігін көрсетті.

Антантаның келесі қатысушысы - Ресей болуы тиіс еді. Алайда Ресей мен Ұлыбритания арасы салқын еді. Германия Ресейдің Ұлыбританиямен жақындасуына және орыс-француз одағын бұзуға тырысты. Алайда ол жүзеге аспады. Ақырында, орыс-британ жақындасуын көздеген француз дипломатиясы табысқа жетті. 1907 жылы 18 (31) тамызда Санкт-Петербургте орыс-британ келісіміне қол қойылды, ол екі державаның Азиядағы – Тибет, Ауғанстан, Персиядағы қайшылықтарын реттеді. Сөйтіп, Үштік Антанта немесе Үштік Келісім жасалды. Халықаралық аренада Үштік Одаққа қарсы тұра алатын күш пайда болды.

1911ж. көктемде Марокка астанасы Фец маңында көтеріліс болды. Оны пайдаланған француздар қалаға әскер кіргізіп, елді оккупациялады. Германияның бұл отарлық жанжалға араласуынан қауіптенген Франция оған Конгодағы отарлық иеліктерінің бір бөлігін ұсынып Мароккадан бас тартуды талап етті. Бұған қанағаттанбаған Германия үкіметі 1911 ж. 1 шілдеде Марокко жағалауына жеңіл крейсер жібереді. «Агадир дағдарысы» деп аталған өткір халықаралық дағдарыс туды. Германия және Франция дипломаттары ұзақ келіссөздер жүргізіп, Марокка дағдарысын тез арада бейбіт түрде реттеу мүмкін болды. Бірінші Марокка дағдарысы кезіндегідей Ұлыбритания Францияны қолдады. 1911 ж. 4 қарашада француз-герман келісіміне қол қойылып, Германия Францияның Мароккоға басым құқығын мойындайтын болды, ол үшін Франция экваторлық Африкадағы Конгоның бір бөлігін беретін болды.

Босния мен Герцеговинаны аннексиялаумен бірге 1908 ж. жас түрік революциясы халықаралық жанжалдар мен дағдарыстардың түрлерін туғызды. Бұл бағытта Түркияны Ресей қолдады. Ресей Австрия-Венгрияның, Германияның, Италияның байланыстарын әлсіретуге тырысты. 1909 ж. 11 (24) қазанда екі жақ нотамен алмасты. 1911ж. 28 қыркүйекте Италия Осман империясына ультиматум қойып, келесі күні оған соғыс жариялады. 5 қарашада италия үкіметі Триполитания мен Киренаикиді аннексиялайтындығы туралы декрет жариялады. 1912 ж. 15 қазанда Италия мен Түркия арасында алдын ала, ал 18 қазанда Лозанада түпкілікті бітімге қол қойылды.

Итальян - түрік соғысы кезінде Балканда жаңа дағдарыс туды. Соның бір қатысушы Сербия болды. 1903 ж. Сербияда мемлекеттік төңкеріс болып, Петр Карагеоргиевич король болып сайланды. Ол Сербияның сыртқы саясатының басты бағыты - барлық оңтүстік славян жерлерін Ұлы Сербия қоластына біріктіру деп ойлады. 1912 ж. сәуірде болгар-серб одақтық келісім жасалды. Алайда бұрынғы Осман империясы иеліктерін бөлісу туралы мәселе жеңімпаздар лагерінде қайшылықтарды туғызды. Сербия Адриатика теңізіне шыға алмағандықтан Македония жерінен компенсация сұрады. Греция оңтүстік Македония мен батыс Фракияны алғысы келді. 1913 ж. 1 маусымда Греция мен Сербия Болгарияға қарсы құпия одақ жасады. Кейін одаққа Румыния қосылды. Осылай Бірінші дүниежүзілік соғыс қарсаңында екі Балқан соғыстары болды.

Ұлыбритания үкіметі Германиямен әскери-теңіз қаруларын шектеу туралы келісімге келе алмағаннан кейін, 1912 ж. флотқа қатысты жаңа Заң жобасын дайындады. Ол бойынша, немістердің бір әскери кемесі орнына 2 өз кемесін жасайтыны көзделді. Франция да әскери флотын күшейту бағдарламасын жасады. Бірінші дүниежүзілік соғыс қарсаңында Франция Ұлыбританиямен одақтық қатынастарын одан әрі бекітті.

Австриялық императоры тағы мұрагерінің өлтірілуі үлкен саяси резонанс тудырып, ол үшін Австрия-Венгрия үкіметі Сербияны кінәлады. Австрия-Венгрия 1914 ж. 23 шілдеде Сербияға 10 пунктен тұратын ультиматум қойды. Сербия Австрия-Венгрия ультиматум талаптарының көбін қабылдағанымен оның жауабы Австрия-Венгрияны қанағаттандырмады. 1914 ж. 28 шілдеде Австрия-Венгрия Сербияға соғыс жариялап келесі күні Белградты бомбалай бастады. Тамыз айының басында Германия күтпеген жерден шабуылдап, Люксембургті басып алды. Ондағы мақсаты - Бельгия аумағы арқылы француз армиясының негізгі күштеріне соққы беру еді. Франция агрессияны тоқтатуға белсенді дайындалды. Алайда 2 жақта соғыс жариялауға асықпады. 1914 ж. француз үкіметі III Наполеонның қатесін қайталағысы келмеді. Германия да 1870 ж. Бисмарк кезіндегідей соғыс жариялауға асықпады. Бірақта бұдан кейінгі болған оқиғалар, адамзатқа зор қиянат әкелген, Бірінші дүниежүзілік соғыстың басталуына әкелді.

Жаңа заман халықаралық қатынастардың шын мәніндегі жалпыевропалық алғашқы жүйесі болып табылған – XVII ғасырдың ортасында пайда болған Вестфаль жүйесінің құрылуымен басталады. Ол барлық европалық мемлекеттерді, оның ішінде Вестфаль бітіміне қол қоймаған Ресей мен Осман империясын да қамтыды. Сонымен бірге оған басынан бастап XVII ғасырда европалық мемлекеттердің арасында отарлар мен ықпал ету аймақтарына бөлініп қойған бүкіл әлемді қамту үрдісі тән болды.

Вестфаль жүйесінің негізіне Отызжылдық соғысты аяқтаған келісімдер алынды, олар Европада халықаралық мойындалған шекараларды белгіледі. Жалпы алғанда, бұл шекаралар негізінен XVIII ғасырдың аяғына дейін өзгерген жоқ. XVI ғасыр – XVII ғасырдың бірінші жартысындағы соғыстар мен жанжалдар нәтижесінде қалыптасқан күштердің балансы Вестфаль жүйесін тұрақты етті. Ол өзін қауіпсіздік пен және жекелеген елдердің еркін дамуының маңызды кепілі ретінде көрсетті. Сондықтан, XVIII ғасырдың соңына дейін европалық тепе-теңдікті бұзу әрекеттері күшті қарсылыққа кездесіп, сәтсіз аяқталып отырды.

Соғыстар мен революциялардың, бір елдердің құлдырауы мен ал екіншілерінің өрлеуінің ықпалымен, XVIII ғасырдың екінші жартысында Вестфаль жүйесі құлдырай бастады. Оны революциялық және наполеондық Францияның соғыстары түпкілікті күйретті, олар шекараларды қайта пішуге әкелді, европалық тепе-теңдікті бұзды және құрлықта Францияның үстем жағдайын қамтамасыз етті.

Наполеондық Францияны антифранцуздық коалицияны жеңуі Европадағы күштердің балансын қалпына келтірудің және жаңа халықаралық

мойындалған шекаралардың орнатылуының маңызды алғы шарты болды. 1814 – 1815 жылдардағы Вена конгресі Наполеон соғыстарынан кейінгі европалық құрылымның басты міндеттерін шешуі тиіс болды. Вена конгресінің шешімдері халықаралық қатынастардың Веналық жүйесі деп аталған жаңа жүйенің негізіне алынды. Күштер балансы мен халықаралық мойындалған шекаралармен бірге ол бес ұлы державалардың одағына («пентархияға») және «европалық концертке» сүйенді.

Алайда европа қоғамында болған өзгерістердің ықпалымен, XIX ғасырдың ортасында Вена жүйесінің негіздері шайқалды. Бес державаның одағы ыдырады, «европалық концерт» күйреді. Ұлттық соғыстар барысында мемлекеттер арасындағы шекаралар терең қайта қарауға ұшырады. Ақырында, европалық державалар арасындағы күштердің ара салмағы түбірлі өзгерді. Мұның барлығы ақыр соңында, Вена жүйесінің күйеуіне әкелді.

Ұлттық соғыстар мен революциялар нәтижесінде XIX ғасырдың соңына қарай Европада жаңа халықаралық тәртіп қалыптасты. Ол барлық европалық жүйелерге тән мынадай ортақ белгілермен сипатталды: күштер балансы, бейбіт және 1878 жылғы Берлин конгресі сияқты халықаралық конференцияларда орнатылған халықаралық мойындалған шекаралар. Сонымен бірге жалпы мойындалған атауға ие болмаған жаңа халықаралық тәртіп кейбір белгілерімен де ерекшеленді. Бұл ең алдымен, екі қарама-қарсы топтың – Үштік одақ пен орыс-француз одағының (кейінірек – Үштік Антантаның) болуынан көрінді. Сонымен бірге ол шын мәніндегі жаһандық қамтудан да білінді, себебі европалық мемлекеттердің аумақтық және отарлық экспансиясының нәтижесінде бүкіл әлем отарлар мен ықпал ету аймақтарына бөлінді. XIX – XX ғасырлар межесінде алғаш рет халықаралық қатынастардың бұл жаһандық жүйесіне европалық державалармен бірге теңқұқықты қатысушылар ретінде АҚШ пен Жапония да кірді.

Алайда бұл халықаралық тәртіп те XX ғасырдың басында оның қайшылықтарының ықпалымен күйреді. Бірінші дүниежүзілік соғыс оны түпкілікті жойды. Оның айқын қайшылықтарының бірі – әлемнің басты мемлекеттерінің басқа халықтардың құқықтарын жеткілікті деңгейде құрметтеуге дайын болмауы, дөрекі әскери күшке табыну және құқықтық нормаларды елемей болды.

Сонымен, XIX ғасырдағы дүниежүзілік халықаралық қатынастар тарихын қарастыра келіп, оның ерекшеліктері бойынша бірнеше қорытындылар шығаруға болады.

Біріншіден, XIX ғасырда бүкіл әлем елдері мен халықтары дүниежүзілік қарым-қатынастарға ерекше тартыла түсті. Бұл уақыттан бастап халықаралық қатынастар бір құрлықпен шектеліп қалмады. Өйткені, дипломатияның қайнаған ошағы Еуропа құрлығы десек, бұдан былай олар өздерінің саяси және экономикалық жоспарларына сай Азия, Африка, Америка және тағы басқа құрлықтарға шикізат көзін іздеу және жаңа нарықтар табу мақсатында «сапарлар» жасай бастады. Еуропалық капиталистік бұл мемлекеттердің

аталған бағыттағы тырысушылығы уақыт өте, мақсатты түрде отарлық жаушылыққа айналып кете барды.

Екіншіден, орталықтанған мемлекет ретінде қалыптасқан саяси күштер XIX ғасырдан бастап белсенді дипломатиялық күреске түсе бастады, әр құрлықтың жетекші мемлекеттері сондағы көшбасшылық үшін ымырасыз күрес жүргізуге кірісті. Америка құрлығында АҚШ бірте-бірте әскери-экономикалық жағынан қуатты мемлекетке айналып, XIX ғасыр бойы өз территориясын кеңейтумен айналысты. Еуропа құрлығына келсек, мұнда көшбасшылыққа үміткерлер көп болды. Сондықтан да, Ұлыбритания, Германия, Франция және басқа еуропалық мемлекеттер арасында күшті бақталастық орын алды.

Үшіншіден, XIX ғасырда халықаралық деңгейде сыртқы саясат жүргізудің сипаты, әдіс-тәсілі, мәдениеті және заңдылығы өзгерді. Бұдан былай жанжалдасушы күштер бірден ашық соғысқа түспеді. Жанжалды шешу үшін түрлі айла-амалдар қолданылды. Бұл уақытта көбіне мемлекеттер геосаяси мәселелерін одақтастар тарту арқылы шешуге тырысып отырды. Жаңа жерлерді «игеру» әскери іс-қимылдар арқылы емес, енді іштен жаулау, яғни, экономикалық тәсілмен отарлау іске қосылды.

Төртіншіден, XIX ғасырдағы дүниежүзілік халықаралық қарым-қатынастардың өте қарқынды жүруіне орай әлемде айтарлықтай геосаяси өзгерістер орын алды. Жетекші, дамыған капиталистік мемлекеттердің сыртқы саяси жаулаушылығы күшейіп, олар әлемді бөліске салу жолына түсті. Бұл бағытта әсіресе, батысеуропалық мемлекеттердің асығы алшысынан тұрды. Жалпы, отарлық империяның пайда болуы және дамуы – жаңа кезеңдегі халықаралық қатынастар жүйесінің құрылу барысының ажырамас бөлігі. XIX ғасырдың бірінші жартысына дейін еуропалық елдердің сыртқы саясаты және дипломатиясы жаңа территорияларды иемденуге, өзіне тәуелді отарларды кеңейтуге бағытталды және саяси, сауда жағынан артықшылықтарға ұмтылды. Сол себепті отарлау мәселесі ұлы державалардың сыртқы саясатында үлкен маңызға ие болды. XIX ғасырдың бірінші жартысында отарларды қанау түрі мен мазмұны өзгерді. Отарларды басқару жөніндегі ірі реформалар жүргізілді (шектеу, сонымен қатар компаниялардың сауда монополияларын жою, отарлардың жерін сату жүйесін өзгерту және тағы басқа). Егер алғаш отарларды қанау ақсүйектер мен жоғарғы-сауда қаржылық буржуазияның мүдделері болса, ал XIX ғасырдың ортасында буржуазияның басым бөлігі оған қатысуға мүмкіндік алды.

Тақырып бойынша бақылау сұрақтары:

1. Еуропацентристік әлем геосаясатының негізгі мазмұны қандай?
2. Әлемді территориялық бөлініске салудың аяқталуы мен ықпал ету аумақтарын кеңейту жолындағы күрес қай жылдары және қандай себептерге байланысты күшейді?
3. Үштік одақ қай жылы құрылды және оған қай елдер қатысты?

4. «Жүректік келісім» - Антанта қай жылы құрылды және оған қай елдер қатысты?

5. Бірінші дүниежүзілік соғыстың шығуының негізгі себептері қандай?

8 - дәріс. Бірінші дүниежүзілік соғыс.

1. Соғыстың себептері мен сипаты.

2. Соғыстың басталуы.

3. Соғыстың қимылдары.

4. Соғыстың салдары.

Капиталистік елдердегі экономи-калық дамудың секіrmелігі, монополиялардың пайда болуы, қаржы капиталының үстемдігінің күшеюі, капитал шығару, рынок үшін күрес, ірі капиталистік елдердің территорияларды түпкілікті бөліп алуы сияқты істер, олардың арасындағы келіспеушіліктерді тудырып түбінде осы үлкен соғысқа себеп болды. Нағыз толық мағынасындағы дербес мемлекеттердің бірінші катарына — Англия, Германия және АҚШ жатты, Франция, Ресей, Жапония – «бірінші класты, бірақ әлі де шын мәнінде емес» - екінші топқа жатты, 3-топқа Австро-Венгрия жатты. Ал бұл соғысты тудыратын қайшылық ағылшын-герман қайшылығы ол - қайшылық отар иемдену туралы қайшылық, Англияда отар өте көп, Германияда жоқ. Себебі: Германия отар алғысы келеді, Англия оны өз есебінен бергісі келмейді. Міне, осы қайшылық осы уақытқа дейін оқылған дәрістерде айтылып кеткендей екі үлкен соғыс одақтары — Үштік одақ пен Антанта одақтарын дүниеге келтірді.

Ал енді бірінші дүниежүзілік соғысқа қатысушы ірі мемлекеттердің әрқайсысының мүдделері қандай болды?

Герман империалистері жаулап алу бағдарламасында Ресейден көп жер басып алуды армандады. Ресейдің құнарлы жермен, қазба байлықтарына толы жеріне немістердің колонистерін қоныстандыруды жоспарлады. Өндірісті Бельгияны аннексиялау, Конго, француздың темір рудасына бай Лонгви және Брис бассейндерін аннексиялау, француз отарларын басып алу, Англияның теңіздегі үстемдігін тартып алу, Англияны дүниежүзілік рынокта әлсірету тағы басқаны армандады, жоспарлады. Яғни «Ұлы Германияға» он жылдар бойына сырттан ешкімнің кедергісін болдырмауды жүзеге асырмақ болды.

Австро-Венгрия болса Сербияны аннексиялауды, Балқанда австро-венгер үстемдігін орнатуды, Ресейден Поляк, Подолия, Волынды алуды көздеді. Австро-Венгрияның бұл бағдарламасын Германия қолдады. Себебі Германия Австриямен капитал жөнінен байланыстары болып отырған жағдайда, Германия Балқан елдеріне капиталын еркін шығаруға мүмкіндік алатын еді.

Патшалық Ресейдің империалистері, помещиктері, ірі буржуазиясы біріншіден соғыстың мақсаты етіп, Германияның ұлылығын жоюды, Ресейге Галицияны қосып алуды, Константинополь мен бұғаздарды алуды ойлады.

Ағылшын буржуазиясы өте күшті каркынмен дамып келе жатқан Германияның экономикалық қаржыландыру күшін әлсіретуді, Германияның әскери, сауда флотын жоюды, Месопотамия мен Аравия жарты аралын оның мұнай көздерімен қоса алуды, сондай-ақ отарларын тартып алуды арман етті.

Францияның империалистері де жоғарғылар сияқты Германияның әскери-экономикалық күшін талқандауды мақсат етті. Олар 1871 жылы тартып алынған Эльзас, Лотарингияны қайтарып алуды ойластырып ғана қойған жоқ, сондай-ақ, одан Рейннің сол жағалауын алып, Саар облысын қосып алуды, Сирияны алуды, Палестинаны, тағы басқа араб территориясын, Германия отарларын тартып алуды көздеді.

Соғыстың басталуы. 1914 жылы 28 маусымда «Қара қол» деп аталатын ұлттық-террористік ұйымдағы серб студенті Гаврило Принцип Австрия тағының мұрагері эрцгерцог Франц-Фердинанд пен оның әйелін атып өлтірді. Бұл оқиға босниялық қала Сараевода болды. Босния осы кезде Австро-Венгрия құрамында болатын, ал серб ұлтшылдары босниялық аумақтардың біразын және Сараевоны өздерінің жері санады. Эрцгерцогты өлтіру арқылы сербтер өз талаптарын қайта ұсынуға тырысты.

Нәтижесінде Австро-Венгрия мен Германия Сербияны талқандап, Балқанға орнығу мүмкіндігіне жетті. Ендігі сұрақ Сербияны қолдаушы Ресейдің оған көмектесу-көмектеспеуі болатын. Бірақ осы кезде Ресейде әскерді қайта құру жүріп жатты, бұл үрдіс тек 1917 жылы ғана аяқталды. Сол себепті Вена мен Берлин Ресейдің соғысқа киікпейтіндігіне үміттенді. Сонда да Германия мен Австро-Венгрия бір ай бойы өз әрекеттерін жоспарлады. 23 шілдеде Австро-Венгрия Сербияға австриялықтарға қарсылық көрсетуді тоқтату жайында бірқатар талаптар мен шарт қойды. Оның жауабын екі тәулік күтетін болды.

Ресей өзінің одақтасы сербтерге ультиматумды қабылдау жөнінде кеңес берді. Қойылған он талаптың тоғызына келісіп, эрцгерцогтың өлімін талқылау үшін австриялық өкілдерді Сербияға өткізуден бас тартты. Бірақ Австро-Венгрия Германияның қолдануымен сербтер ультиматумды қабылдаған күнде де соғыс ашуға дайын болды. 28 шілдеде ол сербтерге қарсы соғыс жариялап, Белград қаласына оқ жаудырды.

Келесі күні II Николай соғысқа жиналу жайлы жарғыға қол қойған сәтте II Вильгельмнен хат алды. Онда II Вильгельм австриялықтарды байыпты жолмен сабасына түсіретіндігін айтты. Николай жарғысын жоққа шығарғанымен, шетел істерінің министрі С.Д.Сазонов 30 шілдеде оны соғысты бастауға қайта көндіре алды.

Бұған жауап ретінде Германия да өз әскерін жинауды бастап, Ресейден 12 сағат ішінде әскери жасақтарын таратуды талап етті. Ресей оған көнбегендіктен, Германия 1 тамызда соғыс ашты. Бейтараптылыққа уәде берген француздар күтпеген жерден уәдесін бұзып, Ресеймен жасалған

келісімі бойынша әскерін жасақтай бастады. Енді Германия 3 тамызда Франция мен Бельгияға қарсы соғыс жариялады. Келесі күні Англия Германияға қарсы соғыс ашты. Осылайша Сараеводағы өлім дүниежүзілік соғысқа әкелді. Бұл соғысқа Антанта жақтағы 34 мемлекет және төрттік одақ (Германия, Австро-Венгрия, Түркия мен Болгария) қатысты.

Соғыстың қимылдары. Соғыс басталғанға дейін Германияда болашақ әскери әрекеттерінің стратегиялық жоспары болды. Оны Бас штабтың басшысы Шлиффен ұсынған болатын. Францияға бейтарап Бельгия арқылы соққы беріlmек болды. Бұл неміс әскерлеріне француз қорғаныс күштерін айналып өтіп, сыртынан соққы беруге мүмкіндік берді. Француздар бұл жоспардан хабардар болмаса да еш қарсылық көрсете алмады.

Он күн ішінде неміс әскерлері Бельгияның қарсылығын басып, Франция аумағына өтті. Француздар кейін шегініп, немістер Парижді алуға таяды. 3 қыркүйекте президент Пуанкаре мен Франция үкіметі ел астанасынан Бордоға көшті. Бұл француздар мен немістердің есіне франк-пруссиялық соғысты түсірді.

Бірақ бұл жолы тарих басқаша шешті. 4-5 қыркүйекте француз және ағылшын экспедициялық әскерлері Марне өзенінің түбінде кезігіп, немістер төрт күннің ішінде шегіне бастады. Оған не себеп болды? Ресей Шығыс Пруссияны шабуылдап, немістер бірталай дивизияларын «Шлиффен жоспарларын» жүзеге асыру мақсатында сонда аттандырды. Ресейде әскерді жасақтау аяқталмастан француздар көмек сұрап, орыстардың аталған шабуылы осылайша бір демде басталып кетті. Алайда шабуыл зор шығындарға ұрындырып, немістер генералдар Рененкампф пен Самсонов басқарған орыс әскерлерін қыркүйектің ортасына таман талқандады.

Бірақ Франция құтқарылды. Көптеген тарихшылардың ойынша, Марнедегі ұрыстар (3-10 қыркүйек) төрт жыл бойына созылған соғыстың барысын айқындады. Мамандардың айтуы бойынша, Германия Францияны жылдам жеңіп, оны соғыстан шығарғанда ғана сәттілікке жетіп, Англия бас одақтасынан айырылып, бейбіт келісімге келер еді.

Дегенмен немістер жарқылдаған соғыс көрсете алмады. Енді Германияның ресурстары (Антантадан кем, оның ішінде Англиядан) жетпейтін ұзақ соғыс басталады. Қуатты британиялық сауда флотының көлемі соғыс басында – 20,3 мың, француздарда – 1,9 мың, Германияны отарлары мен нарығынан, яғни өнеркәсіп пен шикізаттан ажыратты. Германияның флоты Антанта елдеріне қарағанда әлдеқайда аз болды.

Сонымен қатар, соғыс басында-ақ Германияның алдында бірқатар күтпеген жағдайлар тұрды. Италия королі III Виктор Эммануил II Вильгельмге Үштік одақ жайлы келісімге сай өзінің соғысқа қатысуға міндетті еместігін айтты. Өйткені Үштік Одақ келісімі негізінде, Германия мен Австро-Венгрия шабуылға ұшырамады, өздері соғыс ашты. Нәтижесінде Италия бейтараптылығын жариялап, бірақ қайсысы «қомақты марапат» жасаса, сол жаққа шығатындығын айтты. «Марапат» дегендері Австро-Венгрия облысының құрамына кіретін итальяндық тұрғындары бар Триест болатын.

Антанта Италияға австриялық аумақтарды беруге уәде берді. Ал Германия оларға Корсика аралы мен француз жерлерінің бір бөлігін беретіндігін айтты. Италия жарты жылдан астам уақыт ойланып, ақыры Антанта жаққа шықты.

Немістер үшін келесі күтпеген жағдай Жапония тарапынан болды. 15 тамызда жапондықтар Қытайдағы кішігірім германдық аумақ – Киао-Чаодан неміс гарнизонын алып кетуін талап етті. Немістер бұған көнбегендіктен жапондықтар 23 тамызда Германияға қарсы соғыс жариялады. Жапондықтар немістерге тиесілі Тынық мұхит аралдары мен Қытайдағы немістердің иеліктерін жылдам жаулап алды. Осымен олардың соғысқа қатысы шектелді, бірақ Жапония бұдан кейін қарсыластықтан одақтастыққа айналып, Ресейдің қару-жарақпен қамтамасыз етіп тұрды.

Шығыс Пруссияда сәтсіздікке ұшыраған Ресей бір мезгілде австриялық майданға соққы берді. Галиций ұрыстары (1914 ж. қыркүйек) барысында орыс әскерлері австриялықтарды Қарпатқа ығыстырып, Шығыс Галицияның бірталай ірі қалалары мен бекіністерін басып алды. Одақтастарына көмектеспек болған немістер Варшава түбінде, кейіннен Лодзьде талқандалды. Галициядағы соғыста Австро-Венгрия 400 мың әскерінен айырылып, оның төрттен бірі орыстарға тұтқынға өтті.

Түркия соғыстың алғашқы күндері-ақ Германиямен келісімге отырды. Ол бірімезгілде өз бейтараптылығы үшін Ресейден Балқандағы аумақтарын сұрамақшы болды. Бірақ Ресей мұндай саудаласудан бас тартты, ал 10 тамызда Дарданеллаға неміс крейсерлері «Гебен» мен «Бреслау» келді. Бұл Қара теңіздегі жағдайды немістер мен түріктердің пайдасына шешті. Қазан айының соңында неміс крейсерлері мен бірнеше түрік кемелері Ресейдің қаратеңіздік жағалауларына, Севастополь, Одесса және Новоросийскіге оқ жаудырды. Осыдан кейін Ресей, соңынан Англия мен Франция Түркияға қарсы соғыс жариялады. Соғыс барысында орыс әскерлері түріктерді Закавказье майданынан ығыстырды. Ал Стамбұлды теңіз жақтан жауламақшы болған француз-ағылшын флотының әрекеттері сәтсіздікке ұшырады (1915 ж. ақпан-наурыз).

Австро-сербиялық майданда жағдай ауыспалы болды. Австриялық әскерлер екі рет Сербияның астанасы Белградты алып, сербтер оларды екі рет ығыстырды. 1914 ж. желтоқсанда сербтер австриялықтарды өз аумақтарына дейін қуып, бір жылдай тыныштық орнады.

Германия мен оның қарсыластары соғыстың әр күні мен сағаты елдің ресурстарын жеп жатқанын түсінді.

1915 ж. көктемде Германия соғыстың басында Батыс майданында орындай алмаған стратегиялық жоспарларын Шығыс майданында жүзеге асырмақшы болды. Бұл жағдайда немістер Францияны соғыстан шығара алмаушы еді. Барлық күштерді Батыс майданға аудару үшін, енді бұл жоспарды Ресей орындамақшы болды. Немістер Батыс және Шығыс Галицияға соққы беретін күштерін жинап, 2 мамырда Галицияны белсенді шабуылдай бастады. Орыс әскерлері шегіне бастады. Ресей әскерінің жағдайы

нашарлай берді. Оған дайындықтың жетіспеушілігі, қару-жарақпен қамтамасыз етілмеуі және экономикасына түскен ауыртпалықтар себеп болды.

1915 ж. жаз кезінде орыс әскері күшті қорғаныс соғыстарының нәтижесінде Галицияны, Варшаваны, Вильно (Вильнюс), Гродноны және басқа да ірі қалалар мен бекіністерді тастап шықты. Әскери әрекеттер Ресейдің аумағына ығысты.

Бұл жағдайды пайдаланғысы келген II Вильгельм сепараттік келісімді (яғни, одақтастардың қатысуынсыз) құруға ұсыныс жасады, бірақ оның жауабын сол бойы алған жоқ. Кейіннен немістер бұл ұсынысын Англия мен Францияға бірнеше рет қайталады. Бірақ одан да еш нәтиже шықпады. Сондай-ақ Германияның ең соңғы күштерін пайдаланып жатқандығы барлығына белгілі болды. Жеңіс Антанта жағында қалатыны белгілі болды.

Сонымен қатар, Антанта лагері үнемі жаңа одақтастарымен толығып отырды. 1915 ж. 23 мамырда Италия ұзақ ойланып барып, Австро-Венгрияның бірталай аумақтары мен кішігірім түрік облысы – Анталияны беретіндігін айтты. Германияға соғысты итальяндықтар 1916 ж. тамыз айының аяғын да ғана жариялады. Дегенмен олардың соғысты кеш бастауының айтарлықтай маңызы болмады, өйткені Италия ешбір майданда маңызды әрекеттерді орындамады.

Қарсыластарының жеңіске жақындағанын сезген немістер кей кездері ешкім күтпеген қадамдарға барды. Соғыс барысында олар халықаралық келісімдермен тыйым салынған уландырушы заттарды пайдаланды. Мысалы, 1915 ж. сәуірде Бельгияға қарсы соғыста Ипр қаласының маңында сонан бері «Иприт» деп аталатын хлорлы газды - уландырушы затты пайдаланды.

1915 жылы Германияның Батыс майдандағы шабуылы айтарлықтай маңызды болмады, өйткені оның негізгі күштері Ресейге қарсы жұмсалды. Солай бола тұра, немістер шығыстағы мықты қарсыласын соғыстан шығара алмады.

Ал Сербия (соғыс сол үшін басталған болатын) 1915 ж. аяғында соғыстан шықты. Елдің барлық аумақтарын австриялықтардың, немістердің және болгарлардың әскерлері жаулап, ал сербтердің әскерлерінің қалдығы ағылшындар мен француздардың базасына айналған Корфу аралына шығарылып тасталынды.

Бірақ бұл Герман блогы елдері үшін жалпы қолайсыз жағдайды өзгертпеді. 1915 ж. 5 қазандағы Болгарияның олардың соғыс майданына қосылуы да бұл жағдайды өзгеріссіз қалдырды. Бұл елдегі антисербиялық екпін мен Болгарияның екінші Балқан соғысында жоғалтқан аумақтарын қайтарып алуға ұмтылысына байланысты болды. Болгар әскерлерінің әрекеттері Сербияның толығымен талқандалуын тездеткенімен, соғыстың барысына шындап әсер ете алмады.

Антанта державалары соғыстың басынанақ, Германия мен Австро-Венгрия күштерінің сарқылуына үміттенді. Бірақ бұл үрдіс одақтастардың жоспарлағанынан жай жүрді. Дегенмен Антантадың өзінің де күші бәсеңдеді. Бұл жағдай әсіресе Ресейде байқалды. Соғысқа дейін қарқынды дамуда болған

өнеркәсіптің дамуы тоқтатылды. Бірақ зерттеушілердің қолдарына түскен жаңа материалдар бойынша, 1916 ж. соңына дейін өндірістің айтарлықтай құлдырауы байқалған жоқ. Кейбір салаларда даму жалғасып та жатты. Дегенмен өнеркәсіптің басым бөлігі соғыс қажеттіліктеріне бұрмаланды. Үлкен әскерлер үнемі қамтамасыз етуді талап етті. Ал азаматтар әскер қатарына аттандырылуы себебінен өнеркәсіп қорлары қысқара бастады. Елде ашаршылық болмағанымен, оның жақындауы таяды. Ресей Антанта елдерінен үнемі қаржылық және экономикалық көмек сұрап отырды. Осыған байланысты елдің сыртқы мемлекеттік қарызы да өсіп отырды. Шаруалардан құралған әскерлердің үйін және еңбегін сағынуы әскер рухына ықпал етті. Әскерлер ұзаққа созылған соғысқа наразылық танытты. «Өз мемлекетінің құлауын» насихаттаған, «әскерде заңсыз ұйымдарды құру мен сарбаздардың майданда достасуына қолдау және т.б.» көрсеткен большевиктердің әрекеттері әскерлердің көңіл-күйлеріне кері әсер етті.

Циммервальд (1915 ж. қыркүйек), Кинтал (1916 ж. сәуір) деп аталатын Швейцария қалаларындағы конференциялардағы большевиктер мен олардың еуропалық жақтаушыларының өз ұстанымдарын II Интернационалға үстемелеуге ұмтылысы сәтсіздікке ұшырады. Делегаттардың көбісі соғысқа қарсылығын айтты. Еуропалық социал-демократтардың реформаларды жүргізудің бейбіт, эволюциялық жолын таңдауы мен заңды сайланған үкіметпен достасу әрекеттері әсерінен большевиктердің әлемдік революцияны орнату идеясының күл-талқаны шықты.

Большевиктер жанама түрде өз жеңілістерін мойындады. Маркс пен Энгельстің айтуы бойынша, социалистік революция еуропалық елдерде бірізгілікке жүзеге асуы тиіс болды. Енді Ленин және басқа да жетекшілер социализмнің бір ғана елде, яғни Ресейде орнауының мүмкін екендігін айтты.

1916 ж. басында Германия Францияны соғыстан шығаруға тағы бір рет ұмтылыс жасады. 21 ақпанда Францияға дейінгі жолды ашатын Верден бекінісін 12 сағат бойы артиллериямен бомбалады. Бірақ француздар оқ жаудырған немістерді тойтарып тастады. Кейіннен Верден 4 ай бойы үнемі шабуылға шалдығып, екі жақ та орасан шығындарға (1 млн. адамға дейін) тап болды.

Екі жыл бұрынғыдай, осы жағдайды орыс әскері құтқарды. Бірақ, Ресейдің өз жағдайы да мәз емес еді. Соған қарамастан ол 1916 ж. 4 маусымда Оңтүстік-Батыс майданда ірі шабуыл бастады. Осыған дейін орыстар Нарочь көлінің маңындағы операцияны жүзеге асырды. Бірақ ол тек ұстанымдық жағынан сәтті болды. Австриялық майдан 100 шақырымға дейін шегінді. Орыс әскерлері қарсыласын күздің басына дейін ығыстыра берді. Австриялықтар үлкен шығындарға тап болып, орыс тұтқынында 400 мыңға жуық австриялық әскерлер мен офицерлер болды.

Немістер Верден облысынан әскерлерін Шығыс майданға аударуға мәжбүр болды. Ал онда Италияда сәтті шабуылдаған әскерлерді жіберуіне байланысты, Австро-Венгрия өз ұстанымдарын сақтап қала алды. Ресей француздар мен ағылшындарға көмектесіп қана қоймай, итальяндық

одақтастарын да құтқарды. 1916 жылғы орыс шабуылы тарихта «Брусиловтық бұзу» деген атпен (Оңтүстік-Батыс майданын басқарған генерал А.А.Брусиловтың құрметіне) қалды.

Батыс майдандағы неміс әскерлерінің күші әлсіреп, 22 маусымда ағылшын-француз әскерлері Сомме өзенінің маңында шабуылдауды бастады. Бірақ олардың күштері Верден үшін соғыста әлсірегендіктен құбылмалы табыстарға жетті.

Антантаның Соммедегі шабуылы тамаша дайындалған еді: бетондалған бекітулер мен әскерлерді және қару-жарақтарды таситын темір жолдар қарсыластардың назарына тыс салынды. Ағылшын-француз әскерлері аса жеткілікті қамтамасыз етілді: 1 шақырым майданға 130 қару-жарақтан келді. Солай бола тұра немістер шамалары ұрыстардың жеткенше қарсыласып, өз ұстанымдарын бермеді. Қазан айына таман Соммедегі соғыс тынышталды. 15 қыркүйекте өткен соңғы ұрыстардың бірінде ағылшындар бірінші дүниежүзілік соғыста пайдалану тактикасы да жеткілікті деңгейде меңгерілмеген еді. Сол себепті танктер толық күшін екі жылдан кейін ғана соғыстың аяғында көрсете алды.

Соммедегі ұрыстар мен Брусилов бұзуы аяқталған соң, майдандарда тыныштық орнады. Бірақ жыл соңына таман австриялықтар мен неміс әскерлері 1916 жылы Антанта құрамына өткен Румынияны талқандады. Румындар итальяндықтармен жақсы соғыса алмады, олардың майданын толықтай орыстар ұстап отырды. Румынияны талқандағаннан кейін, Германия қорлар мен мұнай шығару орындарынан айрылып қалды.

1916 жылы тағы бір оқиға болды: 31 мамыр – 1 маусымда Солтүстік теңіздегі Ютландия жарты аралында үлкен теңіз шайқасы болып өтті. Ағылшын және германдық флоттардың қақтығысы олардың 14 броненосец және 11 кемені талқандауымен аяқталды. Ағылшындар үшін бұл айтарлықтай шығын болмады, ал немістер өздерінің флотының қомақты бөлігінен айырылды.

Соғыс аяқталғанға дейін екі қарсыласушы жақтар Еуропа мен дүниежүзілік картасының шекараларының бөлінісін жоспарлауға көшті.

Антанта Ресей, Австро-Венгрия және Германия құрамына кіретін жерлерден тәуелсіз Польшаны қайта құрмақ болды. Германия қарсы одақтастардың жоспары бойынша, Францияға – Эльзас пен Лотарингияны, Данияға – Шлезвиг пен Гольштейнді, Бельгияға – шекаралық аумақтарды қайтаруы керек, ал Қытай мен Тынық мұхитындағы иеліктерін Жапонияға, қалған отарларын Англия мен Францияға беруі қажет болды. Сербияның еншісіне – Босния мен Герцеговина, сондай-ақ Албанияның солтүстігі тиюі керек еді. Албанияның оңтүстігін – Грекияға, ал сербтердің Македониясын Болгарияға қосу жоспарланды. Италияға тиетін жерлер жоғарыда айтылды.

Ресей Польшаны өз еркімен бере салды, бірақ оның орнына біраз неміс және австриялықтар жерлерді иеленді. Оның еншісіне сондай-ақ, Закавказьедегі түрік аумақтары тиюі керек еді. Ал 1915 жылы көктемде Англия мен Франция Ресейге Босфор жағалаулары мен Стамбулды және осы

аймақтағы аралдар мен түрік аумақтарын бермекші болды. Англия мен Франция өздеріне Таяу Шығыстағы Осман иеліктерін қалдырды.

Германия мен оның одақтастары болса, бұл кездері жоспар құруда еді. Немістер жеңіске жеткен жағдайда Бельгияда протектарот орнатып, Атлантикалық жағалаудағы шығыс аумақтарды алмақшы болды. Шығысындағы иеліктерін Ресей арқылы кеңейтуді көздеп, Азия мен Африкадағы отарлар жөнінде де жоспарлар құрды. Болгария екінші Балқан соғысында айырылған иеліктерін қайтарып алып, Балқандағы басқа жерлерді иеленгісі келді. Австро-Венгрия да Балқанға көз тікті. Бірақ оның негізгі көздегені Италияның солтүстігіндегі аумақтар болатын.

Соғыс барысында АҚШ билігі мен оның тұрғындарының басым көпшілігі Антанта державаларына деген оң көзқарастарын жасырмады. Дегенмен жүз жыл бұрын жарияланған Монро доктринасының шарттарына байланысты, АҚШ Шығыс жартышардың істеріне араласуға құқылы болмады. Елдегі күшті оқшаулық бағыттар соғысқа килігуге кедергі жасады.

Бірақ Германия өзінің қызба қадамдарымен АҚШ-ты бақылаушы ұстанымынан тайдырды. Бұл былай болды. Соғыс басында ағылшындар германдық флотты оның порттарында қоршады. Осыған жауап ретінде Германия су асты соғысын бастады. Оның сүңгуір қайықтары әскери ғана емес, жолаушы кемелерін де талқандады. Бұл көпшіліктің әсіресе, АҚШ-тың наразылығын тудырды. Өйткені бұл жағдайда Атлантиканың кеме жолына қатер төніп, нәтижесінде американдықтар Еуропадан алшақ қалып, оқшау күйде қалар еді. Бұл АҚШ-тың сыртқы саудасына әсер етіп, американдықтар жұмысшы-иммигранттар күшінен айырылатын болды.

Дегенмен АҚШ соғысқа жылдам кіре қойған жоқ. 1916 ж. 18 желтоқсанда АҚШ президенті В.Вильсон соғысушы державаларға бет бұрып, өзінің бейбіт шарттарын айтпақшы болды.

Осыған дейін 12 желтоқсанда Германия да бейбіт ұсынысын жасаған болатын. Осымен немістер мен олардың одақтастары өздерін «өмір сүру, намыс және даму еркіндігімен» қамтамасыз еткісі келді. Сол себепті бұл «әскери қулық» деп табылып, соғыс жалғасты.

Вильсонның ұсынысына қатысты айтатын болсақ, екі жақ та АҚШ-тың арашашы ретіндегі ұстанымынан бас тартты. Мұны бірінші болып Германия айтқаннан кейін, Антантаға немістер мен оның одақтастарының бейбітшілікті қаламайтынын көрсету мүмкіндігі туды. Вильсонға жауап ретінде 1917 ж. 10 қаңтарда одақтастар АҚШ президентіне ұсынысы үшін алғыс айтып, өздерінің бейбіт шарттарын айтты. Олар соғысқа дейінгі жағдайды қайтаруға әкеліп тіреді: Бельгия, Сербия және Черногория шекараларын қайта қалпына келтіріп, жаулап алынған (сондай-ақ ресейлік) аумақтардан неміс әскерлерін шығарып, «ұлттық ұстанымды сақтауды» қалайтын еді. Соңғысы Францияға Эльзаны қайтарып, Австро-Венгрия мен Осман империясын бөлшектеуді білдірді.

Бұл шарттар, сондай-ақ Антантаның олардың қойған ұсыныстарынан бас тартуы және Вильсонның араласуы немістердің ызасын келтірді. Осыдан

келіп Германия «шектелмеген» су асты соғысын жариялап, өзін-өзі өлтіретін қадамға дейін барды. Енді Германия Антантаға көмектесуші барлық кемелерді түгелдей жоятын болды. Вильсон Германия мен АҚШ арасындағы барлық дипломатиялық қатынастарды үзді. Осыдан АҚШ-тың соғысқа кіретіндігі белгілі болды.

Оқшаулық ұстанымға үйренген Америка халқын соғысқа дайындау үшін Вильсон Германияның шетел министрі Циммерманның Мексикадағы неміс елшісіне жолдаған, кейінірек ағылшын барлаушыларының қолына түскен құпия хатын жариялады. Хатта АҚШ Германияға соғыс ашқан жағдайда Мексиканың көмек беруі сұралған еді. Осы үшін немістер мексикалықтарға үлкен қаржылай көмек және XIX ғ. ортасынды АҚШ-қа өткен аумақтарын қайтарып беруге уәде берді.

Бұл қадам қате болмады. Американдықтардың нарызылығында шек болмады. Кейбіреулер бұл хатты жалған деп жатты. Бірақ мұны Циммерман ашық түрде өз мойнына алды. Ол АҚШ соғыс жариялағанда ғана Мексиканың көмегін алатындығын айтты. Осыдан келіп хаттың түпнұсқа екендігіне сенбеуге шара қалмады. Жағдайға талантты барлаушы фон Папен басқарған тарамдалған герман агентурасы да көмектесе алмады. 6 сәуірде АҚШ конгресі Германияға қарсы соғыс жариялады. Осы уақытқа дейін немістер ондаған американдық кемелерді суға батырған болатын.

АҚШ әскері сол уақытта 134 мың адамды құрады, 123 мың әскер штаттар әкімшілігіне бағынатын Ұлттық гвардияның құрамында болды. Сол себептен Конгресс 18 мамырда күшті қарсылыққа төтеп беріп, жалпы әскери бағыну жайлы заңды қабылдады. Нәтижесінде соғыс аяғында (аяқталуынан 1,5 жыл бұрын) әскерлер саны 36 есе артып, 4,8 млн адамды құрады. 1917 ж. ішінде американдықтар Еуропаға 200 мың әскерлерін жіберді. Бірақ дайындығы өте төмен сарбаздарды француздар көбінесе соғыс майданына өткізбей отырды. Бірақ американдық жаңадан алынған сарбаздардың дайындығы уақыт озған сайын жақсарып, олардың Еуропадағы саны 1918 ж. шешуші соғыстарда 2 млн.-ді құрады. Американың қуатты флоты Еуропаға әскерлерін, қаруларын (1918 ж. – 197 соғыс және 1,6 көмекші кемелерді) тасымалдап, германдық су асты қайықтармен сәтті соғысты.

Американ әскерлерінің соғысқа қатысуы мен Антанта елдерінің АҚШ-тың орасан зор әскери-өндірістік мүмкіншілігін пайдалануы германдық блоктағы елдердің жеңілісін жақындатты.

1916 ж. аяғында Ресейдің ішкі жағдайы нашарлады. Елдегі ресурстар таусылып, ашаршылық таяды. 1917 ж. Петербургте көше шерулері басталды. Негізгі бөлігі әйелдерден тұратын шерушілер нан талап етті. Сол күндері большевиктердің бастамасымен жұмысшылар саяси қақтығыстарды ұйымдастырды. Полиция көтерілісті басуға тырысқанымен, кейбір әскери бөлімдер көтерілісті көтерілісшілерді қолдады. 12 наурызда астана Павлов, Преображенский және Литовский полктерінің қолында болды. Қақтығыстар барысында 160 мың адам қаза тапты. Патша үкіметінің министрлері қамауға алынды.

1916 ж. аяғында ірі біржуазия мен жоғары офицерлер ортасында соғысқа кінәлі саналған II Николайға қарсы жоспар ұйымдастырылды. Ұйымдастырушылар оның тақтан кетіп, орнына інісі, ұлы князь Михаилды қалдырып, оларға елді басқару мүмкіндігін беретін, ағылшын үлгісіндегі конституциялық монархияны қабылдау ұсынысын жоспарлады. Сондай-ақ, олар Германияның талқандалуын жәнге Антанта елдерімен тығыз жақындасуды мақсат етті.

Петербургтегі көтерілістер астыртын істі ұйымдастырушылардың жылдам қимылдауына себеп болды. Олардың делегаттары астанаға кетіп бара жатып, көтерілісшілердің қоршауына түскен патша пойызына келіп жетті. Делегация патшаны «Ресейдің мүддесі» үшін тақтан кетуге көндіре алды және 15 наурызда Михаил патша болып жарияланды. Бірақ осыған дейін буржуазия Петербургте буржуазиялық-либерал оппозицияның мүдделерін қорғайтын Уақытша үкіметті құрып үлгерген болатын. Үкіметке астыртын істі ұйымдастырушылар да кірді. Олар үшін енді патшаның еш қажеті жоқ болатын. Сол себептен Михайлға да тақтан түсу туралы ұсыныс айтылып, 16 наурызда ол осылай етті де.

Бұл оқиғалардың барлығы Ресейдегі Ақпан буржуазиялық-демократиялық революциясы деген атқа ие болды. Өйткені монархиялық құрылымның орнына буржуазиялық республика келді (ол ресми түрде 14 қыркүйекте ғана жарияланды). Уақытша үкімет 1905 ж. II Николай кезінде қазанда жарияланған демократиялық еркіндіктерді бекітіп, кең көлемде рақымшылық жүргізіп, елдегі саяси партиялардың әрекетіне салынған тыйымдарды алып тастады. Дегенмен, большевиктер үкіметтен буржуазияны ығыстырып, жаңа революцияны дайындай бастады.

Соңғы жылдары баспасөз беттерінде 1917 жылдың күзінде социалистік революцияға әкелген большевиктердің қызметін немістердің қолдап отырғандығы туралы сенімді түрде дәлелдейтін көптеген құжаттық басылымдар жарық көрді. Алайда, осыған ұқсас түрдегі құжаттарды өтірік немесе қолдан жасаудың қиындығының жоғын өмір көрсетіп берді. Бұдан басқа да, мынадай нұсқаның да болуы мүмкін: немістер большевиктерге өз мүдделері тұрғысында көмектесті, ал олар бұл көмекті өз мақсаттары үшін пайдаланды. Шамасы, бұл сұрақтарға анағұрлым нақты жауаптарды әділетсіз қараудан арылған келешектің тарихшылары бере алады. Алайда, орыс әскерінің құлдырауы мен Ресейдің соғыстан шығуы тұрғысындағы большевиктердің әрекеті, егерде тіптен олардың нұсқаулары бойынша жүзеге асырылмаса да, Германияның жоспарларына толықтай сәйкес келді.

Уақытша үкімет өзі әрекет еткен сегіз айдың ішінде елдегі жағдайды орнықтыра алмады. Орыс қоғамы қантөгіс кезінде орынсыздау болған «жалпы еркіндік пен бауырмашылдық» романтикалық идеяларының шырмауында болды. Әскердегілер міндеттерінен бас тартып, үнемі көтеріліс ұйымдастыруда болды. Орталық үкімет күннен-күнге әлсірей түсті. Көптеген ұлттық облыстар, тіпті губерниялар құқықтарын кеңейтуді талап етіп, кейбіреулері тәуелсіздікті сұрады.

Орыс майданы құлдырай берді. Қобалжыған антанталық одақтастары оның нығайтылуын талап етіп, маусымның аяғында Уақытша үкімет Львов бағытында шабуылға шығып көрмек болды. Бірақ осы кезде немістер батыс майданнан шығысқа 11 дивизияны аттандырып, шабуылдаушыларға қатты соққы берді. Нәтижесінде орыс әскері үлкен шығындарға тап болып, кейін шегінуге мәжбүр болды.

Орын алған бей-берекетсіздіктерге қарамастан, елде тек большевиктер ғана әрекет етті. Олар үкіметті күш қолдану арқылы толығымен қолдарына алғысы келді. Бар мақсаттары да осы болды. Большевиктердің сенімді әрі шешуші әрекеттері елдегі анархияның әсерінен жақтаушыларының санын арттырады.

Большевиктерге күзде Петербургте 7-8 мың жұмысшылардан және солдаттар мен матростардан тұратын әскери ұжым құру сәті түсті (жалпы саны 12 мың). Уақытша үкіметтің жағдайы олармен салыстырғанда анағұрлым төмен болды. Большевиктер 6-7 қарашада төңкеріс жасап, елдің астанасын жаулап алды. Уақытша үкіметтің қарамағындағы кішігірім әскер қарсылықсыз-ақ жан-жаққа кетіп, Қысқы сарайды алу жолында ғана атыс болды.

Келесі күні көптеген қалаларда билік большевиктердің қолына көшті. Тек Мәскеуде ғана олар тегеурінді қарсылыққа тап болды. Осыдан большевиктер қаруларды әкеліп, қарсыласушыларға оқ жаудыра бастады. Атыс кезінде Кремльдің бірнеше мұнаралары мен үйлері талқандалды. Ресейдің соғыстан шығуы алдын-ала анық еді, өйткені билікті қолдарына алған большевиктер бұл өздерінің міндеттері екенін ашық мәлімдеді.

Орыс майданы бұл уақыттарда құлап та үлгерген еді. Неміс және австриялық әскерлер қарсылық көрместен, алға жылжи берді. Қыркүйекте орыс әскерлері Риганы және бірталай Прибалтика облыстарын тастады. Герман блоктарының елдері 1917 ж. басқа майдандарда да сәтті соғысты. Сәуір айында француздар Аррасты шабуылдауда миналған жерге түсіп, Антанта елдеріне үлкен шығындар әкелді. Бұл жылдағы басқа да операциялар одақтастар үшін сәтті болмады. Қазанда Австро-Венгрия Капоретто ауданында итальяндықтарға қатты соққы беріп, 300 мыңға жуық итальяндық офицерлер мен солдаттарды тұтқынға алды. Дегенмен бұл жеңістер жекелеген сипаттарға ие болды. Сонымен қатар, Германияда елдегі ауыр жағдайлардың салдарынан революциялық толқулар басталып жатты.

Қазан революциясы нәтижесінде билікке келген большевиктер 1918 ж. 3 наурызда Брест-Литовскіде Ресей герман блогы елдерімен сепараттық бітім жасады, оның шарттары Ресей үшін ауыр болды. 1918 ж. күзінде Германия және оның одақтастарының жеңілетіндігі белгілі болды. 1918 ж. 29 қыркүйекте Болгария, 30-нда Түркия, 3 қарашада Австро-Венгрия бітімге қол қойылды.

1918 жылы 4-қарашада депутат Эрцберг бастаған әскери топ француз маршалы Фоштың ставкасына бітім хабаршысы ретінде барды. Компьен орманында теміржол вагонының ішінде Германия бүкіл Франция

территориясын (бұрын алған) Бельгияның территориясын, Эльзас, Лотарингияны, Рейннің сол жағалауын тазартуға, қайтаруға келісті. Сондай-ақ Антантаға Майнц, Кобленц, Кельн қалаларын пайдалану құқығы берілді. Бүкіл герман флоты карусыздандырылып, одақтастар порттарына алып кететін болды. 1918 ж. 11 қарашада Германия Антантамен бітімге қол қойып, бірінші дүниежүзілік соғыс аяқталды.

Соғыстың салдары. 1916 жылдың аяғындағы кезендерде соғыста барлық дамыған капиталистік елдер түгелге дерлік қатысты. Бұл уақытқа дейін барлық майданда 50 млн. солдат соғысты. Ал қалған еңбекке жарамды адамдардың бәрі соғыс мұқтажын өтеу үшін шахталар мен өндірістерде жұмыс жасап жатты. Адамзат баласы жасаған байлықтың бәрі түгел дерлік соғыс мүддесіне жұмсалды. Соғыс адамға да өндіріске де, мемлекеттерге де адам айтқысыз көп зиян шектірді.

Жоғарыда айтқандай бір елдер соғыста байыды. Ол елдерге Япония мен АҚШ-ты жатқызамыз. Япония болса соғыс барысындағы жағдайларды пайдаланып Қытайда өз ықпалын қамтамасыз етті. Қытайдың жаксы-жақсы материалдық-стратегиялық маңызы бар аралдары мен портын алды. Сондай-ақ, соғысушы елдерге қару-жарақ шығару арқылы да байыды. 1914 жылға дейін капитал иесі, банк иесі болып келген Англия, Франция сияқты елдер енді өзінің капиталының көп бөлігінен соғыс салдарынан айрылып қалды. Бұрын осы капиталистік елдерге экономикалық жағынан қарыздар болып келген АҚШ капиталистік дүниенің қаржылық орталығына айналды.

Халықтың кедейленуі мен қатар ірі монополиялардың экономикалық саяси күші өсе түсті, адам айтқысыз дәрежеде өсті. Соғыс кезінде бұрынғы «еркін нарықтың» өрісі тарылып, енді тек соғыс жабдығын шығаруда соғысқа, қазынаға ғана жұмыс жасады. Соғысушы капиталистік мемлекеттер енді тек тапсырыс берушіге айналды. Бұл мемлекеттік тапсырыстар монополистердің баю құралына айналды. Бүкіл мемлекеттік аппаратты монополия өзіне бағындыра бастады. Соғысқа мұқтаж заттармен, мұнаймен, азық-түлікпен қамтамасыз ету мақсатында капиталистік елдер үкіметі қатаң бақылау жүйесін енгізді. Осылайша 1914-1918 жылдардағы соғыс аралығында монополистік капитализм соғыстық-мемлекеттік монополистік капитализмге айналды. Бұл деген сөз барлық өндірісте керекті заттардың бәрін мемлекет монополистерінің қолына берді. Әскери тапсырыс мемлекеттік бюджеттен төленді. Сондай-ақ соғысушы елдерде нанға, қантқа, етке, киімге, көмірге, тағы басқа тұтынушыларға керекті заттарға «карточка» жүйесі енгізілді. Ал оның мөлшері соғыстан бұрынғыдан 2, 3 есе азайтылды.

Соғыстың әкелген ауырлығын ауызбен айтып жеткізу оңай емес. Соғыс қару-жарақтарын шығаруды көбейту үшін арзан еңбек күші — әйелдер мен жеткіншектердің еңбегін пайдалану кең етек алды. Жұмыс күнін ұзартып, стачкалар жасауға тыйым салды. Еңбекті қорғау заңы дегендер жұмысын тоқтатты. Шахталар, зауыттар, теміржолдар милитаризацияланды, яғни соғыс жағдайына көшірілді. Жұмыс істеуге еңбекшілерді мобилизациялап отырды. Олардың бір өндіріс орнынан екінші өндіріс орнына көшуге құқысыз болды.

Кейбір елдерде 16-60 арасындағы еркектердің жалпы еңбек міндеткерлігі енгізілді.

Дүниежүзілік соғыс қантөгіс соғыс болды. Соғыстарға катысқандар саны 70 млн. адамға жетті. Адамзат 10 млн адамнан өлі айырылды. 20 млн. адам жаралы болды. Міне соғыс қортындысы осындай. Мыңдаған кала мен ауыл жермен-жексен етілді. Теміржол, фабрика, зауыт істен шықты. Соғыстың шығыны 170 млрд. алтын ақша, ал жалпы шығыны — 600 миллиардқа жеткен еді.

Тақырып бойынша бақылау сұрақтары:

1. Бірінші дүниежүзілік соғыстың басталуына себеп болған қандай оқиға?
2. 1917 жылдың басына таман Бірінші дүниежүзілік соғыс майдандарында стратегиялық жағдай мен күштердің ара қатынасы қандай болды?
3. Бірінші дүниежүзілік соғыс жылдарында қандай екі империя ыдырап кетті?
4. Ресей империясы қай оқиғаларға байланысты Бірінші дүниежүзілік соғысқа қатысуынын бас тартты?
5. АҚШ-ры қай жылы Бірінші дүниежүзілік соғысқа қатысты?
6. Германияда Қараша революциясы қашан басталды?
7. Компьен уақытшы бітімі қашан жасалды?
8. Большевиктік Ресеймен Германия арасындағы Брест-Литовск бітімі қашан жасалды?
9. Бірінші дүниежүзілік соғыстың негізгі нәтижелері қандай?
10. Бірінші дүниежүзілік соғыста қай әскери-саяси одақ жеңіске жетті және оның себептері неде?

9 - дәріс. Бірінші дүниежүзілік соғыстан кейінгі халықаралық қатынастар.

1. 1919 ж. Париж бітім конференциясы
2. Версаль бітім шарты
3. 1921-1922 жж Вашингтон конференциясының шешімдері.
4. Бірінші дүниежүзілік соғыстан кейінгі әлемнің әлеуметтік-экономикалық және саяси дамуының негізгі бағыттары.

1919 жылғы Париж бітім конференциясы. Бірінші дүниежүзілік соғыстың қорытындылары. 1918 жылы 11 қарашада Франциядағы Компьен орманында Антанта мемлекеттерінің талабымен Германия жеңілгендігін мойындап, бітімге қол қоюға келісті. Төрт жылға созылған соғыс аяқталды. 1919 жылы 18 қаңтарда соғыстың қорытындысы шығарылып, жеңген елдер

мен Германия және оның одақтастары арасында келісімге келу үшін Париж қаласында халықаралық конференция өз жұмысын бастады. Конференцияға 27 елден делегаттар қатысты. Францияның премьер-министрі Жорж Клемансо, ағылшын премьер-министрі Дэвид Ллойд-Джордж және АҚШ президенті Вудро Вильсон қатысып, басшылық жасады.

Париж конференциясының алдында соғыстан кейінгі халықаралық қатынастағы, әлемдегі өзгерістерді ескере отырып, дүниені қайта құру мәселесі тұрды:

- халықаралық қатынастағы өзгерістерді ескере отырып, жаңа принциптерді қалыптастыру;

- ірі капиталистік елдер арасындағы дүниежүзілік ықпалды реттеу;

- Германия мен Түркияның отарларының тағдырын шешу.

Ірі державалық елдер бұл мәселелерді Париж конференциясында өз мүдделеріне ыңғайлы шешу үшін күрес жүргізді. АҚШ-тың конференциядағы негізгі мақсаты - дүниежүзілік әлемде өзінің үстемдігін қалыптастыру болды. Бірақ бұған Париж конференциясында Франция мен Англия басшылары қарсылық жасады. АҚШ-тың мұндай саясат жүргізуіне оның бірінші дүниежүзілік соғыстан кейінгі экономикалық дамуы негіз болды. Соғыстан кейін Франция мен Англияның экономикасы күйзеліске ұшырап, экономикалық даму жағынан АҚШ-тан артта қалды. Соғыстың ауыртпалығын Франция мен Англия көтерді. АҚШ соғысқа тек 1918 жылы ғана кірісті. Соғыста АҚШ-тың 50 мың адамы өліп, 230 мың адам жараланған. Соғыс жылдарында АҚШ соғыс өнеркәсібі 335 млрд. доллар таза пайда келтірді. 1919 жылы АҚШ дүниежүзінде көмірдің 50% өндірді; шойын мен болаттың; мұнайдың; автомобильдің 85% шығарды.

Бірінші дүниежүзілік соғыстан кейін АҚШ дүниежүзінде қаржы саласында толық үстемдік алды. Шетелдердегі инвестициясы өсіп, Канада мен Латын Америка елдерінде 7 млрд. доллар, Еуропа елдерінде 18 млрд. долларға жетті. 1918 жылы АҚШ президенті В. Вильсон: «Дүниежүзіне кім көп ақша берсе, сол ел әлемде билік жүргізуі қажет» - деген болатын. Сөйтіп, АҚШ дүниежүзілік үстемдік жасау үшін күрес жүргізді. Бұл саясатты іс жүзіне асыру үшін АҚШ президенті Париж конференциясына «14 тараудан» тұратын бағдарламасын әкелді. Бағдарламаның мазмұны төмендегідей болды:

- Антанта елдерінің арасындағы жасырын келісімдерден бас тарту;

- дүниежүзілік мұхиттар мен теңіздерде еркін жүзу;

- барлық кедендік кедергілерді жойып, халықаралық «ашық есік» және «ашық қол» принципін сақтау;

- отар елдердің мәселесін әділетті шешу;

- қару-жарақты қысқарту;

- Германиямен және оның одақтастарымен әділетті келісімдер жүргізу;

- дүниежүзілік дау-жанжал мәселелерді бейбіт жолмен шешу үшін халықаралық ұйым - Ұлттар Лигасын құру.

Париж конференциясында АҚШ Президенті В.Вильсонның бейбітшілік сүйгіш саясатты білдірген «14 тараудан» құрылған бағдарламасына Франция мен Англия басшылары қарсы шықты.

«14 тараудан» тұратын бағдарламаның мазмұнынан АҚШ-тың экспансиялық саясаты анық көрінді. Бұл бағдарламадағы АҚШ саясатының мәні дүниежүзілік әлемде үстемдік жүргізу екенін түсініп, Франция мен Англия Париж конференциясында АҚШ саясатын әшкерелеп, Вильсонның бағдарламасын қабылдамады. Ұлттар Лигасын құру бағдарламасын Клемансо мен Ллойд-Джордж қолдап, халықаралық қатынастағы дау-жанжал мәселелерді шешуде айтарлықтай рөл атқаратын ұйым құруға келісті.

Версаль бітім шарты. Версаль бітім шарты Антанта басшылары уәде еткен «әділетті және демократиялық бітімнен» әлдеқайда басқаша болып шықты. Құжатқа кол қойылған үлкен Версаль сарайының атымен аталған Версаль шарты бойынша Германия соғыстың шығуына кінәлі деп жарияланды және осыған байланысты жаза тартуы керек болды.

Германияны барлық отарларынан айырып, оның территориясының кейбір бөлігін көрші елдерге беру және Антанта елдеріне келтірген зияндары үшін репарация төлеуге міндеттеген шешім қабылданды.

Шарттың территориялар жөніндегі ережелері. Германия Эльзас пен Лотарингияны Францияға қайтарды. Саар облысын басқару 15 жылға Ұлттар Лигасына берілді. Германияның төл территориясының 1/8 бөлігі алынды. Данциг (Гданьск) еркін қала деп жарияланды. Кезінде Германия қосып алған поляк жерлерінің біразы (Познань, Пруссия мен Померанияның кейбір аудандары) Польшаға қайтарылды. Эйпен, Мальмеди және Морене округтары Бельгияға кетті. Данияға Солтүстік Шлезвиг берілді. Германия мұның үстіне Мемельден (Клайпеда) бас тартып, ол кейіннен Литваға қосылды.

Баяғы отарлық жүйенің орнына, Париж бейбіт конференциясында мандаттық жүйе орнады. Германияның отарларын Англия, Франция мен Жапония өзара бөлісті. Англия мен Франция мұның үстіне Осман империясының «мұрасын» бөліп алды. Қорытындысында Англия Ұттар Лигасының атынан Палестинаға, Транс Трансиорданияға, Ирак пен Танганьикаға (Германиялық Шығыс Африкаға) мандат алды.

Франция Сирия мен Ливанға мандат алды. Англия мен Франция Того мен Камерунды өзара бөлісті. Жапония Мариан, Каролина және Маршалл аралдарын, Шаньдун түбегін алды. Ағылшын доминиондары да бірнеше кіші-гірім территорияларға ие болды.

Шарттың әскери баптары. Париж конференциясының шешімдері бойынша, Герман Бас штабы таратылды. Жалпыға міндетті әскери қызмет өзгертілді. Герман армиясының саны 100 мың адаммен шектеліп, еріктілік негізінде құрылатын болып белгіленді. Германияға су асты флотын, ірі су үсті кемелерін, танк құрамаларын, әскери авиация мен ауыр артиллерия иеленуге тиым салынды. Рейн аймағы — сол жағалаудағы герман жерлері мен оң жағалаудағы екі 50 шақырымдық аймақ демилитаризацияланған деп

жарияланды. Ол жерлердегі әскери бекіністер жойылып, қарулы күштерді орналастыруға тиым салынды.

Репарациялар мен Антанта елдерінің шығындарының орнын толтыру туралы мәселе келесі келіссөздерге дейін кейінге қалдырылғанымен, 132 млрд алтын марка мөлшеріндегі жалпы саны белгіленді. Рейн аймағында 15 жыл бойына оккупациялық армия орналастырылып, оны герман жағы қамтамасыз етуге тиісті болды.

Версаль келісімі неміс халқына аса үлкен ауыртпалық салды және оның ұлттық сезімдеріне қатты нұқсан келтірді. Кейінгі уақыттарда бұл жағдай кек қайтару идеясы (реваншизмге) мен саясатына дем беріп, оны 30-жж. фашистер шеберлікпен пайдалана білді.

Келісімге қол кою кезінде герман делегациясы тонаушылық бітімінің шарттарын жұмсартуға, оның ішінде соғысты шығаруға "кінәлілік" туралы бапты алдырып тастауға тырысты, бірақ ол қарсылық қабылданбады. 1919 ж. 28 маусымында Германия Антанта елдерімен және олардың одақтастарымен *Версаль бітімі туралы келісімге* қол қойды.

Антантаның жеңілген Германия және оның одақтастарымен жасалған бітімдері. 1919 - 1920 жж. Антанта Австриямен, Венгриямен, Болгариямен және Түркиямен бейбіт бітімдер жасады. Оларда да кейбір территориялық өзгерістер, қару-жарақ пен армияның саны және репарациялық төлемдер туралы шарттар қарастырылды.

Осы аталған келісімдердің барлығы жеңімпаздар мен жеңілгендердің арасындағы қатынастарды анықтайтын және Еуропа мен отарлық аймақтардағы халықаралық қатынастарды реттейтін халықаралық қатынастардың Версаль жүйесін құрды.

Бітім шарттары:

1. Германиямен Версаль шарты (28 маусым 1919 ж.):

- барлық отарларын беру;
- қарулы күштердің санын 100 000 дейін қысқарту;
- Германия ауыр артиллерия, танктер, самолеттер, сүңгуір қайықтар, соғыс кемелерін иелену құқығынан айрылды;
- Рейннің сол жағалауы 15 жылға оккупацияланды;
- Рейннің оң жағалауында екі 50 шақырымдық демилитаризацияланған аймақ орнатылды;
- территориясының 1/8, халқының 1/10 бөлігі басқа мемлекеттерге беріледі;
- Версаль бітімінің соғыстар үшін жауапкершілік туралы 231 бабы бойынша, Германия жеңген мемлекеттерге шығындарының орнын толтыруға міндеттелді, яғни репарация төлеуге.

2. Сен-Жермен-ан-Леде Австриямен жасасқан шарт (10 қыркүйек 1919 ж.):

- Австрия мен Венгрияның бөлінуі;
- Италияға Бреннерге дейін Оңтүстік Тирольды беру;

- тәуелсіз Чехословакия, Польша, Венгрия және Югославия мемлекеттерін тану;

- қару-жарақты қысқартып, армия санын 30 000 дейін азайту;
- репарациялар.

3. *Нейиде Болгария қол қойған шарт (27 қараша 1919 ж.):*

- Грекияға Фракияның жағалаулың жерлерін беру.

4. *Венгриямен жасалған Трианон шарты (4 маусым 1920ж.):*

- Словакия Чехословакияға өтеді;
- Трансильвания Румынияға беріледі;
- Банат Югославияға кетеді.

5. *Туркия қол қойған Севр шарты (10 тамыз 1920 ж.):*

- бұғаздарға халықаралық бақылау орнату және осы мақсатпен халықаралық әкімшілік құру;

- қару-жарақты азайтып, қарулы күштер санын 50000 дейін қысқарту;
- территорияларды басқаларға беру.

Бірақ Париж бітім конференциясынан кейін отаршыл елдерге Қиыр Шығыс пен Тынық мұхит аймағындағы қарама-қайшылықтарды реттеу, сонымен бірге Шаньдун түбегін Жапонияға беруге қарсы болып, Германиямен бейбіт бітімге қол коюдан бас тартқан Қытайға қатысты саясатты белгілеу АҚШ үшін Вашингтонда конференция шақырып, өзінің пайдасына маңызды шешімдерді қабылдаттыруға қолайлы сәт туды.

1921-1922 жж. Вашингтон конференциясының шешімдері. XX ғасырдың 20-жылдарында АҚШ Версаль бітімінің қайта қаралуын талап ете бастады. АҚШ-тың ойы - Париж конференциясында сыртқы саясаттың жеңіліс табуы, жаңадан Батыс Еуропа елдерін өзінің билеу саясатын жүзеге асыруға көндіру болды.

АҚШ үкіметінің тікелей ұсынысымен 1921 жылы 12 қарашада бірінші дүниежүзілік соғыстың аяқталуының үш жылдығына орай Вашингтон конференциясы ашылды. Конференция жұмысына тоғыз ел - АҚШ, Англия, Франция, Жапония, Италия, Бельгия, Голландия (Нидерланды), Португалия және Қытай қатысты. Конференцияны ашуда сөз сөйлеген АҚШ президенті Гардинг салтанатты түрде: «Біз дүниежүзінде бейбітшілік пен тұрақтылықты орнату үшін бас қосып отырмыз» - деді. Америка Құрама Штаттарының конференциядағы ұсыныстары мен мақсаты қандай болды?

Біріншіден, Қытайдағы Жапонияның ықпалын әлсірету; *екіншіден*, Англияның әлемдік мұхиттар мен теңіздердегі үстемдігін әлсірету; *үшіншіден*, Тынық мұхит аралдарында мандаттық статус-кво құқықтарының сақталуын бақылау. Вашингтон конференциясы 1922 жылы 6 ақпанда аяқталды. Вашингтон конференциясының барысында АҚШ өзінің дүние жүзіндегі қаржылық үстемдігін пайдаланып, өзінің негізгі қарсыластарын көндірді де, дүниежүзілік билеу саясатын жүргізуге жол ашты.

Біріншіден, 1922 жылдың 6 ақпанында «9 держава келісіміне» қол қойылды. Мұнда Қытай елінің егемендігі мен жер тұтастығы екі жүзділікпен

жарияланып, «ашық есік» және «тепе-тең қатынас» принципі ұсынылды. АҚШ-тың «ашық есік» саясаты 1899 жылы жарияланған болатын, ол Вашингтон конференциясында 1922 жылы жүзеге асты. Бұл саясаттың негізгі мақсаты - Қытайдағы Жапонияның ықпалын әлсірету еді. Сөйтіп, «тоғыздық келісім» барысында Жапония Қытай экономикасына салып отырған заем және несиеден, сондай-ақ Маньчжуриядағы салып жатқан темір жол құрылысынан бас тартты. Қытайдағы кеңесшілерін кейін шақырып алды. Сонымен қатар, Шаньдун түбегін де Қытайға қайтарды. Сөйтіп, Жапония Қытайдағы беделінен айырылды.

Екіншіден, конференцияда «бес ел келісіміне» қол қойылды. Соғыс-теңіз қару-жарақтарын қысқарту туралы мәселе бойынша сөз сөйлеген АҚШ-тың мемлекеттік хатшысы Чарльз Эванс Хьюз мынадай ұсыныстар жасады: жоғары тоннаждағы линкор соғыс кемелерін жасауды тоқтата тұру; ескі соғыс-теңіз кемелерін жою; ұлы держава елдері арасындағы соғыс-теңіз кемелерінің арақатынасын реттеу. АҚШ-тың негізгі ойы - жаңадан соғыс-теңіз кемелерін жасап, Англияның әлемдік мұхиттардағы үстемдігін әлсірету болатын. Конференциядағы «Бес ел келісіміне» сәйкес елдер 35 мың тонналық кеме жасаудан бас тартты. Бұл келісімге - АҚШ, Англия, Жапония, Франция және Италия қол қойды. Кеме жасаудағы үлес салмағы АҚШ — 5, Англия - 5, Жапония - 3, Франция - 1,75, Италия - 1,75 болып пропорциялық түрде белгіленді. 575 мың т. линкор жасау - АҚШ және Англия үлесіне, 315 мың т. линкор жасау Жапонияға және 175 мың тоннадан Франция мен Италияның үлесіне тиді. Әрбір линкор салмағы 35 мың тоннадан артпау керек. Сонда АҚШ пен Англия 15 линкор жасай алады.

Үшіншіден, Вашингтон конференциясында АҚШ, Англия, Жапония және Франция «Төрт елдік келісімге» қол қойды. Бұл келісімде «Тынық мұхит аралдарын пайдалану құқықтарын реттеу» сөз болды. АҚШ-тың мақсаты - Тынық мұхит аралдарындағы Жапонияның беделін әлсірету және 1902 жылғы ағылшын-жапон келісімінің күшін жою болды. Жапония делегациясы бұл келісімнің жойылуына қарсы тұрды. Ағылшын уәкілі: «Сіздер қорықпаңыздар, бір келісімнің орнына төрт келісім қабылданды» - деп жапондықтарды тыныштандыруға тырысты. Жапон делегациясының уәкілі: «Сіздер бәрібір біздің келісімді жерге көмдіңіздер» - деген жауап қайтарды.

Сонымен 1921-1922 жылдардағы Вашингтон конференциясы Америка Құрама Штаттарының ең ірі жеңісі болды. Олар Париж конференциясындағы жеңілістің есесін қайтарды. АҚШ-тың дүниежүзін билеу және ұлы державалық саясаты асықпай іс жүзіне аса бастады. Бірақ, Версаль-Вашингтон келісімдер жүйесі империалистік елдер арасындағы қайшылықтарды жоя алмады. КСРО үкіметінің сыртқы саясатының қалыптасып, нығая түсуіне байланысты, АҚШ көп жылдар бойына өзінің билеу саясатын еркін жүргізе алған жоқ. Версаль-Вашингтон жүйесі, ұлы держава елдерінің арасындағы қайшылықтар, фашизм және агрессиялық елдер саясаты екінші дүниежүзілік соғысқа әкелді.

Бірінші дүниежүзілік соғыстан кейінгі әлемнің әлеуметтік-экономикалық және саяси дамуының негізгі бағыттары. *XX ғ. 20 ж. Еуропадағы буржуазиялық революциялар және олардың өзіндік ерекшеліктері.* Бірінші дүниежүзілік соғыстың аяқталуын Еуропа халықтары тыныштық өмірге оралу жөніндегі үмітпен қарсы алды. Бірақ соғыстан кейін бейбіт өмірге өту жеңімпаздар үшін де, жеңілген елдер үшін де қиын да ұзақ процесс болып шықты. Соғыс көптеген елдерді жұтатты. Еуропадағы соғыстан бұрынғы экономикалық, саяси жүйелерді күйретті. Алда халықаралық деңгейде күштердің жаңа арақатынастарын реттеу, халықаралық қатынастар жүйесін құру, жеңген және жеңілген елдер арасындағы қалыптасқан қатынастарды бекіту міндеттері тұрды. Бұл маңызды мәселелер соғыстан кейінгі бейбіт реттеулер барысында шешімін тапты.

Соғыс және экономикалық қирау саяси дағдарыстар мен революциялық процестерге әкеліп соқтырды. Еуропа революцияларының басы Ресейдегі 1917 ж. Ақпан және Қазан революциялары болды.

Жеңімпаз елдер — Ұлыбритания, Франция, Италия, АҚШ, Жапонияда революция болған жоқ, бұл елдер үшін революция уақыты өтіп кеткен еді.

Революция Ресейде және жеңіліс тапқан елдер — Австро-Венгрияда, Түркияда болды. Бұл елдерде шешімін таппаған мәселелер жеткілікті болатын. Соғыстың басты салдарларының бірі — ол күйреген Австро-Венгрия, Ресей және Осман империяларының негіздерінде *жаңа мемлекеттердің құрылуы* болды.

«Бұқара және бұқаралық қозғалыстар ғасыры» — басталған жаңа дәуірдің маңызды ерекшеліктерінің бірін осылай атауға болады. Жалпыға бірдей сайлау құқы мен демократиялық бостандықтар жүйелерінің дамуы орасан көп халық бұқарасының бұрын болып көрмеген кең көлемде саяси өмір мен саяси күреске араласуына мүмкіндік туғызды. Қоғамдық процестерге сол кездің өзінде «бұқара ғасыры», «тобырлар ғасыры» деген айдар тағылған болатын. Қалың халық бұқарасының ұйымдасқан немесе стихиялық түрдегі саяси-әлеуметтік қозғалыстарға қатысуы, әрине, прогрессивтік құбылыс болды. Бірақ бұл құбылыстың екінші, жағымсыз жақтары бар еді. Саяси және экономикалық сілкіністер жағдайында идея фанатиктері мен алаяқ-саясаткерлердің «тобыр билігін» пайдаланып кету, халықтың эмоциялық еліктегіш бөлігін кертартпа қозғалыстарға тарту қаупі гөнді.

Мұндай бағыттар үшін Еуропа қоғамында негіздер жеткілікті еді. Соғыс кезіндегі қиыншылықтар мен ауыртпалықтар ондаған миллион адамдарды, ең алдымен қала тұрғындарын — жұмысшыларды, қызметкерлерді, саудагерлерді, қолөнершілерді, халықтың басқа да әлеуметтік топтардың жұтатып, қайыршылық пен аштыққа соқтырды. Соғыста аман қалып, майданнан оралған солдаттардың жағдайлары да оңай болмады. Еуропа елдерінде халықтың арасында едәуір мөлшерде тапсызданған және қайыршылық күйге түскен адамдар көп болды. Олар теңестіру туралы әлеуметтік демагогияларды, утопиялық идеяларды, ұлттық ерекшелік, ұлтшылдық пен шовинизмнің басқа да шектен тыс ұрандарын қабылдауға аса сезімтал болды. Халықтың бұл

маргиналдык топтарын бұзақылық әрекеттерге үгіттеу өте оңай еді. Сондықтан да олар көбінесе *солшыл радикалдык* немесе *оңшыл радикалдык* қозғалыстар мен партиялардың әлеуметтік негізіне айналып отырды.

Жаңа идеялық-саяси ағымдар. Бұрын еуропалық елдерде либерализм, консерватизм, социализм және олардың түрлі ағымдары үстемдік етсе, Бірінші дүниежүзілік соғыс аяқталғаннан кейін жаңа қозғалыстар мен партиялар қалыптасты.

Соғыс жылдары II Интернационал ыдырап, социалистік партиялар «үй-үйлеріне» тарады. Жік солшыл радикалдык қозғалыстардың белсенділенуі мен коммунистік партиялардың құрылуына байланысты тереңдеп, ұйымдастырушылық жағынан рәсімделді. Соңғылары 1919 ж. Ресей коммунистік партиясының басшылығымен Коммунистік Интернационалға (Коминтернге) бірікті. Коминтерн Кеңестік Ресейдің материалдық және ұйымдық көмегіне арқа сүйеді және ұлттық партияларды (секцияларды) дүниежүзілік социалистік революция мен әлеуметтік әділеттікке жетудің ортақ мақсаттары негізінде біріктіретін біртұтас тәртіпті халықаралық саяси партия ретінде әрекет жасады. Олар билік жүргізуші либералдық-демократиялық режимдерге оппозицияда болды. Коммунистік партиялардың мүшелерінің саны 1929 ж. дүниежүзі бойынша 0,8 млн адам болды.

Өз кезеңде халықаралық социалистік қозғалыстың реформистік орталығы да қалыптасты. Социалистік және социал-демократиялық партиялар Жұмысшы Социалистік Интернационалды қайта жаңартты, ол да ұлттық секцияларды біріктірді, бірақ оларға қатаң тәртіп пен өз шешімдерінің міндеттілігін таңбады. Социалистік партиялардың қатарында 6 млн аса мүшелері болды.

Социалистер басқа партиялармен одақтасты, кейде үкіметтерді де басқарды. Олардың социалистік мұратқа жету жөніндегі көзқарасы коммунистердікінен басқаша болды, олар парламенттік-либералдық-демократиялық құрылысты революциялық жолмен қирату теориясын қабылдамады, социализмге реформалар және меншік қатынастары мен билік институттарын біртіндеп өзгерту арқылы жетуге болады деп есептеді.

Коммунистер мен социалистердің теке тірестері 20— 30 жж. кейбір елдердегі жағдайларға едәуір әсер етті.

1918—1919 жж. батыстың кейбір капиталистік елдерінде оңшыл радикалдык экстремистік қозғалыс пайда болды, олар жалпы *фашизм* деп аталды.

Фашизм ұғымын оңшыл радикализм мен экстремизмнің басқа да түрлеріне (мысалы, Италия мен Португалиядағы Иберия нұсқасы) тарату қабылданған. Германияда бұл идеологияны ұлтшыл-социализм деп атады. Фашистік қозғалыстың басшылары әлеуметтік-демагогияны кеңінен пайдаланды, әлеуметтік әділеттік пен әл-ауқатын көтеруге (әрине, «өз ұлтының») уәде берді, ұлттық сезімге түрткі салып, «жаңа қоғамның» өз нұсқасын ұсынды. Фашизмнің әлеуметтік негізін маргиналдык, қоғамның

тапсызданған топтары, тұрмыс халі онша емес офицерлер және үйреншікті ортасынан шығып қалған ұсақ меншік иелері құрады.

Ол кездегі солшыл радикалдық және оңшыл радикалдық саяси қозғалыстар мен партиялар либералдық идеялар мен парламентаризмге утопистік «жаңа әлеуметтік жүйелер» мен мемлекеттік құрылыстың өз жобаларын қарама-қарсы қойды. Оларға биліктің диктаторлық, тоталитарлық формалары мен жеке адамдардың құқықтарына мемлекеттің үстемдігін орнатуға ұмтылыс тән болды.

Екі идеялық саяси ағым мен жүйенің — либералдық-демократиялық және тоталитарлық (солшыл және оңшыл радикалдық нұсқаларында) қақтығысулары Еуропаның 1918—1945 жж. саяси тарихының өзегі болды. Бұл процесс Бірінші дүниежүзілік соғыс кезіндегі революциялық және әлеуметтік қозғалыстарда, әсіресе Германияда, айқын көрініс тапты.

Бірінші дүниежүзілік соғыстан кейінгі Еуропа және Америкадағы революциялар мен революциялық өрлеулер. Германиядағы 1918-1919 жылдардағы революция.

Революция қарсаңындағы Германияның жағдайы. Орталық Еуропа елдеріндегі революциялар өте күрделі мәселелерді шешуге тиісті болды. Германия экономикасы жоғары дәрежеде дамыған индустриялы ел болды. Алайда мұнда буржуазиялық-демократиялық қайта құрулар аяқталмағандықтан, саяси жағынан артта қалушылық бар еді. Германияның саяси жағынан артта қалуы помещиктік (юнкерлік) жер иелігі мен монархияның сақталуынан көрінді. Сайлау құқығы өте шектеулі болды, монархтың (кайзердің) билігі шексіз, ал рейхстагтың өкілеттілігінің өрісі тар болды, үкімет басшысы (канцлер) рейхстагқа бағынбайтын еді. Сондықтан демократиялық өзгерістер жасау міндеттері әбден пісіп-жетілді. Сонымен қатар Германияда жұмысшы қозғалысы жоғары дәрежеде ұйымдасқан, оның тәжірибелі саяси партиялары бар еді. Сондықтан бұл революцияның басты қозғаушы күші жұмысшылар болатыны анық еді.

1918 ж. күзінде Германияның дүниежүзілік соғыста жеңілгені айқын болды. Неміс әскерлерінің жазғы шабуылдары сәтсіз аяқталды. 1918 жылдың қыркүйегінде Антанта әскерлері теңізде Маас өзеніне дейін созылған кең майданда шабуылға шығып, немістерді Бельгия мен Франция жерінің көп бөлігінен қуып тастады.

Соғыстағы жеңіліс Германияның ішкі саяси жағдайын да шиеленістіріп жіберді. Қазан айының басында үкімет ауысып, ханзада Макс Баденский канцлер болып тағайындалды. Жаңа канцлер 5 қазанда АҚШ Президентіне дереу уақытша бітім жасауды өтінген жеделхат жіберді.

Соғыс елдің экономикасын қатты ойсыратты. Жалақы барынша азайтылды, азық-түлік қымбаттады, ақша құнсызданып, халық күйзеліске ұшырады. Тылда да, майданда да толқулар басталды. Жоғарғы билеуші топ та елде революциялық сілкініс төніп келе жатқанын түсініп, оны реформа жолымен тоқтатуға үміттенді. Баденский үкіметінің құрамына Германияның социал-демократиялық партиясының (ГСДП) жетекшісі Фридрих Эберт және

Германияның тәуелсіз социал-демократиялық партиясының (ГТСДП) жетекшісі Филипп Шейдеман енгізілді.

Революцияның басталуы. Германияның жеңілгендігін әскери басшылар мойындағысы келмеді. Қазан айының аяғында олар Герман флотын ағылшын флотына қарсы шайқасқа шығармақшы болды. Өздерінің күшінен әлде-қайда асып түсетін ағылшын флотына қарсы шабуыл жасау, теңізшілерді мағынасыз өлімге айдау болар еді. Бірнеше әскери кемелер бұйрықты орындаудан бас тартты, ал әскери басшылар оларды жаппай тұтқындауға бұйрық берді. Осыған жауап ретінде 3 қарашада Киль қаласында бұқаралық шеру басталды. Қала комендатурасы шеруді күшпен тоқтатуға әрекет жасады. Бұл әрекет қалада көтерілістің басталуына әкелді. Кемелерде және казармаларда кеңестер құрылды.

Берлиндегі бас көтеру 9 қарашада басталды. Сол күні жүздеген мың жұмысшылар астананың орталығына қарай шеру жасады. Көтерілісшілер түске қарай Берлинді өз қолдарына алды. Кайзер II Вильгельм тақтан бас тартты, ал Макс Баденский канцлер қызметін рейхстагтың ең ірі фракциясының — социал-демократтардың жетекшісі Ф.Эбертке тапсырды. Социал-демократтар елде республика құрылғанын жариялап, уақытша үкімет құрды. 10 қарашада құрылған бұл уақытша үкімет Халық өкілдерінің кеңесі (ХӨК) деп аталды. Кеңесті екі төраға — Ф.Эберт (ГТСДП) және Г.Гаазе (ГТСДП) басқаратын болды. К.Либкнехт үкіметке кіру жөніндегі ұсыныстан бас тартты. Ол Германиядағы революция әрі қарай дамып, социалистік сипатқа ие болатындығына сенімді еді. Ол Кеңестердің бүкілгермандық съезін шақырғанға дейін билікті Берлин кеңесіне беруге шақырды.

1918 жылы 16-21 желтоқсанда Берлинде Кеңестердің I бүкілгермандық съезі етті. Съезде ұзақ айтыс тартыстан кейін Құрылтай жиналысы сайлауын қолдау және Германияның болашақ мемлекеттік құрылысын анықтау мәселесін Құрылтай жиналысының қарауына беру туралы шешім қабылданды. Ұлттық жиналысты шақыру 1919 жылдың 19 қаңтарына белгіленді.

1919 жылдың қаңтарындағы революциялық өрлеу. Тәуелсіз социал-демократтар желтоқсан айының аяғында Халық өкілдері Кеңесінен шығып кетті. Осыдан кейін дереу мемлекеттік аппараттың барлық буындарынан тәуелсіздердің өкілдері шығарыла бастады. Осыған наразылық ретінде Берлин жұмысшышары шерулер мен жиындар өткізе бастады. Бұл бірқатар жерлерде шерушілер мен полицияның арасында қақтығыс туғызды. Осы шерудің әсерімен 5 қаңтарда ГТСДП мен Германияның Коммунистік партиясының (ГКП) басшылығы жұмысшыларды Эберт үкіметін құлатуға шақырды.

6 қаңтарда Берлинде жаппай ереуіл басталды. Қаруланған жұмысшылар вокзалды, социал-демократиялық «Форвертс» газетінің үйін басып алды. Алайда революциялық әрекетті одан әрі жалғастыруды басқаруға тиіс революциялық комитет ішінде алауыздық басталып, коммунистер мен тәуелсіздер ортақ шешімге келе алмады.

Бавар кеңестік республикасы. Астанадағы көтеріліс талқандалды, бірақ Германияның бірқатар аудандарында әлі де революциялық қозғалыс жалғасып жатты. Ақпан-мамыр аралығында көптеген қалаларда ереуілдер толқыны болып өтті. Революциялық өрлеудің ең шыңы - 1919 жылдың 13 сәуірінде Бавар кеңестік республикасының жариялануы болды. 13 сәуірде монархистер Мюнхенде мемлекеттік төңкеріс жасауға әрекеттеніп, Бавар үкіметінің басшысы тәуелсіз социал-демократ К.Эйснерді өлтірді. Революцияның жетістіктерін қорғап қалу үшін әрекет Комитеті құрылды, оған социал-демократтар тәуелсіздер және коммунистер кірді. Комитетті коммунист Евгений Левине басқарды.

Революцияның қорытындылары және маңызы. Веймар республикасының құрылуы. Қараша революциясының басты қорытындысы және маңызы монархияның жойылуы, саяси және әлеуметтік салада демократиялық өзгерістердің іске асырылуы, республиканың құрылуы, Германияның соғыстан шығуы болды. Германиядағы революцияның ерекшелігі - мемлекеттік құрылыстағы түбірлі өзгеріс бейбіт сипатта іске асуы еді. Бұл өзгерістерді іске асыруға социал-демократия жетекшілік жасады. Парламенттік күрес тәжірибесін әжептәуір меңгерген бұл партия демократиялық республика құру міндетін конституциялық-құқықтық қайта құрулар жолымен іске асыра алды.

1919 жылдың 31 шілдесінде Ұлттық жиналыс конституция қабылдады, бұл Веймар конституциясы деп аталды. Бұл 1871 жылғы конституциямен салыстырғанда нағыз демократияшыл заң болды. Конституция Германиядағы республикалық құрылысты заңдандырды; жалпыға бірдей тең сайлау құқығын, азаматтардың заң алдындағы теңдігін жариялады; сөз, баспасөз, жиналыс, одақтар құру мүмкіндігі берілді. Кәсіподақтардың құқықтары кеңейтілді, әлеуметтік заңдылықтар қабылданды. Алайда конституция парламенттің (рейхстаг) құқықтарын шектеп, президенттің өкілеттігін кеңейтті.

Австро-Венгриядағы революция. Габсбургтер монархиясының ыдырауы. Әр түрлі тілде сөйлейтін, діні, тегі, салты мен әдет-ғұрпы бөлек халықтарды топтастырған Австрия-Венгрия монархиясы XIX ғ. аяғында ұлт-азаттық қозғалысының өрістеуіне қарамастан, ұзақ уақыт сақталып келді. Габсбургтер әулеті билеген дуалистік монархияда Австрия мен Венгрияның саяси-құқықтық жағдайы бірдей болды, ал Чехия, Словакия тағы басқа бөліктері жартылай отар сипатында өмір сүрді. Экономикалық даму дәрежесі жағынан Чехия мен Австрия басқа бөліктерінен жоғары болды. Алайда Чехия мен Австрияның өнеркәсібінің дамуына артта қалған аграрлы аудандар кесірін тигізді. Бұл жағдай дүниежүзілік соғыс кезінде одан әрі шиеленісті. Чехияда, Словакияда, Венгрияда ұлт-азаттық қозғалысы өрледі. 1848 жылдан бері тақта отырған қарт император Франц Иосиф қанша тырысқанымен империяның ыдырауын тоқтата алмады. 1914 ж. тақтың мұрагері Франц Фердинандтың өлтірілуі саяси дағдарысты тереңдете түсті. Ал 1916 ж. Франц Иосифтің қайтыс болуы және дүниежүзілік соғыста Австро-Венгрияның жеңілуі

империяның ыдырауын жылдамдата түсті. 1918 ж. күзде Чехияда, Польшада және басқа славян жерлерінде тәуелсіз ұлттық мемлекет құру ниеті күшейді. 1918 ж. 28 қазанда Чехословакия, 29 қазанда сербтер, хорваттар мен славяндар (Югославия), 2 қарашада Венгрия тәуелсіздіктерін жариялады. Осылайша Габсбургтер империясы ыдырады.

Австрия республикасының құрылуы. Австриядағы ықпалды саяси күштер - Социал-демократиялық жұмысшы партиясы, христиан-әлеуметтік партиясы және пан-германдық партия 1918 ж. қазан айында елде қан төгіс төңкерістің болуына жол бермеу үшін империя жеріндегі бүкіл неміс халқын біртұтас демократиялық республика біріктіру туралы келісім жасады. 1918 ж. 21 қазанда империяның өкілдік органы - рейхстагтың депутаттары мәжіліс өткізіп, тәуелсіз Австрия демократиялық мемлекеті құрылғанын мәлімдеді және уақытша ұлттық жиналыс құрды. Ұлттық жиналыс 12 қарашада Австрияны республика деп жариялады. 1919 ж. 16 ақпанда Құрылтай жиналысына сайлау жүргізілді. Бірінші рет жүргізілген жалпыға бірдей, төте демократиялық парламенттік сайлауда социал-демократтар көп дауыс алды. Құрылтай жиналысының шешімімен социал-демократтар үкімет құрды, премьер-министр К.Реннер болды. Бұл үкімет елді Антанта мен Австрия арасында бітім шарты жасалғанға дейін басқаратын болды. Осылайша Австрияда монархияның жойылуы, республиканың құрылуы, социал-демократиялық жұмысшы партиясының үкімет құруы сияқты түбірлі өзгерістер қантөгіс төңкеріс нәтижесінде емес, парламенттік күрес ауқымында іске асырылды. Австрия социал-демократиялық партиясының теоретиктері XX ғ. басында большевиктердің де, социал-демократияның оңшыл қанатының да идеялық тұжырымдамаларына қосылмай, марксизмнің жаңа кезеңге неғұрлым бейімделген нұсқасын жасады. Бұл тұжырымдама австромарксизм деп аталды. Австриялық марксистердің ойынша, революция қысқа уақытта іске асатын көтеріліс емес. Революция – ұзақ жүретін, күрделі үрдіс.

Венгриядағы революция. Габсбургтер монархиясының ыдырауы, соғыстағы күйзеліс пен жеңіліс, экономикалық жағдайдың нашарлауы Венгрияда жалпы ұлттық дағдарысқа әкелді. 1918 жылдың күзінде елде саяси жағдай әбден шиеленісті.

1918 ж. 25 қазанда Будапештте бұқаралық шеру болып, онда бітім жасау және Венгрияның жеке мемлекет болып жариялануы туралы ұрандар көтерілді. Тәуелсіздік партиясының ұсынысымен Ұлттық Кеңес құрылды, оған социал-демократтар да кірді. Ұлттық Кеңестің басшысы Михай Каройи болды. Ұлттық Кеңес халыққа үндеу жолдады. Үндеуде Венгрияның толық тәуелсіздік алуы, бітім жасау, демократиялық бостандықтар беру, аграрлық реформа жүргізу талаптары айтылды.

1918 ж. 2 қарашада Венгрия тәуелсіз мемлекет болып, ал 16 қарашада Венгрияда халықтық республика құрылды деп жарияланды.

1918 ж. Ресейден елге дүниежүзілік соғыста тұтқынға түскен венгрлердің көпшілігі қайтып оралды. Олар Ресейде кеңес үкіметін құруға және оны қорғауға қатысып, большевиктік идеяларға әбден сеніп, табанды коммунистер

болып алған еді. 1918 ж. наурызда Москвада Бела Кун мен Тибор Саммуэльдің басшылығымен РКП(б)-ның венгр бөлімі құрылды. Бұл ұйым үгітшілерді дайындады. Олар Венгрияға келген соң, коммунистік идеяларды белсенді түрде насихаттай бастады. 1918 ж. қараша айында олар Бела Кунның басшылығымен Венгрия Коммунистік партиясын құрды. Партияның ықпалы жылдам өсті.

1919 ж. наурыз айында Антанта Венгрияның Румыния мен Чехословакияға берілуге тиісті жерлерін босатуды талап етіп, Венгрия үкіметіне ультиматум тапсырды. Бұл ультиматумды орындау әлі түпкілікті бітім жасалмай тұрған кезде Венгрияның кейбір жерлеріне шетел әскерінің енгізілуіне мүмкіндік беретін еді. Ал ультиматумды орындамау елдің тәуелсіздігіне қауіп төндірер еді. Венгрия үкіметі осындай қиын жағдайда қалды, бұл саяси дағдарыс туғызды.

Венгрияда кеңестік республиканың құрылуы. Елді саяси дағдарыстан шығару үшін үкімет сыртқы саясаттың бағдарын өзгерту керек деп шешті. Венгрия бұрын Антантаға бағдар ұстаса, енді Кеңестік Ресеймен жақындасу керек деген ұйғарымға келді. Бұл шешімді іске асыру үшін уақытша президент қызметін атқарып отырған М.Каройи социал-демократиялық партияның жетекшілеріне үкімет басқару туралы ұсыныс жасады. Социал-демократтар үкіметті коммунистермен бірлесіп құру керек деп шешті.

1919 ж. 21 наурызда социал-демократиялық және коммунистік партиялар бірігіп, Венгрия социалистік партиясын құрды. Сол күні Венгрияда Кеңестік Республика жарияланды. М.Каройи президенттік қызметтен кетті. Венгрияның жаңа үкіметі - Революциялық үкімет кеңесі құрылды. Оны социал-демократ Ш.Гарбаи басқарды, ал Бела Кун сыртқы істер министрі болды. Жаңа үкіметтің құрамына 14 коммунист, 17 социал-демократ және партияда жоқ 2 саясаткер кірді.

Революциялық үкімет бірқатар реформаларды іске асырды: банктер, ірі өнеркәсіп, транспорт, ірі жер иеліктері мемлекет меншігіне алынды; 8 сағаттық жұмыс күні енгізілді; сыртқы саудаға мемлекеттік бақылау қойылды; жалақы көбейтілді, әлеуметтік қамсыздандыру жүйесі жасалды; қызыл әскер құрыла бастады; халықтық милиция құрылды.

Бела Кун кеңестік Ресейге жеделхат жіберіп, Антантадан қорғауды өтінді. Алайда азамат соғысы жүріп жатқандықтан, большевиктер үкіметі кеңестік Венгрияға көмек бере алмады.

Венгрияның Дунайдың сыртындағы оңтүстік аудандарында кеңестік үкіметті жақтамаған топтар жиналып, Сегед үкіметін құрған болатын. Бұл үкіметтің жеке әскер бөлімдері болды, оны адмирал Миклош Хорти басқарды. Будапешттегі И.Фридрих үкіметін Антанта мойындамай қойды, ол да биліктен кетуге мәжбүр болды. Билік адмирал М.Хортидің қолына тиді. 1920 ж. Ұлттық жиналыс Венгрияда монархияны қалпына келтіру туралы шешім қабылдады да, 1 наурызда Хорти регент - Венгрия корольдігінің билеушісі болып сайланды. Регентке парламентті шақыру және тарату, заңдарды дайындау, әскердің бас қолбасшысы болу құқығы берілді. Хорти өкіметі елде жаппай

жазалау жүргізді: 6 мың адам қаза тапты, 70 мың адам түрмеге түсті, 100 адам шет елге кетті. 1926-1932 жж. жалпыға бірдей сайлау құқығы және басқа негізгі демократиялық құқықтар мен бостандықтар жойылды. Венгрия екінші дүниежүзілік соғыс кезінде Германияның одақтасына айналды.

Англия, Франция және АҚШ -тың Бірінші дүниежүзілік соғыстан кейінгі жағдайы.

Еуропа елдерінде және АҚШ-да соғыстан кейінгі бейбіт өмірге оралу ұзаққа созылды. Бітім жөніндегі келісімдерге қол қойысу, күйреген империялар коқсығында жаңа мемлекеттердің құрылуы, әлеуметтік қозғалыстардың толастауы, кеңеске қарсы басқыншылықтың тоқтатылуы мен Батыстың Кеңестік Ресеймен қарым-қатынастарының қалыпқа келуі тұрақтылыққа жол ашты. Өмірдің қалыпқа түсу процесі басқалардан гөрі жеңімпаз елдерде ертерек байқалды. АҚШ, Англия, Франция, Скандинавия елдері экономикаларын бейбітшілік арнасына бұруды аяқтап, 1929 -1933 жж. экономикалық дағдарыстарға дейін созылған экономикалық өрлеу жолына түсті.

Экономиканы қалпына келтірудің ерекшеліктері. Еуропа елдерінің шаруашылық өмірін қалпына келтірудің ең маңызды шарты - соғыстан кейінгі инфляцияны ауыздықтау, ұлттық валюталардың, ең алдымен 1924 жылға дейін берекесі кеткен Германия валютасының тұрақтылығын қалпына келтіру болды.

Дауэс жоспары. 1924 ж. америкалық банкир Дауэс басқарған арнайы халықаралық комитет халықаралық несие-қаржы және сауда қатынастарын қалпына келтірудің стратегиялық жоспарын қабылдады. Жоспардың мазмұны - несиелердің көмегімен Германия экономикасын қалпына келтіру болды. Бұл оған Англия, Франция және басқа да елдерге соғыс шығындарын өтеуге, ал оларға өздерінің АҚШ-қа қарыздарынан құтылуға мүмкіндік берді. Капиталдың бұл айналымы валюталардың алтын стандартына көшумен бірігіп, экономиканы қалпына келтірудің алғышартына айналды.

Құрылымдылық қайта құру. 20-жж. жетекші капиталистік елдердің экономикасында маңызды құрылымдық өзгерістер орын алды, соғыс кезіндегі қираушылықтар қалпына келтіріліп, өмірдің әлеуметтік-экономикалық жағдайлар бірсыпыра жақсартылды. Автомобиль, электротехника, химия өнеркәсіптері сияқты жаппай өндіріс салалары алдыңғы қатарға шықты. Жаппай өндірістің жаңа техникалық деңгейі автомобиль конвейері, стандарттау, типтік бөлшектерді кеңінен қолдану, еңбек процесстерінің қарқынын арттыру мақсатымен оларды басқару мен ұйымдастырудың тиімді әдістерінен көрініс тапты. Мұның барлығы еңбек өнімділігін, өндірістің тиімділігі мен табыстылығын арттыруға мүмкіндік берді.

20 - жж. екінші жартысында барлық капиталистік елдер өндірістің соғыстан бұрынғы деңгейін қалпына келтіріп қана қоймай, оны басып озды. Әсіресе АҚШ экономикасы аса жедел дамыды. Соғыстан бұрынғы деңгеймен салыстырғанда халықаралық сауда үштен бір есе артты. Ол жылдардағы

«просперити» деген американ сөзі экономиканың дағдарыссыз даму дәстүрінің келгеніне сену мен болашаққа үмітпен қараушылықты білдірді.

Капиталистік дүниенің экономикалық дамуы біркелкі болмады. Егер АҚШ, Франция, Германия салыстырмалы тез қарқынмен дамыса, Англия, Оңтүстік және Оңтүстік-Шығыс Еуропа елдерінің көпшілігі даму қарқыны жөнінде артта қалды.

Капиталистік дүниедегі экономикалық, тұрақтылық берік болмай шықты. Оның ең осал жері 20-ж. соңында өсе бастаған тауарларды жаппай өндіру мен халықтың төлем қабілеттілігінің төмендеуі арасындағы айырмашылық болды. Бейнелей айтсақ, 30-жж. автомобиль конвейерлерінің соңында бұрынғыдай тынымсыз сатып алушылар кезегі артта қалды. Тауарлар өтпей, қоймаларда жиналып, сауда дағдарысы келе жатты. Одан жарнамалар, несие беру, кейін төлеу де сақтай алмады. 1929 ж. 24 қазанында Нью-Йорк фондалық биржасында үрей басталды, жұрттың барлығы өз акцияларын сатуға ұмтылды. Сөйтіп, салыстырмалы гүлдену дәуірі аяқталды. АҚШ-тың соңынан бүкіл капиталистік дүние дүниежүзілік экономикалық дағдарыс тереңіне енді.

20 жж. саяси дамудың ерекшеліктері. Бірінші дүниежүзілік соғыс Еуропалық қоғамның негіздерін түбімен шайқалтты. Соғыс аяқталған соң ұзамай-ақ шыққан О. Шпенглердің «Еуропаның ақыры» деген кітабы көп мәселелерде уайымшылдық пен мұраттардың қирағандық көңіл күйіне сәйкес келді. Революциялар, саяси дағдарыстар, халықтың қайыршылануы үкіметтерден, саяси партиялардан жаңа саяси бағытқа түсуді талап етті. Социал-демократиялық партиялар Еуропаның саяси тарихында тұңғыш рет үкімет басқарып, басқа саяси партиялармен билеуші одақтарға енді. Олардың қатарларында 6 млн. аса мүше болды, оларға ондаған миллион сайлаушылар дауыс берді. Социал-демократтардың ықпалының артуына, партиялардың негіздерінің кеңеюіне соғыстан кейін барлық Еуропа елдерінде жалпыға бірдей сайлау құқын енгізу себеп болды. Бұл құқықты соғысқа дейін онымен пайдаланбаған әйелдер де алды.

20-жж. саяси күресте әртүрлі әлеуметтік топтардың мүдделерін білдіруші баспасөздің рөлі арта түсті. Радио, кинематограф аса қуатты ақпарат құралдарына айналды, «бұқаралық мәдениет», көпшілік қойылымдар мен көрілімдер (хоккей, дансингтер, концерттер т. б.) пайда болды. Қоғамдағы реформашылдық көзқарастардың артып, әлеуметтік қозғалыстардың толастауына «халықтық», дағдарыссыз капитализм идеяларын насихаттау әсер етті.

Тұрақтылық пен реформаларға ұмтылушылық тек қалыптасқан дәстүрлі парламент жүйелері бар елдерге (Ұлыбритания, АҚШ, Франция, Скандинавия елдері) ғана тән құбылыс емес еді.

20-жж. демократияландыру, реформалар қоғам өмірінде жұмысшы және демократиялық қозғалыстар маңызды рөл атқаратын, мемлекеттік басшылыққа ықпал етуге және қоғамдағы бүлікшіл күштерге қарсы тұруға қабілетті салиқалы реформашыл орта қалыптасқан жерлерде өтіп жатты. Осал орталық оқиғалардың шиеленіскен жағдайында Италиядағыдай оңшыл

экстремистік күштердің, Ресейдегідей солшыл радикалдардың билік басына келуіне тосқауыл қоюға дәрменсіз болып шықты.

Авторитарлық режимдерді орнатуға ұмтылушылық Оңтүстік және Оңтүстік-Шығыс Еуропа елдерінде (Венгрия, Болгария, Грекия, Албания) орын алды. «Солға» және «оңға» ауытқушылық мемлекеттік құрылыстағы демократиялық жүйелер орнаған елдерде орын алды.

АҚШ - 20-жж. гүлденудің американдық үлгісі. Соғысқа ең соңынан кірісіп және соғыс қимылдары театрларынан қашықта орналасқан АҚШ-тың адам шығыны ең азы болды, оның үстіне соғысқа қатысқан ел бизнесі орасан көп пайда тапты. АҚШ Еуропаға қарыздардан несие берушіге айналып шыға келді. АҚШ жаңа техника мен технологияның саласында таңқаларлықтай табыстарға жетті. Тұңғыш рет Генри Форд енгізген конвейер жүйесі 1913 ж. Мичигандағы автомобиль зауытында машинаны жинау уақытын 14 сағаттан 1,5 сағатқа дейін қысқартуға мүмкіндік берді. Таскынды өндіріс басқа салаларға да енгізілді. Кіржуғыш машиналарды, тоңазытқыштарды, фотоаппараттарды, радиоқабылдағыштар мен ойнатқыштарды жаппай шығару басталды. 20-ж. соңында әрбір екінші американдықтың радиоқабылдағышы болды. Жолаушылар таситын әуе көлігінің дәуірі басталды. 1927 ж. Чарльз Линдберг монопланмен 33 сағат ішінде Атлант мұхиты арқылы ұшып өтті. Кино актерлері Мэри Пикфорд, Чарли Чаплиндердің атағы әлемге жайылды. Журналистер 20-жж. Әртүрлі – «актерлер ғасыры», «джаз ғасыры», гүлдену он жылдығы, тағы басқа деп атап, мақтанып жатты.

Шын мәнісінде АҚШ қарама-қайшылықтар елі болды. Экономикалық дамудың орасан қарқыны, ғылым мен техниканың ең соңғы жаңалықтары, тұрмыстың түгелдей өзгеруі 20-жж. барып тұрған саяси кертартпалықпен, экономикалық либерализм идеяларының салтанат құруымен, «тасмаңдай өзімшілдікпен» ұштасып жатты.

Бұл Еуропадағы революциялық оқиғаларға консервативтік-корғаныс тұрғысынан жауап болды. Бизнес соғыстан бұрынғы «қалыптылыққа» оралуды, ең алдымен мемлекеттік реттеу мен тәртіптеу шаралары мен кәсіпкерлердің ісіне араласуды жоюды талап етті. АҚШ-тың экономикалық жағдайы мен реформалар және мемлекеттік реттеу үйреншікті әдетке айналған Еуропа елдерінің арасындағы принципалды айырма, міне, осында еді.

Дағдарыстан шығу жолдарын іздеу. Кейінстің теориясы. Экономистер дағдарыстан байқау және қателіктер әдісі арқылы да, теория көмегімен де шығу жолдарын іздестірді. Әр түрлі көзқарастар тоқырасты (әлеуметтік рыноктік шаруашылықтың либералдық теорияларынан шаруашылықты бір орталықтан жоспарлау мен бөлудің - тоталитарлық және социалистік теорияларына дейін). Бұл ізденістерде ең үлкен табыс ағылшын экономисі Дж.М.Кейнстің үлесіне тиді. Ол өзінің теориясының негізін «Жұмыспен камту, пайыз және акша теориясы» (1936) кітабында баяндады.

Кейншілдік ең алдымен үкіметтер мен кәсіпкерлердің экономикалық стратегиясын өзгертуді көздеді. Кейнс жағдайды дұрыс бағалады: жаңа өндірушілік мүмкіншіліктер жаппай өндіріс өнімдерін тұтынуда қоғамның

мүмкіншіліктерінің шектелгенлігіне тап болды. Мұндай жаппай өндіріс үйлесімді және тұрақты даму үшін оған жаппай тұтыну мүмкіншілігі сай келуі керек. Халықтың қайыршылығы және еңбек ақыны төмендету жолымен «тер сығып алу» жағдайында, яғни сатып алушылық қабілетін төмендету жолымен тауарлардың салыстырмалы артықтығы тұйығынан шығу мүмкін емес еді. Бұл тұйықтан шығудың бір-ақ жолы болды, ол еңбек ақыны арттыру жолымен (Кейнсше «тиімді сұраныс») еңбекшілердің сатыпалушылық қабілетін арттыру немесе қорлардың артығын қоғамдық тұтынуға, қоғамдық жұмыстар шығындары аясына, қызметтерге, ағарту ісіне (мемлекеттік шығындар арқылы) аудару жолы еді. Екінші нұсқа милитарландыру болды. Кейнс тұтыну көлемін, жалпы сұранысты мемлекеттік шығындарды ұлғайту жолымен арттыруды ұсынды. Мұндай бағытты тіпті мемлекет қарыздарын ұлғайту жолымен де жүргізу қажет деп санады. Бұл өндірістің құлдырауына және тауарлардың жатып қалуына бөгет болып, бір мезгілде қаржыларды аса жоқшылық көріп отырғандардың пайдасына қайта бөлуге, қоғамдық жұмыстар ұйымдастыруға, жаңа жұмыс орындарын құруға мүмкіндік берер еді. Осы жолмен жұмыссыздықты азайту, тіпті толық жұмыспен қамтамасыз ету мәселесін де шешуге мүмкін еді.

Кейнс экономиканы дағдарысқа қарсы реттеу жөнінде бірнеше нақтылы шаралар ұсынды. Ол мемлекеттік шығындарды азайту немесе арттыру, экономикалық конъюнктураға байланысты салықтар мен банк пайыздарын кеміту немесе көбейту арқылы экономиканы жалпы мемлекеттік реттеу (макрореттеу) механизмін жасады. Дағдырыс жағдайында «сұранысты қампиту», яғни өндірісті ынталандыру мақсатында мемлекеттік шығындарды арттыру, салық пен банк пайызын азайту, ал экономиканың «қызып кеткен» және инфляция жағдайында шығындарды азайту, салықтарды және банк пайызын көбейту ұсынылды. Мемлекеттік реттеудің бұл шаралары «тоқта-жүре бер» ұстанымы леген аталды.

Дағдарыстан шығу жолдары. Тоталитаризм немесе демократия? Мемлекет пен мемлекеттік реттеудің рөлі туралы мәселе экономикалық дағдарыс пен әлеуметтік күйзелестерден шығу жолдарына байланысты мәселелер шумағымен қоса өрілген болатын.

Сайып келгенде, барлық пікір-таластырдың ұшы ең басты мәселеге-мемлекет пен азаматтық қоғамның, мемлекеттік және жеке меншіктердің, мемлекеттік реттеу мен рыноктың рөліне келіп тірелді. Тіпті дарашылдық пен дәстүрлі либерализм идеяларының тамырлары тереңге кеткен американдық қоғамының өзінде де мемлекеттік реттеу мәселелері буржуазияшыл саясаткерлер мен экономистердің, кәсіпкерлердің назарын өзіне аудара бастады. Ал Еуропада өткен ғасырдың соңында-ақ марксистік емес саяси экономия мемлекеттік реттеу мен экономикаға араласудың маңызды рөл атқаратындағын дәлелдеген болатын.

Бұл мәселе сол кездің басты идеялық-саяси қайшылығы — мемлекет пен тұлға, мемлекет пен азаматтық қоғам арасындағы қатынастар турасында принциптік түрде қарама-қарсы түсініктерді ұстанған тоталитаризм мен

либералдық демократия арасындағы келіспеушілікке байланысты болды. Бұл өмірлік маңызы бар мәселерден алыс жай ғана теориялық пікір-талас емес еді. Бұл *XX ғ. саяси тарихының арқауын құрайтын тоталитаризм мен демократия арасындағы күрестің мазмұны болды.*

Тоталитарлық режимдердің ерекшеліктері. Екі дүниежүзілік соғыс арасында Еуропада саяси режимдердің негізгі екі түрі өмір сүрді: қоғамдық дамудың авторитарлық-тоталитарлық үлгісі мен либералдық-демократиялық үлгісі.

Тоталитарлық үлгінің толық логикалық шынына жеткен көрінісі алдымен Италияда, кейінірек Германияда (нацизм түрінде) және Испания мен Португалияда (ибериялық нұсқа) орнатылған фашистік режимдер болды.

Тоталитарлық режимдер белгілі бір мақсаттарды: күрделі саяси және экономикалық дағдарыстардан шығу, милитарландыру және соғысқа дайындалу, индустриаландыруды тездету, алдын-ала ойластырған идеологиялық құрылымға сәйкес қоғам мен одақтарды өзгерту үшін құрылды. «Тоталитарлық» ұғымы 20-30 жж. КСРО-да қалыптасқан әкімгершілдік-өміршілдік жүйе мен сталиндік диктатураға да тура келеді.

Тоталитарлық жүйелерге азаматтық қағамды мемлекеттің басып-жаншып, аяқ асты ету құбылысы тән. Б.Муссолини өзінің «Фашизм туралы ілім деген кітабында былай деп жазды: «Фашизм үшін ең жоғары нәрсе - мемлекет. Оның алдында жеке адамдар мен топтар түкте емес. Бұл салада жеке адамдар емес, тек мемлекеттің ғана пікірі шешуші рөл атқарады». Тоталитаризм - либерализмнің демократияның, пікір әралу-андығының, ой мен ұйым бостандығының қас жауы. Тоталитаризм мемлекеттік реттеудің қоғамдық өмір мен жеке адамдардың іс-әрекеттерінің барлық салаларын қамтығанын жақтайды. Азаматтық қоғамды тоталитарлық мемлекеттің жұтып қоюының экономикалық негізі - ол рыноктық қатынастарды мемлекеттік-бюрократтық реттеу, жоспарлаумен алмастыру болып табылады. Бұл жағдайда жеке меншік ауқымының тарылатындығы сонша, тұлғаның бостандығы мен еркіндігінің экономикалық негізі жоғалады. Саяси салада тоталитаризм либералдық-демократиялық режим мен оның институттарының жойылуын, мемлекеттік-партиялық диктатураның орнатылғандығын білдіреді. Идеология саласында фашизм мен нацизм ұлтшылдық шовинистік және социалистік идеялардың эклектикалық қосындысы ретінде демократияға, либерализмге, марксизмге қарсы бағыт ұстады. Бұл теріске шығару және бірмезгілде зорлау мен қорқыту арқылы іске асырылып жатқан «жаңа тәртіптің» қиялдағы тұжырымы негізінде қоғамды қайта құрудың утопиялық доктрикасына сену идеологиясы еді. Экономика саласында фашизм мен нацизм экономиканы мемлекеттік реттеу жүйесін құрып, оны милитарландыру мен алдағы соғысқа дайындалуға бағыттады. Фашизм тұсында тап күресін, еңбек пен капиталдың дәстүрлі қарама-қарсы тұруларын мемлекеттік партиялық аппарат аяусыз басып жаныштады. Кәсіподақтар қуып таратылды.

Басқа оңшыл радикалдық күштерден айырмасы фашизм өзіне көпшілік негіз таба білді. Қоғамның кейбір топтарына фашистік идеялар, несілшілдік теория, антисемитизм ұнады, олар материалдық пайда тапты, кейбіреулер фашистік қылмыстарға қатысып, қолдарын қанға бояды. Сонымен бірге фашистік режимдер белсенді әлеуметтік саясат жүргізді. Олар экономикалық дағдарыстарға тосқауыл қоя алды.

Либералдық-демократиялық режимдер. 30-жж. дағдарыс апаттарынан демократиялық институттарды сақтай отырып шығудың демократиялық жолы ежелден келе жатқан берік демократиялық дәстүрлері бер, саяси мәдениеті мен қоғамдық қозғалыстары жоғары дамыған елдерге тән болды. Мұндай елдердің қатарына Ұлыбритания, Франция, Скандинавия елдері, АҚШ, Канада, Мексика т.б. елдер жатты. Мемлекеттік реттеу құралдарын пайдаланып және еуропалық демократия мен дәстүрлі либерализмнің идеялық негіздерін сақтай отырып, бұл елдер мемлекеттің әлеуметтік қызметтерін кеңейтті. Бұл ұстанымдар деп отырғанымыз - экономикалық өмірге араласпау саясаты емес, заңды жалпыға бірдей және тең қолдануды, мемлекетпен салыстарғанда артықшылықпен пайдаланатын адамдардың негізгі және ажыратылмас құқытарын, биліктерін, бөліну принциптерін, сайлаушылықпен парламентаризмдік танитын қоғамдық және саяси идеялар болып табылады. Мемлекетпен азаматтық қоғам, мемлекетпен жеке тұлға арақатынастарына байланысты тоталитаризммен демократияның арасындағы принципиалдық айырмашылықтар осындай еді.

Авторитарлық саяси режимдер. Екі соғыс аралығында Орталық және Оңтүстік-Шығыс Еуропада орнаған авторитарлық саяси режимдер аралық сипатта болды. 1940 жыл соңына қарай Гитлер әскерлерінің Францияға басып кіргенінен кейін, бейтарап Швеция және Швейцариядан басқа, Атлантикадан бастап КСРО шекарасына дейінгі бүкіл Еуропада орналасқан елдерде фашистік немесе авторитарлық режимдер билік құрды. Еуропамен Азияның сол кездердегі карталарына көз жүгіртер болсаңыз, XX ғ. 40 жж бұл екі құрлықтағы демократия мен бостандық ошақтарын саусақпен санауға болатынын көрер едіңіз.

Халық майданы. Халық майдандарын құру капиталистік елдердің қоғамдық-саяси өміріндегі жаңа құбылыс болды. Халық майданы қозғалысы Францияда, Испания мен Чилиде үлкен табыстарға жетісті, бұл елдерде кең саяси негізде демократиялық біріккен үкіметтер құрылды. Бірақ бұл табыс ұзаққа бармады. 30-жж. соңында бұл қозғалыс өзін-өзі сарықты, бөтен елдерде бұл қозғалыс онша өріс ала алмады. Екінші дүниежүзілік соғыс жылдарында антифашистік бірлік идеясы халықтардың антигитлерлік одағын - Біріккен Ұлттарды құрудан көрініс тапты. Испанияда Халық майданы үкіметі 1936 ж. жазда испан Мароккосында генерал Франко шығарған фашистік бүлікке қарсы халық күресін ұйымдастырды. Республикалық армия мен фашистік бүлікшілердің және оларға қару-жарақ пен әскерлерін жіберіп, көмекке келген фашистік Италия мен нацистік Германия режимдерінің арасындағы азаматтық соғыс үш жылға таяу уақытқа созылды. Республикашылдардың қатарында

дүние жүзілік көптеген елдерінен көмекке келген демократ-еріктілер соғысты. Кеңес Одағы да оларға әскери көмек көрсетіп, еріктілер жіберді.

1929-1933 жж. дүниежүзілік экономикалық дағдарыстың ерекшеліктері. Дағдарыс 1929 ж. қазандағы Нью-Йорк фондылық биржасында миллиондаған акциялардың бағасының миллиардтаған долларға кеміп кетуіне байланысты үрейден басталды. Бұл бағалы қағаздар рыногінің апатқа ұшырауы еді. Акциялармен биржалық-алып-сатушылық және олардың курсы 1928—1929 жж. экономикалық серпіліс кезіндегідей жасанды түрде асыру осындай салдарға алып келетіні күмәнсіз еді. Бірақ биржа апаты терең экономикалық дағдарыстың тек сыртқы көрінісі ғана болды.

Экономикалық циклдің міндетті кезеңі болып табылатын экономикалық дағдарыстардың ең басты себептерінің бірі - өндіріс пен тұтыну арасындағы тепе-теңдіктің бұзылуы болып табылады: шығарылған тауарлар рыногындағы ұсыныс оларға деген төлем қабілеті - сұраныстан асып кетеді. Тауарлар жатып қалмасын деп өндірушілер әдетте дағдарыс кездерінде бағаны кемітеді, өндірісті азайтады, жұмысшыларды қысқартады, капитал салымын кемітеді. Өндірісті рыноктің таралған көлеміне дейін теңестіру - циклдік дағдарыстан автоматты түрде шығудың алғашқы адымы болып табылады. Бұл бұрын болған экономикалық дағдарыстарға тән көрініс болатын. Бірақ 1929—1933 жж. экономикалық дағдарыс ерекше болды.

Дағдарыстан шығудың автоматтық механизмінің «істемей қалуы» көп жағдайда капиталистік шаруашылықтың құрылымының өзгерістерімен байланысты болды. Капитал мен өндірістің аса ірі бірлестіктерде шоғырлану-ірі бірлестіктерге олардың өндіріске монополиялықтарына байланысты бағаны төмендетпей, бір мезгілде өндірісті қысқартуға мүмкіндік берді. Дағдарыстың аса ұзаққа созылуы (кей елдерде бес жыл бойына) дағдарыстан автоматты түрде шығудың дәстүрлі рыногтік механизмінің бұл жағдайда істемейтіндігін сол себепті мемлекеттік реттеу механизмімен толықтырылуы тиіс екендігін көрсетті. Халықаралық тауар алмасу процестеріне кедергі келтірген қолдаушылық саясаты да дағдарыстан шығуды қиындатты.

XX ғ. бірінші үштігінде жасалған жана техника мен технологияның жаппай өндірісті қамтамасыз етуге мүмкіншіліктері бар болатын. АҚШ-та жана дәуірдің белгісі автомобиль шығару болды. Жаппай өндірісті бастау үшін жаппай сатып алушы, жаппай тұтынушы қажет. 1929—1933 жж. дағдарыста дәл осы өндіріс пен тұтынудың, ұсыныс пен сұранымның арасындағы сәйкессіздік көрініс тапты.

Ақырында, дағдарыс бұрын болып көрмеген мөлшерде тұрақты жаппай жұмыссыздық туғызды, миллиондаған адамдар үшін аштық, бүліктер мен көтерілістер қаупін төндірді, яғни элеуметтік мәселелер шиелеінісе түсті.

Дүниежүзілік экономикалық дағдарыстың аса маңызды ерекшелігі-циклдік дағдарыстың ұзақ мезіргідік құрылымдық дағдарыспен тура келуінде болды. 30-жж. циклдік экономикалық дағдарыс әдетте әрбір 10-15 жылда бір рет келетін құрылымдық дағдарысқа тура келді. Орыс ғалымы Н.Д.Кондратьев 20-жж. өзінде-ақ экономикалық дамудағы «үлкен циклдер», немесе «ұзын

толқындар» теориясын тұжырымдаған болатын. XX ғ. аса ірі экономикалық және саяси сілкіністері экономикадағы «ұзын толқындар» теориясының дұрыстығын дәлелдеп берді.

Экономикада «ұзын толқындар» деп ұзақтығы шамамен алғанда 48-55 жылға созылатын экономикалық белсенділіктің оқтын-оқтын ауытқып тұруын айтады. Мұндай жартығасырлық аралыққа келетін кезендерде индустриялық қоғамның техникалық және технологиялық негізі жанарып, бұл құбылыс капиталистік өркениеттің басты-басты экономикалық аймақтарының шаруашылықтарының барлық салаларын қамтиды. Мұндай циклдер XVIII ғ. 80-ші ж. соңы мен 90-шы жж. басынан басталған болатын. Сол кезден бастап батыс елдері төрт «ұзын толқындарды» бастарынан өткізді, олардың әрқайсысының бірінші жартысында конъюнктураны арттыратын кезеңі болса, соңынан төмендейтін кезеңі болады. Арттыратын және төмендететін кезендердің түйіскен жеріннің үлесіне әлеуметтік сілкіністердің көп бөлігі (соғыстар, революциялар, аса ірі әлеуметтік-саяси қақтығыстар) келеді. Бұл үлкен циклдердің шеңберлері шамамен мына төмендегідей: 1780 ж. соңы - 1840 ж.; 1840 ж. соңы — 1890 ж.; 1890 ж. соңы — 1940 ж. басы; 1940 ж. басы — 1982—1985 жж. Сөйтіп, XX ғ. екі толық «ұзын толқындар» орын алды, ал 1980 жж. басталған бесінші «ұзын толқындар» немесе кезең XXI ғ. аяқталмақшы.

1914—1945 жж. аралық кезең конъюнктураның төмендеу кезеңі қамтилы. Бұл уақыт ішінде екі дүниежүзілік соғыс, 30-жж. дүниежүзілік экономикалық дағдарыс, Ресей мен кейбір еуропалық елдердегі революциялар, Еуропадағы тоталитарлық және авторитарлық режимдердің орнауы секілді оқиғалар орын алды. Бұл кезеңді дүниежүзі тарихында ең ірі омырылу, либералдық демократияның терең дағдарысы және еуропалық өркениеттің өзін-өзі жойып жіберу қаупі деп қарастырған жөн. Соғыс аралық онжылдықтар мен екі дүниежүзілік соғыстың күйзелістерінен шығу жолдарының қиындығы мен қарама-қайшылықтығы, міне, осында болды.

XX ғасырдың 1930 жылдарының бірінші жартысындағы халықаралық қатынастар: барысы мен дағдарысы. XX ғасырдың 30-40 жж. арасындағы халықаралық қатынастар тарихы тым күрделі. Осы кезең аралығында Германия, Италия, Жапония бастаған фашистік және милитаристік мемлекеттер Версаль-Вашингтон жүйесіне наразы болып, дүниені қайта бөлуге, негізінен Англия, Франция, АҚШ және олармен байланысты елдер бақылауында болған отар, шикізат көздері мен өткізу рыноктарын басып алуға жанталасты. Германия өз көршілерін табанына салуды, КСРО-ны талқандауды, Африка мен Таяу Шығыста жаңа отарлық империя құруды көздеді. Италия Жерорта теңізін «Итальян көліне» айналдыруды, Балкан түбегі мен Таяу Шығыс елдері, Африканың шығыс және солтүстігінің бір бөлігін өзіне бағындыруды жоспарлады. Жапония Қытай және Кеңес Одағының Азиялық бөлігін, сондай-ақ Бирма (Мьянма), Индонезия, Филиппин мен басқа «оңтүстік теңіз» елдерін өзіне қаратуды көздеді. Ең ірі фашистік-милитаристік мемлекеттер - Германия мен Жапония дүниежүзілік үстемдікке ұмтылды.

Жапонияның басқарушы топтары өз мақсаты «дүниенің сегіз бұрышын бір шаңырақ астына, яғни Жапония қол астына біріктіру» деп ашық жариялады. Фашистік Германия үкіметінің басшысы Гитлер 10 ақпан 1939 жылы неміс әскери қолбасшылығының құпия мәжілісінде сөйлеген сөзінде өз саясатының мақсатын а) Еуропада үстемдік, ә) жүз жылдық дүниежүзілік үстемдік деп айқын белгіледі.

Екінші дүниежүзілік соғыс басталмай тұрып-ақ Италия, Германия және Жапонияның басқарушы топтары агрессиялық жолға түсті. Италия Эфиопия (Абиссиния) мен Албанияны, Германия Австрия мен Чехословакияны басып алды. Жапония 1931 жылы Маньчжурияны (Солтүстік-Шығыс Қытай) оккупациялады, ал 1937 жылы Орталық Қытайда соғыс қимылдарын бастап, Пекин, Шанхай, Нанкин сияқты Қытайдың ірі қалаларымен қоса үлкен территорияларын өзіне қаратты. 1938 жылы жапон милитаристері Хасан көлі ауданында Кеңес Одағына, ал 1939 жылы Халкин-Гол өзені алқабында Моңғол Халық Республикасының территориясына енді. Кеңес және моңғол әскерлері басып алушылардың шабуылына тойтарыс берді.

Тақырып бойынша бақылау сұрақтары:

1. Париж бейбіт конференциясы қай жылы және не үшін шақырылған еді?
2. Париж бейбіт конференциясында үстемдік еткен қай елдер және негізгі шешімдерді қабылдаған кімдер? Антантаның
3. Антантаның жетекші үш державасының Бірінші дүниежүзілік соғыстан кейінгі бейбіт реттеуге қатысты ұстанған бағыттары қандай болды?
4. Ұлттар Лигасының Жарғысында халықаралық қатынастардың қандай жаңа принциптері жарияланды?
5. Мандаттық жүйе деген не?
6. Париж бейбіт конференциясында герман мәселесі қалай шешілді және Версаль бітім-шартының қай баптары Германияның егемендігін шектеді?
7. Бірінші дүниежүзілік соғыстан кейін Еуропаның картасында қандай жаңа мемлекеттер пайда болды және Орталық және Шығыс Еуропада пайда болған жаңа мемлекеттердің шекараларын белгілегенде Антанта мүшелері нені басшылыққа алды?
8. Вашингтон конференциясында қандай келісімдер жасалды және неге АҚШ олардың нәтижелерін өзінің жеңісі деп есептеді?
9. Халықаралық қатынастардың Версаль-Вашингтондық жүйесінің тұрақсыздығы неде?
10. Германияда Веймар республикасы қашан жарияланды?
11. Фашистік партия қай жылдары пайда болды?

10 - дәріс. Екінші дүниежүзілік соғыстан кейінгі әлемнің саяси және әлеуметтік-экономикалық дамуының негізгі бағыттары.

1. Екінші дүниежүзілік соғыстан кейінгі әлемнің дамуы. Әлеуметтік-экономикалық дамуының негізгі бағыттары.
2. Әлемнің саяси дамуының ерекшеліктері.
3. 1945-1991 жж. халықаралық қатынастар.

Екінші дүниежүзілік соғыстан кейінгі әлемнің дамуы. Әлеуметтік-экономикалық дамуының негізгі бағыттары.

Үш әлемнің құрылуы. Соғыстан кейін отаршылдық империялар ыдырады. 1960 жылы БҰҰ отаршылдықты жою туралы Декларация қабылдады. Дүниежүзілік қауымдастық бір-бірінен өзгеше әртүрлі үш дүниеге бөлінді. Біріншісі дамыған капиталистік елдерден құралды. Құрамына социалистік елдер кірген екінші дүние соғыстан кейінгі кезеңде орнады. Оған КСРО бастаған социалистік жүйедегі Орталық және Оңтүстік Шығыс Еуропа елдері, Азияның Қытай, Солтүстік Корея, Солтүстік Вьетнам, Лаос, Камбоджа, Куба елдері кірді. Үшінші дүниенің қалыптасуы да соғыстан кейінгі кезеңмен байланысты. Оған экономикасы артта қалған Азия, Африка, Латын Америкасы елдері жатты.

Ғылыми-техникалық прогресс (ҒТП). Соғыстан кейін күйреген экономиканы қалпына келтіру міндеті тұрды. Өндірістің жаңа салаларына ғылыми-техникалық прогресс еніп, ғылым өндірістік күшке айналды. Өндіргіш күштерді қайта құру ғылыми-техникалық революция (ҒТР) деп аталды. Оның басты бағыттары: электрондық есептеу-машиналарын кеңінен қолдану, энергияның жаңа түрлерін ашу, биотехнологияны пайдалану, конструкциялық материалдардың жаңа түрлерін жасау және қолдану. ҒТР-дің алғашқы толқыны 40-50 жылдардың соңында электрондық технологиялардың (1947 ж. АҚШ-та транзистор, 1957 ж. микросхемалар, компьютерлердің жаңа тобы), авиағарыш, радиотелевизия, техникалық робот және т.б. дами бастағанынан көрінді. Ғарыштық дәуірдің басталуы ҒТР-дің нышаны болды. 1957 жылы КСРО-да Жердің жасанды серігі, 1961 жылы адамның ғарышқа ұшуы үлкен жаңалық болды. 70-жылдары мини-процессорлар пайда болды. Ол «ақпараттық немесе телекоммуникациялық революция» деп, ал ҒТР-дің жетістіктерін ауыл шаруашылығында пайдалану «жасыл революция» деп аталды.

Ақпараттық қоғам. 1974-1975 жылдары дүниежүзілік экономикалық дағдарыстан туған қиыншылықтар экономиканы құрылымдық жағынан қайта құрудың басталуына себепкер болды. Батыс елдерінде ақпарат пен білім қосымша құнның негізі болды. Ақпараттық технологиялар мен бұқаралық коммуникациялар басты рөл атқарды. Оның сипатына компьютерлік техника, роботтар, тұтыну үрдістерін жекелендіруге көшіру, «ақпараттық капитал» жасау, шағын өнеркәсіп орындарын ашу, технопарктер құру, еңбекті ұйымдастырудың сипаты, жалдамалы қызметкердің мәртебесі жатты.

Қоғамның әлеуметтік стратификациясы. ҒТП қоғамның әлеуметтік құрылымына түбегейлі өзгерістер әкелді. Орта тап өкілдері құрылды.

Сараланған әлеуметтік құрылым қалыптасты. Батыс қоғамында қазір өмір сүретін сегіз стратаны (қабатты) бөліп көрсетуге болады:

ең жоғарғы топ (страта) – ірі корпорациялардың иелері, жоғары әкімшілік және әскери қызметкерлер, ғылым, медицина, мәдениет қайраткерлері;

- жоғары топ – фирма менеджерлері, инженер-техник кадрлары, заңгерлер, университет оқытушылары, жоғары еңбекақы алатын дәрігерлер, биржалық брокерлер;

- жоғары орташа тап – орта буынның басқарушылары, мұғалімдер, дәрігерлер.

Үшінші дүние елдерінің экономикалық дамуы. Дамудың капиталистік нұсқасын таңдап алған үшінші дүние елдері 50-жылдарда экономиканы жаңғырту жолына түсті. Ол жекеменшік кәсіпкерлік пен нарықты дамыту, аграрлық реформалар мен индустрияландыру, дамыған елдердің қаражаты мен тәжірибесін пайдалану болды. 70-80 жылдары дамушы елдерде трансұлттық корпорациялар мен ұлттық монополиялардың өкілі бар монополистік капитализм пайда болды. Социалистік бағдарды таңдап алған дамушы елдерде мемлекеттік сектор үстем болды. Үшінші дүние елдері экономикасының дамуына олардың өткен отарлық тарихы кері әсерін тигізді. Біржақты мәдениет қалыптасты. Үшінші дүние елдері өздерінің экономика мен қаржы жағынан Батысқа тәуелділігін жою үшін маңызды шаралар қолдануға тырысты. БҰҰ осыған орай Хартия қабылдады. Экономика саласында белгілі табыстарға қол жеткізе бастады. "Жаңа индустриялы елдер" пайда болды.

Үшінші дүние елдерінің әлеуметтік дамуы. Әлеуметтік дамуы күрт жеделдетілді. Жаңа таптар, әлеуметтік топтар, монополистік буржуазия пайда болды. Құрамы біртекті емес жұмысшы табы қалыптасты. Орташа топтар үлкен рөл атқарды. Өмір сүрудің орташа ұзақтығы артты. Білім, оқу-ағарту, халықты кәсіпкерлікке даярлау саласында ілгерілеушілік байқалды. Алайда жалпы үшінші дүние елдеріне әлеуметтік қатынастар саласында кертартпалық, сауаттылықтың төмен деңгейі, дәстүрлі моральдық, діни және басқа ұғымдар тән болды.

Жаһандану. XX ғасырдың соңы дүниежүзі бейнесінің жаңа кейіпке келуімен көзге түсті. "Жаһандану" деген атау алған үрдіс маңызды болды. Жаһанданудың мәні мемлекеттік күштерді емес, нарықтық күштерді белгілейтін әртүрлі экономикалар арасындағы кедергілердің азаю үдерісінде жатыр. Жаһандану дегеніміз – ұлттық экономиканың біртұтас, жалпы дүниелік жүйеге топтасуы. Осыған орай, экономикалық ықпалдастық үдерістері әлемдік сипатқа ие болды. Қазіргі уақытта 15-тен астам ықпалдастық бірлестік бар. Олар: Еуропалық Одақ (ЕО), Солтүстік Америка еркін сауда ассоциациясы (САЕСА), Азия-Тынық мұхиты аймағы экономикалық ынтымақтастығы (АТМЭЫ) және т.б.

Әлемнің саяси дамуының ерекшеліктері. Екінші дүниежүзілік соғыстан кейінгі батыс қоғамының саяси дамуы. Батыс Еуропа мен АҚШ-тың барлық

жетекші саяси партиялары реформизм идеологиясы мен практикасын қолдады. Бірқатар елдерде ымырашылдық реформизм идеялары Конституцияға енгізілді. Батыс Еуропа реформалардың бастаушысы болды. Демократиялық социализмнің негізгі құндылықтары тұжырымдалды. 50-60 жылдары Батыс елдерінде аралас экономика қалыптасты. Қоғамды дамытудың лейбористік-реформистік тәсілі басым сипат алды. Ауқатты мемлекеттер қалыптасты. Мемлекеттің әл-ауқаттылық ұстанымы скандинавиялық немесе шведтік социализм үлгілерінде болды. 1974-1975 жылдары "Жаңа консервативтік толқынға" жол ашылды. Олардың бағдарламаларында экономикадағы мемлекеттің рөлін төмендету, меншікті мемлекет билігінен шығару, жекешелендіру, жеке бастамалар көтеру, бәсекелестік, экономикалық және әлеуметтік салалардағы нарықтық ұстанымдарды өрістетуге басты орын алды. Осы толқын өкілдеріне М. Тэтчер, Р. Рейган жатады.

Еуропада либералды-демократиялық режимдерді орнату және сол идеология дағдарысы. 70-ші жылдардың ортасынан бастап Грецияда, Испанияда және Португалияда үстем диктаторлық режимдерге қарсы революциялық қозғалыстарды өрістетуге әлемнің көптеген елдерінде либералды-демократиялық режимдерді орнату процесі басталды. Дүниежүзілік-тарихи маңызы бар серпіліс Шығыс Еуропа елдеріндегі антикоммунистік төңкерістің және КСРО ыдырауының нәтижесінде 80-ші жылдардың соңы мен 90 - шы жылдардың басында жасалды.

90-шы жылдардың басында Шығыс Еуропа елдерінде билікке Батыс үлгісі бойынша шаруашылық және саяси өмірді қайта құруға бағыт алған либералды-демократиялық үкіметтер келді. Әлемдік тарихта алғаш рет социализмнен капитализмге көшу басталды. Басқарудың мемлекеттік құрылымдары, шаруашылық организм, халықтың өмір сүру салты қайта құрылды, либералды демократияның институттары мен құндылықтары бекітілді. КСРО ыдырағаннан кейін тәуелсіз посткеңестік мемлекеттердің көпшілігі шығысеуропалық елдері сияқты даму моделі ретінде нарықтық экономика мен саяси құрылыстың либералды-демократиялық нысанын сайлады. 80-90 жылдары дамыған капиталистік елдердің саяси өміріндегі сол партиялар мен қозғалыстардың ықпалының құлдырауымен сипатталды. Сол идеология дағдарысы және Шығыс Еуропа мемлекеттері мен посткеңестік кеңістіктегі социалистік жүйені жою жағдайында коммунистік қозғалыс нақты саяси күш ретінде дамыған елдердің қоғамдық-саяси аренасынан кетті.

Азаматтық қоғамды қалыптастыру. Соңғы онжылдықтардың маңызды оқиғалары: ЕТР дамуы, қару-жарақ пен «қырғи-қабақ соғыс» жарыстарының аяқталуы, жетекші елдерде экономиканың және өмір сүру деңгейінің өсуі, кең өңірлік интеграция және т.б. азаматтық қоғамның нығаюымен сүйемелденді. *Азаматтық қоғам* - экономиканың, мемлекеттің және жеке өмірдің түйіскен жерінде орналасқан сала. Ол одақтарды, қауымдастықтарды, әлеуметтік қозғалыстарды және әлеуметтік шығармашылықпен байланысты қоғамдық белсенділігімен ерекшеленетін тең

құқықты коммерциялық емес, мемлекеттік емес ұйымдарды қамтиды. Азаматтық қоғамның қалыптасуы және дамуы орта сыныппен байланысты. Азаматтық қоғамның даму дәрежесіне демократияның қалыптасуы мен дамуы тікелей тәуелді болады.

Азаматтық қоғам тұтастай алғанда мемлекеттің одақтасты және көмекшісі болып табылады. Осылайша, соғысқа қарсы және пацифисттік қозғалыстың дамуы жетекші мемлекеттердің қару-жарақ жарағын шектеу және тоқтату жөніндегі шараларды қабылдауымен қатар жүрді. Жастар қозғалысының көтерілуі үкіметті жастардың проблемалары мен мүдделеріне үлкен назар аудартуға мәжбүр етті.

Азаматтық қоғам қызметімен 70-80 жылдары қоршаған ортаны қорғау үшін кең қозғалыстың пайда болуы байланысты. Оның жақтастары әртүрлі елдерде (оларды «жасылдар» деп атайды) табиғатты сақтауды, қоршаған ортаға ұқыпты қарауды қолдайды. «Жасылдар» қозғалысы қоршаған ортаға зиян келтіретін өнеркәсіптің жекелеген салалары үшін маңызды қоғамдық бақылаушы болды.

Соңғы жылдары әлемдік аренада әрекет ететін қуатты қоғамдық күшке Мексикада 1994 жылы пайда болған антиглобалистер қозғалысы айналды. 1999-2000 жылдары бұқаралық ақпарат құралдарында «антиглобализм» термині пайда болды. Құрамы бойынша қозғалыстың өзі біркелкі емес, оған қандай да бір қоғамдық наразылықты білдіретін ұйымдар (экологиялық, құқық қорғау, соғысқа қарсы және т.б.) қосылады. Қозғалыстың барлық қатысушыларын жетекші индустриялық державалардың («Үлкен сегіздіктің»), Әлемдік Банктің, Халықаралық валюта қорының және жаһандық экономикалық проблемалар бойынша шешім қабылдайтын басқа да құрылымдардың саясатымен келіспеуі біріктіреді.

Үшінші әлем елдерінің саяси дамуы. Үшінші әлем елдерінің саяси тәуелсіздігін жаулауы олардың дамуындағы маңызды тарихи кезең болды. Отарлық әкімшіліктің орнына жаңа механизм – ұлттық мемлекеттілік пайда болды. Үшінші әлем елдерінде мемлекеттік-саяси жүйелерді қалыптастыру және бекіту процесі күрделі болды. Оның барысында мемлекеттік ұлттық аппарат пен әскер құрылды, Саяси партиялар құрылды. Ұлтты біріктіру үшін көптеген көшбасшылар бір партиялы саяси жүйені таңдады.

Саяси-идеологиялық тұрғыдан үшінші әлемде екі ел тобы бөлініп шықты: капиталистік елдер және социалистік бағдарды таңдаған елдер.

Ұлттық-оппозициялық партиялардың әлсіздік жағдайында капиталистік жолмен дамуды таңдаған елдердің саяси өмірінде, өзіндік саяси күшке айналған армия, үлкен рөл ойнайтын болды. Әскери басшылық саяси дауларға араласып, биліктен заңды сайланған үкіметтерді шеттете бастады. Азия мен Африканың бірқатар елдерінде армия өкілдері билікте бола отырып, антиколониалды және антифеодалдық реформалар жүргізді. Алайда, билік басында әскери шендерінің ұзақ уақыт бойы болуы, демократияның даму процесін тежеп, халықтың ел үшін маңызды шешімдер қабылдауға қатысуын шектейтін, теріс салдарларға ие болды. Кейбір мемлекеттерде әскер

диктаторлық режимдердің қолында демократиялық күштерді басудың құралына айналды.

Социалистік бағдарлану елдерінде бірінші қатарға 60-70 жылдары революциялық-демократиялық партиялар шықты, олардың бағдарламалары социалистік сипаттағы терең әлеуметтік-экономикалық қайта құрулар туралы ережелерді қамтыған еді. Социализмнің түрлі ұлттық нұсқалары жасалды: үнділік, исламдық, африкалық. КСРО ыдырауымен және Шығыс Еуропа елдеріндегі социалистік жүйенің сынуымен көптеген социалистік бағдарлану елдері капиталистік даму жолына көше бастады.

80-90 жылдары Азия мен Латын Америкасының бірқатар елдерінде авторитарлық режимдердің орнына демократиялық режимдер келді. Сонымен қатар, үшінші әлемде бұрынғысынша авторитарлық режимі бар елдер тобы сақталуда.

Жаңа геосаяси жағдай. КСРО ыдырауымен халықаралық қатынастардың биполярлы жүйесінің қирауы болды. Полицентризм негізінде геосаяси күштердің жаңа конфигурациясын қалыптастыру басталды. 90-шы жылдары әлемнің саяси картасы өзгерді. Еуропада көпполярлы әлемдегі күш орталықтарының бірі рөлін орындай алатын әлеуеті жеткілікті біріккен Германия – аймақтық супердержава пайда болды. Бұрынғы КСРО орнында 15 жаңа мемлекет пайда болды. Чехия мен Словакия дербес мемлекеттеріне бөлінді, Югославия ыдырады.

КСРО-ның өзін-өзі таратуы нәтижесі болған - этноәлеуметтік сепаратизмнің өршуі. Посткеңестік аумақта ол Қара және Каспий теңіздерінен - Еділ мен Тянь-Шаньға дейінгі аймақтарды қамтыды. Бұрынғы КСРО аумағындағы этностық қақтығыстар біртіндеп ұзаққа созылған соғысқа айналды (Таулы Қарабахта, Абхазияда, Тәжікстанда, Шешенстанда). Югославияның ыдырауы да этносаралық және дінаралық қақтығыстардың туындауына алып келді.

КСРО мен Шығыс Еуропадағы социалистік елдер блогының ыдырауы Шығыстағы геосаяси жағдайды өзгертті және мұнда саяси және идеологиялық құрылымдардың эволюциясы үшін жаңа жағдайлар жасады. Азиядағы панасыз қалған, социалистік режимдер, өзге жағдайларға бейімделуге мәжбүр болды. Олардың ішінде ортодоксалды позицияларда тек Солтүстік Корея ғана қалды, ал ҚХР, Вьетнам, Лаос және Камбоджа нарықтық өзгерістер жолына түсті. Социалистік бағдардағы көптеген елдер оны капиталистік жағдайға ауыстырды және дамыған капитализм елдерімен жақындаса бастады. Шығыс тумаларының дамыған батыс елдеріне көшіп-қонуының рөлі артты. Нәтижесінде 90-шы жылдар Батыстың Шығысқа ықпалының күшеюі және Шығыста да, Батыста да ұлтаралық қайшылықтардың күшеюі кезеңі болды.

Жаңа геосаяси жағдайдың негізгі болмысының бірі - КСРО ыдырағаннан кейін әлемде бір-ақ супердержава – АҚШ-ның қалуы болды. Алайда басқа жетекші елдер «кіші ағайындар» рөлін ойнауды көздемейді. Бұл, атап айтқанда, Ресей мен Қытай басшыларының 1997 жылдың сәуірінде әлемде

1965 жылдан бастап ВДР (Вьетнам Демократиялық Республикасы) территориясы үнемі бомбаланып, атқылана бастаған. «Тәуелсіздік пен бостандықтан қымбат еш нәрсе жоқ» деген сөз - Вьетнам халқының көсемі Хо Ши Миннің күрес ұраны болды. АҚШ агрессиясына қарсы қарсыласу соғысы елдің бүкіл күшін жұмылдыруды талап етті. Вьетнам халқының күресі мен жеңісінің ұйымдастырушысы және басшысы Вьетнам коммунистерінің қаһарман партиясы болды.

Қысқа мерзім ішінде ВДР мызғымас қамалға айналды, оған американ агрессорларының бомбалаушылары мен әскери кемелерді нәтижесіз шабуыл жасады. ВДР-ның қарулы күшін сол заманғы қару-жарақпен жабдықтауға Кеңес Одағы зор көмек көрсетті. Вьетнам халқы Кеңес Одағынан материалдық көмек алып, моральдық-саяси қолдауын үнемі сезініп отырды. Вьетнамның Халық-азаттық қарулы күштері (ВХАҚК) американ агрессорлары мен олардың қуыршақ өкіметтеріне ауыр соққылар беріп отырды. Күрес 1960 жылы құрылған Оңтүстік Вьетнамды азат етудің Ұлттық майданы (ОВАХМ) мақсаттарын орындау мүмкін болмай қалды, өйткені Кеңес Одағы АҚШ-ты

атом монополиясынан айырды, ракеталық-ядролық қару жасап, онымен әскери-стратегиялық тепе-теңдікке жетті.

Социализм елдеріне, жұмысшы, демократиялық және ұлт-азаттық қозғалыстарына қарсы бағытталған әскери-саяси блоктар жүйесі АҚШ-тың сыртқы саясатын жүзеге асыру құралы болып табылады. Бұл блоктардың біріншісі әрі неғұрлым ірісі Солтүстік Атлантикалық шарт ұйымы немесе қысқартып айтқанда НАТО болды.

Бұған қоса, АҚШ ондаған мемлекеттерді екі жақты әскери келісімдермен матап, олардың территориясына өз әскерлері мен соғыс базаларын орналастыруға құқық алды. 500 мыңнан астам американ солдаттары мен офицерлері АҚШ-тан тыс жерлерде тұрған.

Американ империалистері басқа мемлекеттердің ішкі істеріне араласқан, мемлекеттік төңкерістер ұйымдастырған, өздеріне ұнамаған үкіметтерді тайдырған. АҚШ-тың мемлекеттік саясатына айналған терроризмге, шпионаж бен диверсиялар ұйымдастыруға, шетелдерге контрреволюция жасауға Орталық барлау басқармасы (ОББ/ЦРУ) жылына мыңдаған миллиардтаған доллар жұмсаған. АҚШ жер шарының түрлі аудандарында соғыс жанжалдарын туғызу қаупі бар бірнеше халықаралық дағдарыс жасаған.

Американ империализмінің Үндіқытайға қасақана ұйымдастырған соғысы дүние жүзіне мейлінше елеулі қауіп болды. Алайда, бұл соғыс АҚШ үшін ең басынан-ақ, перспективалы болмады. Өз тәуелсіздігін табандылықпен қорғауға шыққан және агрессияны батыл тойтару үшін КСРО мен басқа да социалистік елдерден жан-жақты көмек алып отырған вьетнам халқына американ империализмі өз еркін таңа алмады. Вьетнам халқының жеңісі АҚШ империализмінің мүмкіншілігінің қаншалық тарылғанын нанымды көрсетті.

Ширек ғасыр бойы АҚШ пен КСРО арасындағы қарым-қатынас шиеленіскен күйінде қалып келген. Мұның өзі тұтас алғанда халықаралық жағдайға ықпал етті. 70-жылдардың бас кезі КСРО-ның АҚШ-пен қарма-қарсылығының туының астында жүргізілді. Патриоттардың осы күрестегі 1969 жылы Оңтүстік Вьетнам Республикасының Уақытша революциялық үкіметін (ОВРУҰ) құруға жеткізді.

1960 жылдардың аяғына қарай вьетнам халқына қарсы американ агрессиясы тығырыққа кеп тірелді. Осы жағдайда АҚШ үкіметі Үндіқытайдағы соғысты «вьетнамдандыру» дегенді жариялап, айла-шарғы жасады. Бұл саясаттың мәні американ әскерлерін Оңтүстік Вьетнам әскерлерімен алмастырып (яғни «азиялықтарды азиялықтардың қолынан өлтіру» деген принципті жүзеге асыру) және бұл ауданда американ экспансиялық саясатының құралы ретінде Оңтүстік Вьетнамдағы Қуыршақ үкіметінің режимін сақтап қалу еді. Вьетнам халқының жан қиярлық күресі, социалистік елдердің жан-жақты туысқандық көмегі, қанаты кең жаюы жағынан бұрын болып көрмеген халықаралық ынтықмақтасу қозғалысы - осы факторлардың баршасы әскери, саяси және дипломатиялық майдандарда күрес жүргізген Вьетнамның жеңіс сағатын жақындата түсті.

Американ агрессорлары үшін ең ұзаққа созылған әрі ең жиіркенішті бұл соғыс үлкен сәтсіздік болды: олардың 57 мың адамы өлді және 300 мыңнан астам адамы жаралы болды. Үндіқытайдағы соғысқа 352 млрд. доллар жұмсалды.

60-шы жылдары АҚШ Кубаға тиісе бастады. Куба халқының өз жеңісінің алғашқы күнінен бастап қолынан қаруын тастамай келе жатқанына тек американ империалистері ғана кінәлі.

Кубаға шабуыл жасау үшін АҚШ территориясында Кубаның эмигрант-контрреволюционерлерінен жалдамалы бандаларды даярлауды ұйымдастырды. АҚШ үкіметі 1961 жылы Кубаның революциялық үкіметімен дипломатиялық қарым-қатынасын үзді. Ол Латын Америкасы елдерін АҚШ әміріне бағындыру мақсатымен 1948 жылы құрылған Американ мемлекеттерінің ұйымы (АМУ) деп аталған ұйым арқылы ықпал жасап, өзінің қолшоқпарларын Кубаға қарсы айдап салды.

1961 жылы сәуірде АҚШ Плайя-Хирон ауданына Куба контрреволюционерлерінің отрядын түсіріп, Кубаға әскери шабуыл ұйымдастырды. «Отан немесе өлім! Біз жеңеміз!» деген ұранмен революцияны қорғау үшін бүкіл Куба халқы көтерілді. Үш күндік ұрыстың нәтижесінде жалдамалылар талқандалды.

1962 жылы қазанында Американ империалистері Кубаға соғыс блокадасын жариялап, Бостандық аралына басып кірмекке әзірленді. АҚШ Кариб теңізі ауданында дағдарыс туғызып, бүкіл әлемді термоядролық соғысқа киліктіре жаздады. Куба халқының ерлігі, Кеңес Одағының берік бағыты мен батыл шаралары қолдануының арқасында әскери жанжал болмай қалды. АҚШ үкіметі Кубаға шабуыл жасамауға және өзінің батыс жарты шардағы одақтастарын да мұндай әрекеттен сақтандыруға бүкіл әлем алдында міндеттеме алды. 1964 жылы АҚШ Латын Америкасы елдерін Кубамен барлық қарым-қатынасты үзуге күштеді. Мексика ғана оның әміріне бағынбады. Кейін Перу, Аргентина, Панама және басқа бірқатар мемлекеттер Кубамен қарым-қатынасын қалпына келтірген. Бұл революцияшыл Кубаның Латын Америкасындағы позициясын едәуір нығайтты. Американ мемлекеттері ұйымына мүше елдерінің Сыртқы Істер Министрлерінің кеңесі Кубаға қарсы санкцияны іс жүзінде жойған қарар қабылдады. Бірақ АҚШ Кубаға блокада жасауды тоқтатпаған. Олар бопсалау саясатына жүгінген, Кубаға қарсы жаңа агрессиямен қорқытып, Кариб бассейіндегі жағдайы мен беделін нығайтқан.

Алайда Кубаның халықаралық жағдайы мен беделі нығайған. Ол жүзден астам елмен дипломатиялық қарым-қатынас жасаған. Социалистік достық одақтағы елдердің туысқандық көмегіне сүйеніп, Куба Республикасы социализм орнату жолымен алға басқан.

Соғыстан кейінгі жылдарда Монғол Халық Республикасы (МХР) өзінің халықаралық жағдайын нығайтты. Империалистік державалар МХР-ның дамуының алдыңғы сатысына жібермеу мақсатында сыртқы саясатқа еліктірмеуге тырысты. Екінші дүниежүзілік соғысқа дейін Монғол Халық

Республикасы тек қана Кеңес Одағымен ғана дипломатиялық қатынаста болған.

Социализм құрылысы барысында МХР халықаралық қатынаста үлкен көрсеткішті иеленді.

1948-1956 жылдары МХР барлық социалистік мемлекеттермен дипломатиялық қатынас орнатты, ал 1957-1967 жылдары ол достық және бейбіт қатынас келісім-шарттарын көптеген мемлекеттерімен жасайды. КСРО-мен МХР арасындағы өзара көмек көрсету туралы жаңа келісім-шартқа 1966 жылы 15 қаңтарда қол қойылды.

МХР өзінің сыртқы саясатындағы маңыздылықты Азия, Африка және Латын Америка мемлекеттерінде ұлт-азаттық қозғалысын қолдау, жас тәуелсіз мемлекеттермен достық қатынас орнатуды көздеді. 1955-1956 жылдары МХР, Үндістан, Бирма, Индонезия мемлекеттерімен дипломатиялық қатынас орнатты. Ал келесі жылдары - азиялық және африкандық мемлекеттермен қатынас орнатты. 1961 жылы қазан айында Бас Ассамблеяның XVI сессиясында МХР Біріккен Ұлттар ұйымының құрамына енді.

1960 жылдары МХР, Англия, Франция, Австрия, Канада, Швейцария мемлекеттерімен дипломатиялық қарым-қатынас жасасты.

МХР — 1962 жылдан бері Экономикалық Өзара Көмек Кеңесінің мүшесі. Дүниежүзілік социализм жүйесі тығыз достық байланыста болу, олардың көмегі МХР-дың халық шаруашылығы мен мәдениетінің жедел дамуына жағдай жасады.

Пәкістандағы ұлттық буржуазияның ұмтылысы шетел монополияларымен өзіне тиімді қатынас жасауды көздеген. Пәкістанның халықаралық аренадағы ықпалы, 60-жылдары сырқы саясатының өзгеруіне әкелді. Бұл өзгерістің басты себебі, батыс саясатына наразылығы, Пәкістанның Пентагон жоспарына қатысы бар деген үрей.

1960 жылдарының басынан-ақ Пәкістан батыс державаларына біржақты бағыттан шеттеніп, социалистік мемлекеттер және афро-азияттық мемлекеттермен өз ынтымақтастығын кеңейтті.

1967 жылы Пәкістан араб мемлекеттеріне қарсы израильдық агрессияны кінәлап, оның жойылуын талап етті.

Вьетнам халқының өз тағдырын өзіндік шешуін жақтап, Пәкістан СЕАТО және СЕНТО блоктарына қатысуын шектеді.

Пәкістан Кеңес Одағы және басқа да социалистік мемлекеттермен тауар-сауда келісімдерін жасасып, ол өз тауарын машина, құрал-жабдықтарға айырбастады.

Социалистік мемлекеттерінің экономикалық және техникалық жәрдемдесуі, мемлекеттің халық шаруашылығының өмірлік маңызды аумақтарын дамытуына негізделді, яғни жанармай-энергия базасы, ауыр өнеркәсіп саласы бойынша КСРО көмегімен Пәкістан экономика сферасының маңызды ірі объектілері қамсыздандырылды, мұнай мен газ игеру жұмыстары жүргізілді.

Пәкістан, Туркия және Иранмен жан-жақты байланыс жасасса, ал Батыс Еуропа, Тропикалық Африка, араб мемлекеттерімен қатынасты одан әрі дамытты. Пәкістанның сыртқы саясаттағы маңызды аумағы — Үндістанмен қатынасы-өзгеріссіз қалды. Пәкістан-үнділік қатынас әскери қақтығыс тудырса керек.

1965 жылдың көктемінде, Качск ауданында (пәкістан-үнділік шекарасының оңтүстік-батысындағы батпақты мекені) қарулы соққы басталды. Тек 30 шілде де әскери әрекетті тоқтату жөніндегі келісім-шартына қол қойылды. Сол жылдың тамыз-қыркүйек айында Кашмир үшін қарулы қақтығыс өршіді. Оның салдарынан Үндістан және Батыс Пәкістан шекарасында ірі әскери әрекет жасалды. Дегенмен қыркүйек айының аяғына таман, от жаудыру аяқталғанмен, бұл жерде жағдай қиын мәнді иеленді. Оның дұрысталуына 1966 жылы қаңтар айындағы Ташкентте Үндістанның премьер-министрі Л.Б.Шастри және Пәкістан президенті М.Айюб Хан, Кеңес Министрлерінің Өкілі А.Н. Косыгин қатысуымен болған кездесу маңызды шешуші рөл атқарды.

1953 жылғы мемлекеттік төңкерістен кейін Иран бейтараптылықтан бас тартты және АҚШ-пен әскери одақ, сонымен қатар капиталистік мемлекеттермен ғана экономикалық байланыс саясатын жүргізді. Мұндай саясат Иранның ұлттық қызығушылығына сай келмеді.

1962 жылдың күзінде кеңес-иран қатынасын жақсарту ұйғарылды. 1962 жылдың 15 қыркүйегіндегі келісім-шартта былай делінді: «КСРО шетел мемлекеттерінің ешқайсысына Иран территориясында ракета базасын орнатуына рұқсат бермейді» және Кеңес Одағына агрессия қолданбау жөнінде. Осыдан кейін Иран мен КСРО және басқа да социалистік мемлекеттер арасында қатынас жақсартылды. 1962 жылдың аяғында Иранға тиімді КСРО арқылы Иран тауарларын транзиттік тасымалдау жөнінде ратификациондық грамоталармен алмасу жүргізіліп, сонымен қатар шекара келісім-шартына, 1957 жылдың 14 мамырында Мәскеуде қол қойылды.

1963 жылдың 27 маусымында Тегеран жерінде кеңес-иран келісіміне қол қойылды, онда экономикалық және техникалық әріптестік, Аракс өзені бойында гидроэнергетикалық құрылыс жөнінде (бұл жоба 1967 жылы жүзеге асырылып, гидроэнергетикалық құрылыс іске қосылды), Пехлевин бұғазының жағалауында мелорация жүргізу, астық сақтау балық шаруашылық зауыты салу көзделді.

Иран мен КСРО арасында көршілік қатынасты одан әрі жақсарту мақсатында, ең маңызды із басу 1965 жылы, ал 1966 жылы 13 қаңтарда қол қойылған келісім-шарт негізі, Исфаган ауданында КСРО көмегімен металлургиялық зауытының салынуы (1971 аяғында зауыт ең бірінші шойын, ал 1972 жылы болат балқытып шығарды), Арак та машина құрылыс зауыты (1972 жылдың қыркүйек айында қолданысқа қосылды) және КСРО-ға газды қою мақсатында, трансирандық газ құбырын салды (1970 жылы құрылысы аяқталды). 1968 жылдың 22 шілдесінде Тегеранда кеңес-ирандық, экономикалық және техникалық байланыс жөнінде жаңа келісім-шартқа қол

қойылды, ол Иранның төртінші бесжылдық аясы кезеңінде жүзеге асты. Кеңес-ирандық сауда қатынасы дамыды. Үш жыл ішінде, 1970 жылға дейін, көлемі 4 есеге өскен.

Кеңес Одағы ирандық экспортта бірінші орында тұрған. 1968-1969 жылдары Иранның КСРО-ға өндірістік тауарлар шығару 25% құрады.

КСРО мен қатар, Иран басқа да социалистік мемлекеттермен экономикалық шарт жасасқан. Чехословакиямен Тебриздегі машина құрылыс зауыты салынса, Румыниямен келісімде тракторлы зауыт салынған.

1964 жылғы келісімшарт негізінде, Иран көрші Ауғанстан, Пәкістан және Туркия мемлекеттерімен тығыз байланыста болды. Сонымен қатар Иранның АҚШ мемлекетімен 1959 жылы 5 наурызынан, екі жақты әскери келісім — шарт жалғасын тапты. Америка Құрама Штаттары Иранға капиталистік мемлекеттер арасындағы ең ірі капитал салымын салған.

Екінші дүниежүзілік соғыстан кейінгі КСРО-ның жүргізген «Бейбіт қатар өмір сүру» саясаты. Кеңес басшылары Сталин өлімінен кейін халықаралық жағдайда аса қиын мәселеге келді, әр түрлі құрылымдағы мемлекеттермен бейбіт қатар өмір сүру концепциясына жүктелді.

Олар «қырғи қабақ соғыстан» шығуды көздеп, халықаралық байланысты кеңейтіп, иілмелі дипломатия жүргізуге ұмтылды. Мәскеу Сталин өлімінен кейін, жедел бәсеңдету жолына түсті. 1953 жылы 25 сәуірде Кеңес басшылары американ президенті Д. Эйзенхауэр сөзіне құлақ асып, оны бағдармалы декларация түрінде басылымға жазды («Правда», «Известия» газеттерінің бірінші беттерінде). Мақаланың мағынасы қорытындының расталынуы еді, яғни барлық шешілмеген мәселелерді дипломатиялық келіссөздер жолымен, БҰҰ арқылы және тура шешуді мақсат етті. Бұл КСРО-ның иілмелі дипломатия жүргізуін айқындады. 1953 жылдың тамызында Маленков Жоғарғы Кеңес отырысында мынаны айтқан, КСРО «бейбіт қатар өмір сүруді» қолдайды. Сыртқы саясаттағы өзгеріс Кореядағы соғыстың аяқталуына жәрдемдесті. 1953 жылы 27 маусымда бітімге (татуласуға) қол қойды.

КСРО-ның жаңа сыртқы саясаттағы доктринасы КОКП-нің XX — съезінде қалыптасты. Оның негізгі мазмұны, нәтижесі мынада, яғни ядролық соғысқа альтернатива жасау арқылы, әр түрлі құрылымдағы мемлекеттермен бейбіт өмір сүру еді.

Соғыстар шарасыз болмағандығы айқындалып көрсетілген. Н.С. Хрущев сыртқы саясат істеріне үлкен назар аударды. Тек 1960 жылы, ол шет елде 88 күн болған. Бирма, Индонезия, Ауғанстан, Австрия, Финляндия мемлекеттеріне іс сапармен барған. КСРО-ның лидері 117 рет шет елде үкіметтік қабылдауда сөз сөйлеп, ол іскер жұмысшылар және корреспонденттермен кездескен. Оның сөз сөйлеуі Кеңес Одағында 26 рет шетел делегациясын қабылдау кезінде тыңдалды. Өрімнің шиеленісі әлемде дипломатиялық белсенділікті арттырды. Нәтижесі Женевадағы Үндіқытай бойынша, 1954 жылғы конференциясы болды. Бұл ауданда ұлттық - босатушы күштер қатал, әрі тиімді соғысты француз отаршылдармен жүргізген. Кеңес делегациясының ұсынысы бойынша, үндіқытайлық сұрақты талқылау

негізінде жоба жасалды, онда Үндіқытайдың барлық территориясында біркелкі от жаудыруды тоқтату ұсынылды. Бейбітшілік жасалғаннан кейін, Камбоджа және Лаос тәуелсіздігін мойындау негізінде және олардың территориясынан француз әскерлерін шығару алға қойылды. Конференцияның нәтижелік жұмысы Үндіқытайдағы соғыстың аяқталуы және қорытынды декларацияға қол қойылып, оның мазмұны Вьетнам, Лаос және Камбоджа жерлерінде дербес сайлау жүргізу қарастырылған.

50-шы жылдардың ортасындағы саяси бәсеңдету Женевадағы, КСРО, АҚШ, Ұлыбритания және Франция мемлекеттерінің басшыларымен болған жиналыс 1955 жылы шілде айында үлкен мағынаны иеленді. Бұл соғыстан кейінгі мемлекеттер басшыларының ең бірінші кездесуі. Ол әлемдік державалар арасында, жоғарғы деңгейде саяси диалогты дамытуға түрткі болды.

Жаңа саясаттағы маңызды мәселелердің бірі жағдайларды қадағалау, КСРО және ГФР қатынасын, ГДР-сын халықаралық деңгейде мойындау және Батыс Берлин мәселесі. 1955 жылдың қыркүйегінде Кеңес жағы Мәскеуге ГФР канцлері К.Аденауэрді шақырған. Кеңес Одағы ФРГ-ны ресми түрде танып және ақырғы тұтқындарын босатқан, оларды әскери қылмыскерлер ретінде ұстаған. Осылайша, КСРО өз жағынан Германияның бөлінуін жақтады. Яғни екі дербес мемлекеттерге — ФРГ және ГДР, қоғамдық-саяси жүйесі бойынша әр түрлі, бірақ халықтық құқығы жағынан біркелкі.

Сол жылдары НАТО өз құрамына Германия Федеративті Республикасын қабылдады. ГДР азаматтарының Батыспен қатынасын шектеу үшін 1961 жылы тамыз айының бір түнінде берлин қамалы қаланды. Батыс Берлин қаланың жартысынан бетонды плиталармен құрылған тосқауыл арқылы оқшауланды және қатаң қорғалды. Осылайша, шығысгермандық басшылар Шығыс және Батыс Берлин арасындағы шекараны жапты. Бұл Германияны бөлудегі ақырғы із басу еді. АҚШ пен НАТО қарсылық танытқанмен, әскери күшті қолдана алмады. Алайда, бұл мәселе маңыздылығын жойған жоқ. Австриялық мәселені шешу аса қолайлы болды. Оның нәтижелілігі Вена келісім-шартында 1955 жылдың 15 мамырындағы байқалды.

Ол Австрияны территориялық шекарасында қалпына келтірді 1938 жылы 1 қаңтарында оған кішігірім әскер ұстауға рұқсат етілді, бейтараптықты қолдауға жүктеме артқан жоқ. Мемлекеттік келісім-шартқа қол қою негізінде, Австрия территориясынан барлық шетел әскерін шығарып, сонымен қатар шығыс Австрияда орналасқан Кеңес әскерін шығару көзделді. Келісім-шартқа қол қойылғаннан кейін, Австрия арнайы заң арқылы бейтараптық жариялап, әскери блоктарға қосылмайтынын мойнына алып және өз территориясына шетел әскери базаларын салуға жол бермеуді айқындады.

Бейбіт қатар өмір сүру саясаты ядролық қарудың жарысуын тежеп, келіссөздерге түрткі болды. 1958 жылы наурыз айында КСРО бір жарым жылға ядролық сынақты тоқтатты. Сол жылы Кеңес Одағы өз әскерін («қырғи қабақ соғыс» жылдары 5,8 млн. адамға жеткен-бейбітшілік кезеңнің ауыр уақыты) 3,6 млн. адамға қысқартты. АҚШ 1958 жылы 31 қазанында ядролық

сынақты тоқтатылуын жариялады, ал 1959 жылдың 26 тамызында біржақты тәртіпте ядролық қаруды сынауды тоқтатып, өз мүддесін жариялап, 2 айға рұқсат етпеуін ұзартты. Алайда, Женевадағы американ-британ-кеңес кездесуінде, атом қаруын сынау жөнінде келісушілік мәреге жетпей, АҚШ өз шешімінен бас тартты, бірақ сынауды бастамаған, алайда КСРО өз қаруын атмосферада қолданғанға дейін. Осылайша 50-ші жылдарда ядролық қарусыздандыру мәселесі өз аяқталуын таппады. Бірақ бұл келіссөздер нәтижесіз болмады. 1963 жылдың 5 тамызында Мәскеуде ядролық қару жарысын ұстауына бағытталған келісім-шарт жасалды. АҚШ, КСРО және Ұлыбритания ауада, ғарыш пен су астында ядролық сынақты тоқтату, ал жерастында жүргізілуіне рұқсат жөніндегі келісім-шартқа қол қойды. Кейіннен Мәскеу келісім-шартына басқа да мемлекеттер қосылды, тек оны Франция мен Қытай қолдамаған.

Кеңес стратегиясының өзгеруінің бірегейлі нәтижесі АҚШ-қа қаратылды, ол ең басты кеңесшісі және олардан ғана КСРО қарсылықты күтті. Еуропа мемлекеттерімен қанша келіссөз жүргізсе де оның нәтижесі, АҚШ сұхбатына бағынышты болған. Тікелей екі мемлекеттің арасындағы сұхбат, Н.С.Хрущевтың 1959 жылы қыркүйек айындағы АҚШ-қа іс-сапары болды. Ол кеңестің ғана емес, орыс үкіметінің ең бірінші мұндай сапармен барған елшісі болған. Кэмп-Дэвидтегі іс-сапар Эйзенхауэрмен болған сұхбатпен аяқталды; ешқандай келісім-шарт жасалмады. АҚШ-та Н.С.Хрущев, 1960 жылы халықаралық мәселені талқылау үшін, американ президентімен үкімет басшыларын жинау жөнінде келісті. Бұл кездесуде, КСРО мен АҚШ басшыларынан басқа, Франция ел басшысы Ш.де Голль және Ұлыбритания премьер-министрі Макмиллан қатысу керек еді. Алайда, бұл кездесу жүзеге аспады. Бұл кездесудің шақыру уақытының алдында 1960 жылдың 1 мамырында, Свердлов ауданының үстінен американ барлау самолеты У-2 апатқа ұшырап, ұшқыш Ф.Г.Пауэрс болған. Ұшқыш қамауға алынады. Оны тыңшы деген айыппен 10 жыл бас бостандығынан айырды.

Алайда ол 2 жылдан кейін, Кеңес барлаушысы Р.Абельмен алмастырылды. Осының салдарынан Париждегі 16 мамырда ашылған кездесу АҚШ, Кеңес Одағы, Ұлыбритания, Францияның мемлекет басшылары және үкімет басшыларымен болған, конструктивті сұхбат жүзеге аспады.

КСРО-мен жарияланған бейбіт қатар өмір сүру принципі, Кеңес басшыларымен дәйексіз жүргізілді. Бұл принцип кеңес экспансиясын кеңейту үшін жасырушы болды. Кеңес Одағы әскери майдандасуды жалғастырды. Ядролық қарсыласуда бұл саясат 60-шы жылдардың басында халықаралық қатынастағы шиеленіске әкелді, ол ядролық соғыспен аяқтала жаздады. Бұл жанжал Кариб дағдарысы деген атпен аталып және АҚШ, КСРО, Куба өзара қатынасымен байланысты болған. 1959 жылдың бас кезінде АҚШ-тың оңтүстік жағалауына таяу жерде Куба аралында халық революциясы жеңіп, басшылыққа Фидель Кастроның антиамерикандық үкіметі келді. Кастро қарсыластары АҚШ-тың көмегіне сүйеніп, оны бірнеше рет алып салмақшы болды.

Куба революционерлері өздеріне мықты одақтасты керек етті. Онсыз Америкамен күресу, өз шаруашылығын дамыту қиынға түсті. Бұл ізденіс КСРО-ға көз аудартса керек. Кеңес басшылары Кубамен қатынас орнатуда қызуғышылық танытты. Осылайша КСРО Америкаға жақын маңда өз позициясын нығайтты. Бастапқы кезде, Куба мен КСРО арасындағы қатынас саяси және экономикалық мазмұнда болды. Ал кейін ол әскери ауданға айналды. 1962 жылы жаз айында аралда, Америка территориясына бағытталған, ракеталары орнатылған. Н.С. Хрущев бұл шараны халықаралық мәселелерді шешуде, Америка үрейленіп, жұмсарады деп үміттенді. Кастро бұл ракеталар америка басшылығынан қорғайды деп үміттенді. Кеңес басшыларының есебі ақталмады. Ракеталар америка барлаушыларымен байқалғанда, АҚШ өзіне қауіп төніп тұрғандығын жариялады. 22 қазанда Дж. Кеннеди мемлекет тұрғындарына, Куба да Кеңес Одағының ракеталары орналасқанын және Америкаға қауіп төніп тұрғанын жария етті. Бұл шиеленістің нәтижесі Н.С.Хрущев пен Дж. Кеннеди арасындағы кеңес-американ келіссөздермен аяқталды.

1955 жылы Кеңес басшылары Н.С. Хрущев және Булганин Югославияға сапарында Югославияның ел және коммунистік партия басшысы. И.Б.Титомен қатынас орнатты, Н.С.Хрущев Белградта Иосип Броз Титодан кешірім сұрады. Ал 1956 жылы маусым айында Тито КСРО-ға сапар жасайды. Бұл сапар аса маңызды келіссөздер экономикалық әріптестікке байланысты жасалды.

1960 жылдардың аяғына таман кеңес сыртқы саясатының басты бағыты-Батыспен қатынастың жақсаруында еді. Бәсеңдету саясаты Еуропадағы саяси климаттың жақсаруына әкелді. Ең маңызды болып Кеңес Одағының Франция, Германия Федеративті Республикасымен қатынастың жақсаруында. Бұл ауысым 1969 жылы бундестагтағы қыркүйек айында өткен сайлаудан кейін болды, яғни ГФР-дің басшылығына социал-демократтар мен дербес демократтар партиясының келуімен байланысты еді.

ГФР-ғы В.Брандт канцлерлік еткен кезеңде ГФР-сы КСРО-мен қатынасты жақсартып, «жаңа шығыс саясатты» жариялады. Бұл келіссөздердің ұзақ әрі қиындауы нәтижесінен, Мәскеуде 1970 жылы 12 тамызда бейбітшілік шартына қол қойылды. Бұл шарт мазмұны, ұрыстарды бейбіт жолмен шешуді және күш қолданбауды негіздеді. Мәскеу шартының 3 бабы маңызды болған, онда екі жақ шекаралық тұтастықты сақтауға, Еуропадағы барлық мемлекеттермен, сонымен қатар ГФР мен ГДР шекаралары бойынша. Келесі жылы Берлин мәселесі келісімі шешімін тапты. Бұл келісім-шарттар Берлин қаласының ГФР мен ерекше дәрежесін айқындады.

XX ғасырдың 70- жылдарының басындағы кеңес-американ қарым – қатынасы. Кеңес-американ қарым-қатынасы XX ғасырдың халықаралық қатынастарында ерекше орын алатыны мәлім. Сонымен бірге, сол уақытта соғыс пен бейбітшілік жағдайы кеңес америка қарым-қатынасына байланысты еді.

60-шы жж кеңес-американ қатынасындағы бетбұрыс (ядролық сынақты тоқтату туралы келісім, ғарышты бейбіт пайдалану және ядролық қаруды таратпау туралы келісімдер) АҚШ-тан болашақ бұл қатынас туралы терең ойға түсірді. 1969 жылы қаңтарда билік басына келген президент Р.Никсонның жаңа республикалық әкімшілігі АҚШ-тың бұрынғы империалистік бағытын көптеген жағдайларда сақтағанымен, бірақ кеңес-американ диалогын тереңдету және ауқымын кеңейтуді бастаған еді. Вашингтонның КСРО-мен және басқа мемлекеттермен «күш көрсету» негізінде қарым-қатынастарды құру әр кезде кеңес американдық келіссөздеріне кедергі туғызып отырды. Сондай-ақ, АҚШ-тың үнемі бір жақты пайда табуға, кеңес жағына өз мүдделерін қабылдауға мәжбүрлеу, тең құқықсыз шарттар кеңес-американ қатынасына жағымсыз әсер етті. Осыған қарамастан Р.Никсонның әкімшілігі «конфронтация кезеңінен келіссөздер кезеңіне» өту уақыты келгенін көптеген маңызды себептердің негізінде түсінді. АҚШ пен КСРО арасындағы диалогтың басталуына американдық әкімшілік пен сыртқы саяси аппаратта ақылды қайраткерлердің табылуы, олардың тар эгоистік мүдделерден жоғары тура алуы түрткі болды. Л.Джонсон әкімшілігі тұсында стратегиялық қарулануды шектеу туралы келіссөздер жүргізу туралы АҚШ-тың КСРО-ға ұсынысы жасалған еді. Жаңа жағдайлар оны жүзеге асыруға мүмкіндік беріп, 1969 жылы қарашада келіссөздер ашық деп жарияланды. Келіссөздер келесі екі жылда Хельсинки пен Венада кезекпен өтті. 1971 жылы 30 қыркүйекте КСРО мен АҚШ арасында ядролық соғыс қаупін азайту шаралары туралы келісім жасалды. 1972 жылы мамырда Р.Никсонның Кеңес Одағына ресми сапары болып өтті. Американдық президент пен кеңестік басшылықтың арасындағы өткен келіссөздердің нәтижесі 1972 жылы 29 мамырда Л.И. Брежнев пен Р. Никсон қол қойған «Кеңес Одағы мен Америка Құрама Штаттары арасындағы қарым-қатынас негіздері» атты маңызды құжат болды. Кеңес Одағы мен АҚШ әскери қақтығысты және ядролық соғысты болдыртпауға барлығын жасауға уәделесті. Осы мақсатта қайшылықтардың бейбіт тәсілдермен шешуге, күш көрсетуді болдыртпауға екі жақ міндетіне алды. Қауіпсіздік Кеңесі мен БҰҰ-ның басқа мүшелері тәрізді КСРО мен АҚШ мойнында «халықаралық жағдайды ұшықтыруға әсер ететін жағдайларды болдыртпауға тырысу» сияқты жауапты міндет жатқанын мәлімдеді. Ерекше назар стратегиялық қарулануды шектеуге аударылды. Құжатта айтылғандай КСРО мен АҚШ арасында толықтай қарусыздану мәселесін шешу қорытынды нәтиже болып табылды.

1972 жылы 26 мамырда КСРО мен АҚШ арасында Ракетаға қарсы қорғану жүйесін шектеу туралы мерзімсіз келісім (ПРО) және Стратегиялық басқыншылық қарулануды шектеу саласындағы кейбір шаралар туралы уақытша (5 жыл мерзімге) келісім жасалды. Екі жақ та стратегиялық қарулануды шектеудің параметрлерін нақтылау мақсатында және тұрақты келісімді дайындау үшін келіссөздерді жалғастыру үшін СҚШ-1 (OSV-1) келісімін жасады.

Ракетаға қарсы қорғану келісімі бойынша Кеңес Одағы да, АҚШ та өз территориясында ракетаға қарсы қорғану жүйесін дамытпауы шарт еді. Келісімде көрсетілгендей, КСРО мен АҚШ-қа ракетаға қарсы қорғану тәсілдерімен қорғалған, радиусы 150 км-ге дейін екі аудан және 200-ден аспайтын ракетаға қарсы шектеулі радиолакациялық станцияларды ұстауға рұқсат етілді. Көрсетілген саннан артық ракетаға қарсы қорғану жойылуға жатты. Сол себептен АҚШ 1969 жылы наурызда қабылданған «Сейфгард» бағдарламасынан бас тартуға мәжбүр болды. Егер, бұл бағдарлама жүзеге асқан жағдайда 14 ракетаға қарсы қорғану кешендері іске қосылып, стратегиялық қарулану жарысына жаңа серпін болар еді. Теңіздік, ауа, ғарыштың немесе мобильді жерде қолданылатын ракетаға қарсы қорғануды құрастыруға, сынақтан өткізуге тыйым салынды. Екі жақ басқа елдерге ракетаға қарсы қорғануды сатпауға және орналастырмауға өзара келісті. Стратегиялық басқыншылық қорғануды шектеу саласындағы кейбір шаралар туралы келісім бойынша екі жақ та 5 жыл мерзімге МБРНБ және БРПЛ атты ракеталарды, су асты кемелерін жасауды тоқтатуға келісті.

РҚҚ мен Уақытша СҚШ-І келісімі ядролық соғысты болдыртпау және халықаралық қауіпсіздікті нығайту жолындағы үлкен қадам болды. «Қарым-қатынастар негізі» құжаты мен басқа құжаттар КСРО мен АҚШ арасындағы қатынасты құрудың халықаралық-құқықтық пішінін негіздеп берді. Жоғарыда айтылған келісімдер жүзеге асқан жағдайда ұлы екі державалардың көптеген бағыттар, соның ішінде ең маңыздысы қарулану жарысын шектеу және қарусыздану мәселесін шешуде үлкен болашақ ашылар еді, Маңызды бұл келісімдерге қол қойылу сауда-экономикалық, мәдени және тағы басқа салаларда қарым-қатынастың дамуына жағдай жасады. 1972 жылы Р. Никсонның Мәскеуге сапары кезінде ғарышты зерттеуде, қоршаған ортаны қорғау, денсаулық сақтау салалары бойынша кеңес-американ келісімдері жасалды.

1972 жылы қазанда теңіздік кеме жасау сұрақтары бойынша келісім және кеңес американ сауда мен несие туралы келісімдері жасалды.

1973 жылы 22 маусымда Л.И. Брежневтің АҚШ-қа жауапты ресми сапарында екі жақ «Стратегиялық басқыншылық қарулануды шектеу жөніндегі ары қарайғы келіссөздердің негізгі принциптері» атты маңызды құжатқа қол қойды. КСРО мен АҚШ тең дәрежедегі қауіпсіздік принципін мойындап, екі жақ та тікелей не жанама түрде бір жақты пайда алуға тырыспайтындығын мәлімдеді. Келісімді дайындауды аяқтау және қол қою 1974 жылға жобаланды.

1973 жылы 25 қыркүйекте Женевада стратегиялық қарулануды шектеу туралы кеңес-американ келіссөздері қайта жанданды. Алайда онда уәделескен келісімге жету мүмкін болмады. Мемлекеттегі ішкі саяси жағдаймен көбінде «уотергейттік жанжалмен» және американдық «қырандардың» өскен іс-әрекетінен анықталған АҚШ позициясы қатаң және мазмұнды емес болды.

1974 жылы жазда АҚШ президенті Р. Никсонның Мәскеуге кезекті сапарында Кеңес үкіметі арасында пайда болған келіспеушілікті шешуге

тырысты. Стратегиялық қарулануды шектеу туралы келісімді құрастыру «тез арада аяқталуы тиіс» деген келісім жасалды. Жаңа келісімнің мерзімі 1985 жылға дейін белгіленді. Сонымен қатар, ядролық қаруды жер асты сынауды шектеу туралы келісім жасалды. 1976 жылдың 31 наурызынан бастап келісім бойынша КСРО мен АҚШ қуаты 150 киллотоннан асатын жер асты ядролық қаруды сынауды тоқтатуға міндеттенді. Кеңес Одағы сол кездің өзінде қандай да бір ядролық қаруды сынауды тоқтатуға дайын еді, бірақ АҚШ-тың басшылықтағы топтары, әсіресе әскери адамдар бұған келісуден бас тартты.

Л.И. Брежнев пен АҚШ-тың жаңа президенті Дж.Фордтың арасында 1974 жылы тамызда өткен келіссөз барысында қарулануды тоқтату, соғыс қаупін болдыртпау мәселесіне үлкен назар аударылды. Олардың 1974 жылдың аяғында Владивостоктағы кездесуінде СҚШ (стратегиялық қарулануды шектеу) бойынша келісім жасалды. Владивосток келісімі бойынша алғаш рет алыс қашықтықтағы бомбардирлік авиацианы шектеулі қару құрамына кіргізді, яғни қарулану жарысына шектеу қоюға сапалы жол салды.

1973 жылы 22 маусымда Вашингтонда Ядролық соғысты болдыртпау туралы арнайы мерзімсіз келісімге қол қойылды. Бейбітшілікті және халықарлық қауіпсіздікті нығайту мақсатында, ядролық соғыс адамзат үшін зардабы шексіз екенін түсінген АҚШ пен КСРО өз күштерін осы мақсаттарды жүзеге асыру үшін жұмылдыратынын айтты.

1974-1975 жылдары тарихта алғаш рет КСРО мен АҚШ арасында парламенттік делегациялардың ресми алмасуы болып өтті. Мәскеуде АҚШ-тың іскер топтарының көптеген өкілдері болып кетті. Олар бірқатар кеңестік мекемелер мен өнеркәсіп орындармен шарт жасасып кетті. Вашингтонда КСРО-ның сауда өкілдері, ал Мәскеуде АҚШ-тың коммерциялық бюросы, 20-дан астам американдық корпорациялар мен банктер өкілдіктері ашылды.

Құрамында 300-ден астам кеңестік және американдық фирмалар мен ұйымдар бар Амторгтын экспорт-импорттық қызметі жақсарды. 1976 жылы кеңес-американ сауда көлемі 2,2 млрд. рубльге жетті. Алайда, кеңес-американ саудасы басқа елдермен жүретін сауда қарым-қатынасымен салыстырғанда елеулі түрде артта қалып отырған еді. Оған себеп кеңестік тауарлардың американдық рынокта кемсітілуі болды.

70-ші жылдардың бірінші жартысында кеңес-американ қарым-қатынасы ғылым мен техника саласында алға жылжыды. Американдық ғалымдар мен инженерлер бірнеше рет екі жақ та бірдей пайда алатынына көз жеткізді.

Американдық «Дженерал электрик» корпорациясының өкілі Л. Стил көптеген американдық бизнесмендердің пікірін білдіріп, Кеңес Одағының ғылыми-техникалық ресурстардың зор екенін, Кеңес Одағында металлургиялық болашағы бар салаларында үлкен көлемді және нәтижелі зерттеулер жүргізіліп жатқанын және осы жұмыста КСРО үлкен жетістікке жеткендігін мәлімдеді. «Дженерал-электрикпен» қатар КСРО мен «Хьюлетт-Паккард», «Кайзер индастриз», «Зингер», «Интернэшнл телефон энд телеграф» компаниялары қарым-қатынас туралы келісімге қол қойды.

Кеңес-американ ядролық энергияны бейбіт пайдалану туралы келісім қарым-қатынасты үш бағытта жүргізуді көздеді: ол басқарылатын термоядерлік синтез, энергиялық реактор, фундаментальды материя қасиетін зерттеу.

Денсаулық сақтау саласында да кеңес-американ қарым-қатынасы жақсы дамыды. Жасанды жүрек жасау саласында арнайы келісімге қол жеткізілді. Ракпен бірлесу күресу шеңбері кеңейе түсті. Жоғарылау сызығы бойынша кеңес-американ қарым-қатынасы ауыл шаруашылығында өсті. 1973-1974 жылдарда 20-дан астам тақырып бойынша бірлесе зерттеу бағдарламалары құрылды. Делегациялар мен көрмелер алмасу басталды.

Ерекше назар мен қызығушылықты бірлескен ғарыштық «Союз-Аполлон» жобасы тудырды. 1975 жылы шілдеде кеңестік космонавтар Леонов пен Кубасов және американдық — Стаффорд Слейтон және Бранд маңызды ғылыми-техникалық мәнге ие бірнеше бірлескен сәтті бақылаулар мен тәжірибелер тізбегін өткізді. 1973 жылы жазда «КСРО мен АҚШ арасындағы байланыстар, айырбыс және қарым-қатынас туралы жалпы келісім» және 1974-1976 жылдарға арналған сондай нақты бағдарлама екі елдегі өнерді бағалаушыларды қатты қуантты. Есте қалатын оқиғалар, Үлкен театрдың балет және опера труппасының АҚШ-қа сапары, скифтік қорғандар мен ленинградтық Эрмитаждың жинақтарының көрмесі болды. Ал өз кезегінде КСРО-да Сан-Францискодан келген драмалық театр, бірқатар музыкалық ансамбльдер сәтті өнер көрсетсе, АҚШ мұражайларынан суреттер көрмесі болып өтті.

Жоғары білім беру саласындағы қарым-қатынастардың жаңа пішіні 10-айлық тәжірибеден өту үшін жас ғалымдар (әр жақтан жыл сайын 50 адам) және жыл сайын 10 жетекші профессорлар мен оқытушыларды үш айдан он айға дейін ғылыми зерттеулерді жүргізу үшін алмасу жүргізілді.

Туризм шеңберінде кеңестік және американдық адамдар арасындағы байланыс кеңейе түсті. Екі мемлекеттің халқын өзара байытып отырып, бұл байланыстар қарым-қатынастардың жақсаруына, сенім мен өзара сыйластықтың өсуіне жағдай жасады.

АҚШ пен КСРО өзара қол қойған келісімдер, конвенциялар, хаттамалар, бірлескен коммуникациялар, жалпы саны 60-тан асатын құжаттар бейбіт өмір сүру принципі негізінде қомақты саяси және құқықтық база жасады. 70-ші жылдардың басындағы кеңес-американ қарым-қатынастарының жағымды нәтижесі міне осындай болды.

Американдық империализмнің Үндіқытайдағы агрессиясы Екінші дүниежүзілік соғыстан кейінгі халықаралық бейбітшілік пен қауіпсіздікке қауіп төндірген ұзақтығы мен көлемі жағынан ірі қарулы қақтығыс болды. Еркіндік сүйгіш вьетнамдық халық АҚШ агрессиясына қарсы қаһарманды күрес жүргізді. Үндіқытай халқының жағында әлемнің барлық прогрессивті күштері болды. Солардың қысым көрсетуі мен азат ету күресінің сәттіліктерінің арқасында империализм артқа шегінуге мәжбүр болды.

Парижде болып өткен Вьетнамдағы саяси реттеу жөніндегі төрт жақты кездесу 1969 жылы 25 қаңтарда әлемде ұшыққан халықаралық жағдайда шешуге тырысқан әрекеттердің өскен уақытында басталды.

Американдық қолдаусыз Вьетнам жерінде өз билігін сақтап қала алмайтынын білген сайгондық тәртіп келіссөздердегі басты оппозициялық күш болды. Ұзақ уақыт сайгондық марианеткалар Оңтүстік Вьетнамды келіссөзде тең құқылы жақ деп мойындағысы келмеді. Сайгон әкімшілігінің бұндай саясатында келіссөздерді ешбір нәтижесіз екенін көрсетуге ұмтылуы көрінсе, АҚШ бұл жағдайды пайдаланып вьетнамдық патриоттарға қысым көрсетіп, олардан бір жақты пайда табуға бар күштерін салды.

Азаттықтың Халық майданы (АХМ) мен ВДР өкілдері жағдайды шешу туралы құрылымдық ұсынастармен сөз сөйледі. 1969 жылы 8 мамырда НФО делегациясы «Оңтүстік вьетнамдық мәселені шешудің ғаламдық мазмұны мен принциптерін» ұсынды (ол тарихта «10 пункт» ретінде белгілі). Бұл ұсыныстар 1954 жылғы Женевалық келісімдерге сүйеніп, Оңтүстік Вьетнамнан сөзсіз шетел әскерінің шығаралуын, вьетнамдық халықтың негізгі құқықтарының халықаралық деңгейде мойындалуын; Оңтүстік Вьетнамдағы саяси құрылыстың мәселесін шеттен араласпаусыз бейбіт шешуді; әскери одаққа қатыспауды және екі ел территорияларында әскери базалар мен әскерді болдыртпау; АҚШ-тың Вьетнамға әкелген зиянды өтеу қарастырылды.

1969 жылы 6-9 маусымда Оңтүстік Вьетнамның азат етілген бөлігінде Оңтүстік Вьетнам Республикасының Уақытша революциялық үкіметін бір ауыздан сайлаған халық өкілдерінің съезі болып өтті. Уақытша революциялық үкіметтің міндеттері болып соғысты тоқтату, бейбітшілікті қалпына келтіру, еркін демократиялық, бейбітсүйгіш және бейтарап мемлекет құру, келешекте Вьетнамды біріктіруге тырысу белгіленді. Уақытша революциялық үкіметтің сайлануы сол уақытта Мәскеуде болып жатқан коммунистік және жұмысшы партиялардың Кеңесі қолдады.

1969 жылы АҚШ президенті Р.Никсонмен жарияланған «гуамдық доктрина» вьетнамдық халықтардың азат ету қозғалысын қару көмегімен баса алмайтындығын және Вьетнамдағы американдық әскердің агрессиясының аяқталғанын білдірді. 1969 жылы тамызда 543-мыңдық американдық әскердің 25 мыңының шығарылатыны туралы жарияланды. 1972 жылы вьетнамдық патриоттардың көктемдік бас көтерулері кезінде Вьетнамдағы АҚШ-тың барлық құрлықтық күштері қорғаныс аудандарында болды. 1973 жылы 27 қаңтарда Вьетнам бойынша жасалған Париждік келісім ұзақ уақыт империалистік агрессияға қарсы жүргізген күресте Кеңес Одағы мен әлемдік социализмнің қолдауымен вьетнамдық халықтың тарихи жеңісін белгіледі. Бұл жеңістің маңызды себепшісі - өте кең ауқым алған халықаралық бірлігі еді.

Келісім еркіндікті, егемендікті, бірлікті және Вьетнамның территориялық біртұтастығын сыйлады. 60 күн ішінде американдық және басқа шетелдік әскерлердің шығарылатынын және әскери тұтқындардың босатылатыны белгіленді. Сондай-ақ келешекте АҚШ-тың Оңтүстік Вьетнам

ісіне араласпайтынын анықтап берді. Оңтүстік Вьетнамда саяси реттеуге шетелдік мемлекеттің араласпауынсыз екі оңтүстік вьетнамдық жақпен келіссөз жүргізу арқылы жету көзделді. Ұлттық ымыраласу және бірлік кеңесін құру еркін және демократиялық сайлау жүргізу жоспарланды. 1954 жылы Женевалық келісім бойынша анықталған және 17- параллельден өтетін Вьетнамның екі бөлігі арасында өтетін әскери демаркациялық шеп «уақытша сипатқа ие және саяси, территориялық шекара болып табылмайтыны» келісімде анықталды. Вьетнамның бірігуі «әр қадам сайын, бейбіт тәсілдермен Солтүстік және Оңтүстік Вьетнам арасында келіссөз жүргізу арқылы» шетелдік араласусыз жүзеге асыру жоспарланды. АҚШ өз мойнына Оңтүстік және Солтүстік Вьетнамға соғыс салдарын жоюға алды. Келісімге қатысушылар сондай-ақ 1954 жылы Камбоджа бойынша және 1962 жылғы Лаос бойынша Женевалық келісімдердің орындалуын және бұл елдердің ішкі мәселелері өз күштерімен, шетелдіктердің араласуынсыз шешілуі керек екендігі анықталды.

Тақырып бойынша бақылау сұрақтары:

1. КОКП XX съезінің КСРО тарихында алатын орны қандай?
2. Н.С.Хрущевтің қызметтен кетуінің себептері неде?
3. Л.И.Брежневтің КОКП Орталық Комитетінің бірінші хатшысы болған кезінде КОКП қызметіндегі теріс үрдістердің белең алуы неден көрінді?
4. КОКП Орталық Комитетінің 1985 жылғы науырыз пленумының тарихи маңызы неде?
5. М.С.Горбачевтің жариялаған «Қайта құру» және «жариялылық» саясатының мазмұны неде болды? жариялануы.
6. XX ғ. 80-ші жылдары КСРО-дағы туындаған экономикалық және әлеуметтік дағдарыстың себептері неде болды?
7. КСРО-ғы «Демократия көп болсын - социализм көп болсын!» деген ұранмен нарықтық қатынастар орнату әрекеттерінің нәтижелері қандай болды?
8. XX ғ. 80-ші жылдары КСРО-дағы ұлт мәселесінің шиеленісуінің себептері қандай жағдайларға байланысты болды?
9. «Егемендік парады» деген не?
10. 1991 жылғы 17 науырыздағы референдумның нәтижелері нені көрсетті?
11. Новоогарево процесінің мәні неде?
12. КСРО-ның ыдырауының негізгі себептері қандай?
13. КСРО-ның ыдырауының геосаяси арттары қандай?
14. Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығы (ТМД) қашан құрылды және оның құрылымы қандай?
15. Достастық елдерінің даму ерекшеліктері қандай?
16. Екінші дүниежүзілік соғыстан кейінгі КСРО-ның дүниежүзілік тарихта алған орны қандай болды және ол қандай себептерге байланысты болды?

17. АҚШ-тың ұстанған «күш көрсету позициясының» мазмұны неде?
18. «Бостандық аралы» деп қай елді және оны неге солай атайды?
19. КСРО жариялаған «бейбіт қатар өмір сүру» саясатының мәні неде?
20. Американдық «Сейфгард» бағдарламасы нені жариялады?
21. АҚШ-та «уотергейттік жанжал» қандай оқиғаларға қатысты туындады?
22. Американдық «қырандар» деп кімді атайды?
23. АҚШ-тың «гуамдық доктринасы» қашан жарияланды және оның мәні неде?